

**Г.Қ. Абдуллина**

**БОЛАШАҚ ПСИХОЛОГТЫҢ  
КӘСІБИ ҚҰЗЫРЛЫҒЫ  
(оқу әдістемелік құрал)**

**Семей  
2015**

Пікір жазғандар:

Әубәкірова Р.Ж. – Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті психология кафедрасының меңгерушісі, доцент, педагогика ғылымдарының кандидаты.

Айманов Ғ.Ы. – Семей мемлекеттік педагогикалық институтының доценті, психология ғылымдарының кандидаты.

Абдуллина Гүлнар Қабдышеитқызы. Болашақ психологтың кәсіби құзырлығы: оқулық құрал – Семей, 2015 – 78 бет

Оқулық құрал болашақ мамандарды кәсіби іс-әрекет нысаны жөнінде әдістемелік білімдермен қаруландырады. Кәсіби мамандыққа қажетті қасиеттерді қалыптастыруға көмектеседі.

## АЛҒЫ СӨЗ

Қазіргі жаһандану кезеңінде білім беру жүйесі ғана емес, Қазақстан қоғамының бүкіл әлеуметтік- қоғамдық құрылымы психологиялық тұрғыдан қамтылуға зәру. «Білім игеру процесінің басты тұлғасы үйренуші» деген ұстаным бүгінгі күні «білім» ұғымының жаңа мағынасы мен түсінігін құрайды. Бұл қағида – жаңашыл таным философиясы мен оның идеяларын ұстанатын біліми технологиялардың басты идеясы, өйткені ол Болонья процесінің негізгі қағидаларына сәйкес келеді. Қазақстанда білімді 2011- 2020 жылдарда дамытудың мемлекеттік бағдарламасының барлық дерлік мақсаттары Болонья келісімінің ортақ жоғары білім саласын құру, ұлттық жүйелерді жақындастыру және өзара мойындау идеяларымен сарындас және үндес. Осы бағытта болашақ психолог- мамандардың кәсіптік білімін, іскерлік дағдыларын жетілдіру мақсатында маманның моделі қалыптасады. Психолог-маман моделінің өзі болашақ маманды даярлау, оқу іс-әрекетінің моделі және маманның жеке тұлғасын қалыптастыру моделдерінен тұрады.

Психолог мамандық ретінде ХХ ғасырда қалыптасып жеке статуска ие болды. Психолог - психологиялық білімі бар, психикалық құбылыстарға баға бере алатын және оларды бағалай алатын тәсілдерге ие маман. Психолог-маманның моделін тұрғызуда айқындалған принциптерге сәйкес, студенттердің негізгі оқу-кәсіби міндеті, болашақ кәсіби іс- әрекетте кездесетін міндеттерді шешуге бағытталған іскерліктердің құрамына кіретін білімдерінің пайдалана білуі. Білімді де білікті, жан-жақты, парасатты да қабілетті маманға қоғам қашан да зәру. Бұл мәселе отандық психологиялық-педагогикалық ғылым саласының ең негізгісі. Әсіресе, қазіргі білім беру үрдісін гуманизациялауда психолог мамандар барлық салаларда өте қажет.

Жоғарғы оқу орындарын бітірген психолог мамандардың кәсіптік міндеттерін орындауда біліктілігінің, бейімділігінің толымсыз жақтары жиі ұшырасып жатады. Сондықтан, жас маманның заман талабына сай білімділік пен біліктілік, кәсіптік шеберлік және шығармашылықпен ойлау қасиеттерін, терең теориялық білімін, жоғарғы деңгейлі шығармашылығын, кәсіби мәдениетін қалыптастыру осы құралда қарастырылады. Жоғарғы оқу орындарынадағы психология мамандығы бөлімдерінде жүргізілетін “психология мамандығына кіріспе”, “мамандандыру практикумы”, “практикалық психология” пәндеріне көмекші құрал бола алады.

*Оқу құралының өзектілігі:* Болашақ психологтардың кәсіби компетенттілігі ұғымы - әлеуметтік-әрекеттік тұрғыда әлеуметтік ережелер мен стандарттарда мамандық функцияларын, кәсіптік міндеттері мен құқығын орындау-атқару ретінде белгіленеді. Бірақ стандарттар өзгеріп отырады. Қазіргі әлеуметтік – білім беру жағдайларының ерекшеліктері педагог-психолог мамандарға жаңа талаптар қоюында. Бүгінгі таңда білім беруді жетілдірудің негізінде компетенттік тәсілді алу ұсынылып жүр.

Жоғары оқу орындарында болашақ психолог мамандардың теориялық әзірлік деңгейін жетілдіру бойынша жүргізілетін оқу-әдістемелік процестер болашақ мамандардың оқу еңбегін ұтымды ұйымдастырудың теориялық

нәтижелілігін қалыптастырады. Сондай-ақ кәсіби іс-әрекет нысаны жөнінде әдістемелік білімдермен қаруландырады. Алдыңғы озық білім технологиясын меңгерген болашақ мамандардың білім деңгейі кәсіптік біліктілік пен шеберліктегі жетістіктерге тікелей әсер ететінін практикада көруге болады. Сондықтан жоғарғы оқу орындарының негізгі мақсаттары болашақ мамандардың іс-әрекетте, ғылыми-зерттеу жұмыстарында белсенділігін қалыптастыру.

*Мақсаты:* Болашақ маманның адами тұлғасын, интеллектуалдық қабілетін дамыту, өзін-өзі дамытып, өзін-өзі жетілдіріп отыруға даяр тұратын маманды дайындап шығару.

*Міндеттері:* Болашақ психолог мамандығына кәсіби компетенттілігін қалыптастырудың әдістері мен тәсілдерін ашу, білім беру мен қатар өздігінен жұмыс істеуге үйрету. Білім беру арқылы жеке қызығушылығына және әлеуметтік сұранысына жауап беретін мамандыққа қажетті кәсіптік қасиеттерін қалыптастыру.

Оқу құралы болашақ психолог маманның кәсіби қолайсыздықтарын болдырмау үшін психологиялық қызметтің негізін атқаруға және тікелей жұмыс істеуге қажетті компетенттілікке дайындайды:

- *тәрбиелік* – студенттерді тәрбиелеу мақсатымен және психологияны оқыту принциптерін орындаумен байланысты;
- *дамытушы* – оқытушының басқаруымен студенттердің танымдық мүмкіншіліктерінің дамуы, оқу материалының меңгерілеуі үш деңгейде жүргізілуі;
- *конструктивті* – оқытушының педагогикалық әрекетін жоспарлау (тақырыптық және жеке сабақ жоспарын құрастыру т.б.);
- *ақпараттық* – болашақ психологты түрлі әдістер мен құралдар арқылы оқытуға үйрету;
- *зерттеу* – студенттерді психология пәнін, әртүрлі салаларын, басқада оқу құралдарын, теориялық ғылыми көзқарасты талдауға үйрету.

Оқу құралы болашақ мамандарды оқытудың теориялық негіздерін жүзеге асыру жолдарымен қаруландыру әрі мамандық бойынша тәжірибе жинақтау мақсатында іргетас болып қаланады.

## Болашақ маманның кәсіби компетенттілігін қалыптастырудың теориялық негізі

Қазақстан Республикасындағы орта және кәсіби білім берудің мазмұнының негізгі мақсаты білім, білік, дағдымен қаруландыру ғана емес, солардың негізінде дербес, өзгермелі қоғамда өз бетінше өмір сүріп, жұмыс жасай алатын, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі іздеп тауып, ұтымды пайдалана алатын, жан- жақты дамыған білімді, өз ісіне және өзгенің ісіне әділ баға бере алатын жеке тұлғаны қалыптастыру болып отыр. Қазақстан Республикасындағы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамытудың негізгі міндеті білімдік шоғырланудан нәтижеге бағытталған *құзыреттілік* тұрғыға көшу деп көрсетілген [1].

Әлемдік өркениетте экономикалық жағдайға сәйкес білімділік мақсаттарды стандарттау, білім берудің бағыты тұлғаның құзыретін жалпы дамыту және жеке жағдайға негізгі құзыреттілігін қалыптастырудың қажеттілігі айқындалып отыр.

Еліміздегі білім беру жүйесін дамытудың басты міндеттерінің бірі білім берудің мазмұнын жетілдіру болып табылады. Білім берудің мазмұны студенттерге тек белгілі бір білім, іскерлік, дағдылар жиынтығын меңгертіп қана қоймай, студент тұлғасын дамытуға, өмірлік мәселелерді өз бетімен және тиімді шешуге, тұлғаның өзін-өзі анықтауына, әлеуметтенуіне және өзін-өзі жүзеге асыруына мүмкіндік беретін әмбебап білім, тәжірибе және қабілеттіліктердің жиынтығын меңгеруге бағытталған. Білімге бағытталған оқудан құзыретті тұлғалық-бағдарлы білім беруге көшу, білім берудің мазмұнында экономикалық, саяси, құқықтық, дене, қарым- қатынастар, салауатты өмір салтын ұстану, өмір қауіпсіздігін сақтау мәдениетінің көрініс табуын белгілейді.

Демек, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жағдайында өздігінше, еркін ойлау қабілеті бар, тәрбие, білім беру үрдісін үлгілей алатын, тәрбие және білім берудің жаңа технологиялары мен жаңа идеяларын өздігінше іске асыратын болашақ психологтың кәсіби құзыреттілігінің деңгейін арттыру қазіргі кездегі өзекті мәселе болып отыр. Себебі, *біріншіден*, кәсіби құзыретті маман-психолог өзінің жұмыс орнында тұлғаның шығармашылық жағынан қалыптасуына әсер етеді, *екіншіден*, өзінің кәсіби қызметінде жақсы нәтижелерге жете алады, *үшіншіден*, кәсіби мүмкіндіктердің іске асуына ықпал жасайды. Жоғары дәрежелі кәсіби құзыреттілік болашақ маманның бәскеге қабілеттілігін арттырады.

Әлемдік өркениетте экономикалық жағдайға сәйкес білімділік мақсаттарды стандарттау, білім берудің бағыты тұлғаның құзыретін жалпы дамыту және жеке жағдайға негізгі құзыреттілігін қалыптастырудың қажеттілігі айқындалып отыр. Елімізде білім беру үрдісінің ұлттық талап-тілектерге сай тарихи тұрғыдан жаңару басталғалы бері жоғарғы оқу орындарында психологтар даярлауға баса көңіл аударуда. Жоғары мектептің алдындағы қазіргі негізгі міндет – болашақ мамандардың кәсіптік деңгейін көтеру екені белгілі.

Қазіргі жаһандану кезеңінде білім беру жүйесі ғана емес, Қазақстан қоғамының бүкіл әлеуметтік- қоғамдық құрылымы психологиялық тұрғыдан қамтылуға зәру. Осы бағытта болашақ психолог-мамандардың кәсіптік білімін, іскерлік дағдыларын жетілдіру мақсатында маманның моделі тұрғызылады. Психолог- маман моделінің өзі болашақ маманды даярлау, оқу іс-әрекетінің моделі және маманның жеке тұлғасын қалыптастыру моделдерінен тұрады. Психолог-маманның моделін тұрғызуда айқындалған принциптерге сәйкес, студенттердің негізгі оқу-кәсіби міндеті, болашақ кәсіби іс- әрекетте кездесетін міндеттерді шешуге бағытталған іскерліктердің құрамына кіретін білімдерін пайдалана білуі.

Қазіргі кездегі жоғарғы оқу орнындарында негізінен, болашақ маманды даярлаудың оқу-танымдық әрекеттеріне көбірек көңіл бөлінеді. Оқу-танымдық әрекетті қалыптастырудың негізгі мақсаты, сол игерілген білімдерді мамандардың болашақта туындайтын практикалық мәселелерді шешуге пайдалана білгенде ғана кәсіби біліктілік деңгейі артатын болады. Оның ішінде, студент өзін қалыптасушы және дамушы маман ретінде сезініп, өзі жинақтаған білімін, іскерлік дағдыларын өзін-өзі ары қарай біліктілігін жетілдіре түсетіндей психологиялық механизмдерін ашып көрсетіп білімін көтеру өзекті мәселе болып саналады.

Демек, жоғары оқу орнында білім берудің мазмұны мен технологиясы, студенттің кәсіби міндеттерді шешуінде өзінің ішкі резервтерін, жеке тұлғалық потенциалын барынша іске асыруға даярлығының деңгейіне бағытталса, сонда ғана, студенттің кәсіби- жеке тұлғалық жаңа құрылымдары дамып, кәсіби біліктілігін қалыптастыруға жетелейді.

Білім беру теориясында педагогикалық, психологиялық әдебиеттерде болашақ мамандарға қойылатын талаптар «кәсіптік сипаттама», «жеке бастың профессиограммасы», «кәсіптік даярлық», «кәсіптік компетенттілік» немесе «кәсіптік құзырлық» сияқты ұғымдардың жиынтығымен аталады. Осылардың барлығы педагогикалық категория ретінде мазмұндылық ерекшеліктермен әртүрлі қолданылуға ие.

Болашақ маманның шығармашылық әрекетке даярлығының қажетті дәрежесі ЖОО-дағы әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың барлық циклдары бойынша теориялық дайындықтарының жоғары деңгейінде ғана мүмкін, оның ішінде психологиялық-педагогикалық тың және әлеуметтік-гуманитарлық білімдерді қолданудың педагогикалық технологиясын игеру:

- түрлі педагогикалық құбылыстарды және олардың оқу-тәрбиелеу жұмыстарының негізгі нәтижелерін қалыптастыру рөлін зерттеу;
- тұтас педагогикалық процесті оның қатысушыларының іс-әрекетін ЖОО-ң шынайы жағдайында ұйымдастырудан ғылыми педагогикалық пәндерінің құрылымынан құрастыру;
- құрастырылған педагогикалық процесті оқу орнының нақтылы жағдайында іске асыру.

Кәсіптік шығармашылық – бұл маманның ішкі мағыналық күштері негізіндегі, кәсіби-тұлғалық пен іскерлікті модельдеумен (жобасын жасау) қазіргі қоғамдық-педагогикалық мұқтаждықты қанағаттандыратын және

студенттің шығармашылық тұлғасын қалыптастыру тиімділігін көтеретін жаңа кәсіптік шынайылықты жасау қабілеті.

Қай салада болмасын, кәсіби маман білім алуға құштар. Білім беруді жетілдірудің негізінде компетенттілік тәсілді алу ұсынылуда. Қазіргі кезде психология-педагогика саласында «компетенттілік» ұғымының жалпы қабылданған түсіндірмесі әлі қалыптаспаған. Ғылыми еңбектерде «компетенттілік» пен «компетенция» ұғымдарына түрліше мағына беріліп жүр. Шетелдік түсіндірме сөздіктерде «компетенттілік» ұғымы компетенцияны меңгеруші ретінде қарастырылады.

«Компетенттілік немесе құзырлық» сөзі «competence» (латынша) – сәйкес, жарамды, «competence» (ағылшынша) – қабілет, компетенция, «competent» (французша) – құзыретті, құқықты, сай болу, қабілетті болу деген мағынаны берсе, орыс тілі сөздіктерінде «компетенция» - «белгілі бір сұрақтарды, мәселелерді біреудің жетік болуы» деген мағынаны бейнелесе, қазақша сөздіктерде біреуге тиесілі істер, сұрақтар шеңберінде белгілі бір адамның не мекеме өкілдігінің құқықты болуын білдіреді.

В. Шепель компетенттілік ұғымына білім, біліктілік, тәжірибе, білімді пайдалануға теориялық-тәжірибелік дайындық ретінде анықтама береді. В.Ланшер, В. Симонов, М. Чошановтардың түсіндірмесі бұл анықтамаға қайшы келмейді. Дегенмен В. Симонов әлеуметтік даярлық туралы айтса, М.Чошанов көбінесе компетенттіліктің мазмұндық (білім) және процессуалдық (білік) құраушыларына тоқталады. Ал В. Ландшеер компетенттілікті тереңдетілген білім деп түсінеді.

В.Даль "компетенттілік" ұғымы тек әділет саласына тән деп санайды, оның пайымдауынша, компетенттілік дегеніміз "заңға сәйкес", "толық құқылы" деген мағынаны білдіреді. Компетенттілік пен компетенцияны ол біртұтас ұғым деп есептейді. В.Безруков компетенттілікті "кәсіби түрде сауатты талдау жасай алу, бағалай алу, белгілі бір ойын айта алу біліктілігінің қалыптасуы" деп түсіндіреді. Э.Зеер мен О.Шахматова компетенттілікті кәсіби білім мен біліктің жиынтығы, сонымен қатар кәсіби іс-әрекетті орындай алу әдіс-тәсілдері деп санайды.

«Құзыреттілік» термині әдетте белгілі бір әлеуметтік- кәсіби статус иесіне байланысты қолданады және оның сол істі атқарудағы түсінігі, білімі, білігінің орындалуға тиіс мәселенің нақты өз деңгейінде шешілуімен сәйкестілігі арқылы сипатталады. Дж. Равеннің тұжырымдамасы негізінде болашақ мамандығы кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың ішкі және сыртқы шарттарын жасау, кәсіби маман тұлғасын тәрбиелеу мәселелерін қарастырады. Құзыреттіліктің жетекші компоненттерін анықтай отырып, ол адамның алдына қойған мақсатын орындауға көмектесетін қырыққа жуық сипаты мен икемділігін атайды [3].

Болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру барысында тек жалпы педагогикалық, психологиялық, әдіснамалық және осы үрдісті ұйымдастырушылық қырларын ғана игертіп қоймай, сонымен қатар мәні мен мағынасы тұрғысынан осы мамандарымызға мемлекетіміздің өсіп келе жатқан ұрпақтардың бойында мінез- құлқы мен дүниетанымын қалыптастыратын

және барлық білім негізін қамтитындай ерекшеліктерді қалыптастыруды ескерген жөн.

Қазіргі кездегі білім берудің мақсаттарының жиынтығы негізгі құзыреттіліктерді дамытуды көздейді. Оның негіздерінде көп мәдениетті қоғамда өмір сүруге қабілеттілік, білімді тәжірибені қажеттіліктермен байланыстыру іскерлігі, өмірлік жағдаятты бара- бара бағалау алу және мәселені шешу жолдарын табу және т.б.

Бүгінгі қазақстандық білім беру сипатындағы айрықша өзгерістер оны «адамның еркін дамуына» оның жоғары мәдениетін, шығармашылық белсенділігін, бәсекеге қабілеттілігін, бейімделгіштігін дамытуға баға береді. Бұл бағыт өз алдына студент тұлғасын қалыптастыруда жаңа тұрғыдан келуді қажет етеді.

Ғалымдар жоғары оқу орнын бітірушілердің құзыреттіліктерінің құрылысын *жалпы кәсіби құзыреттілік және арнайы кәсіби құзыреттілік* деп бөліп саралайды. *Жалпы кәсіби құзыреттілік* студенттің жалпы кәсіптік білімі, дағдысы, қабілеті мен мамандығының дайындығы арқылы анықталады. Сонымен бірге құзыреттіліктің бұл түріне студенттің ғылыми-зерттеушілік, басқарушы-ұйымдастырушылық қабілеттері мен кәсіби және педагогикалық қызметі жатады. *Арнайы кәсіби құзыреттілік* бітірушінің белгілі бір мамандық бойынша кәсіби қызметті атқарудағы дайындығы мен оған ұмтылуы арқылы айқындалады. Олардың мазмұны мемлекеттік классификациялармен анықталады. Е.А.Климов мамандық бойынша байланысты былайша жіктейді: адам – адам; адам – белгілер жүйесі; адам – көркем бейне; адам – техника; адам – табиғат. Ал кәсіби құзыреттілікті коммуникативтік, ақпараттық, регулятивтік және интеллектуалды-педагогикалық құзыреттілік ретінде қарастырады.

*Педагогтың коммуникативтік құзыреттілігі* – кәсіби интегративтік қасиет, оның негізгі бөліктеріне эмоционалдық тұрақтылық (икемділікпен байланысты); экстраверсия (тағайындалған деңгейі мен эффективті жетекшілікті көрсетеді); тікелей және қайтарымды байланысты ұштастыру мүмкіншілігі; тілдік білімі; тыңдай білу қабілеті; марапаттай білуі; сыпайылылық; жалпы қабілеті жатады.

*Коммуникативтік құзыреттілік* – біріншіден, жеке тұлғаның дамуы мен өзіндік дамуы процесіндегі мұғалімнің жеке тұлғалық қасиеті; екіншіден, ұстаздың педагогикалық қарым-қатынастық мақсаты, түйіні, құрылымы, құралы, ерекшелігі туралы хабардарлығының көрсеткіші; қажетті технологиялық деңгейін меңгеруі; маманның жеке психологиялық сапасы; коммуникативтік іс-әрекетін әрдайым жетілдіріп тұруға тырысуы; негізгі құндылық ретінде жеке адамның тұлғасына бейімделе білу, “бағдар ету”, сонымен қатар педагогикалық қарым-қатынас кезінде туындайтын міндеттерге шығармашылық, қапысыз шешім таба білу қабілеті.

*Ақпараттық құзыреттілік* өзі туралы оқушылар мен олардың ата-аналарының, басқа ұстаздардың жұмыс тәжірибесі жөнінде ақпаратты білу мөлшерін қамтиды.



*Регулятивтік құзыреттілік* оқытушының өз іс-әрекетін басқара білу мүмкіншілігін білдіреді. Оған мақсаттылық, жоспарлау, тұрақты белсенділік пен өзін көрсете білуі, рефлексия, іс-әрекетінің бағасы енеді. Іс-әрекеттің негізгі факторы – ізгілік, құндылық болып табылады.

*Интеллектуалды-педагогикалық құзыреттілікті* талдау, синтез, салыстыру, қорытындылау, нақтылау сияқты қарастыра білудің кешені, аналогия, қиял, ойлау қабілетінің икемділігі мен сындылығы ретіндегі зерденің қасиеті түрінде қарастыруға болады.

Болашақ маман дайындау мәселесі оның тұлғалық сапалары мен қасиеттерін қалыптастырудың маңызын көрсетеді. Тұлғалық-бағдарлық бағытта білім беру нәтижесі білім, біліктілік және дағды жүйесінде, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесіне және эмоционалды көңіл-күйді көрсете білуге, ерікті қарым-қатынасқа педагогикалық бейімделген тұлғаны қалыптастыру ретінде түсіндіріледі.

Сондықтан маманның кәсіби құзыреттілігінің арнайы, әлеуметтік және тұлғалық түрлеріне ерекше мән беріледі. Арнайы - өзінің мамандығына сәйкес білімі, біліктілігі, дағдысы, жаңа білім мен білікті өз бетімен меңгеру, өз еңбегінің нәтижесін бағалау, біліктілігінің болуы. Әлеуметтік – тіл туралы білімінің, коммуникативті мәдениетінің, басқамен ынтымақтастыққа қабілеттілігінің, өзінің іс-әрекетінің нәтижесіне, қоршаған ортаға дайындығының болуы. Тұлғалық - өзін-өзі тану бойынша біліктілік, дағдысын жетілдіруге кәсіби іс-әрекет тұлғаның дамуына дайындығының болуы. Бұл үшін, біріншіден, ақпараттық қоғамда кез келген маманның іс-әрекеті күшейтіледі, екіншіден, білім парадигмасының өзгеруі кәсіби білім, біліктілік пен дағдыға маманның дайындығын қалыптастырудың, ойлаудың әдіснамасын дамытудың қажеттілігін көрсетеді, үшіншіден, ізгілікті және әлемдік интегративті үрдістер тенденциясы алдымен көпмәдениетті тұлғаны қалыптастырудың қажеттілігін айқындайды [4].

Құзыреттілік туралы әр кезеңде әртүрлі авторлар еңбектерінде, ғылыми әдебиеттерде түрлі пікірлер кездеседі. Соларға сүйене отырып, мұның өз адамдардың, оның ішінде маманның белгілі бір міндетті атқаруда икемділік пен біліктілікті меңгеру жолындағы психологиялық жағдай және білімділік, жеке тұлғаның жалпы мәдениетінің деңгейі, психологиялық іс-әрекеттегі теориялық және практикалық дайындығы мен тәжірибесінің тоғысуы, сол сияқты маман иесіне қажетті көптеген сапалардың болуы деп тұжырым жасауға болады.

Психологтар А.Журавлев, Н.Талызина, Р.Шакуров, А.Щербаков және т.б. "компетенттілік" ұғымына білім, біліктілік, дағдыны кіргізеді. Ал психологиялық сөздіктерде "компетенттілік жеке тұлғаның қоршаған ортадағы адамдармен тиімді қарым-қатынас жасай алу қабілеті" деген түсінік берілген. *"Компетенция — оқудың және өздігінен білім алудың нәтижесінде қалыптасатын және адамның әлеуметтік мобильділігін анықтайтын, білім мен тәжірибеге, құндылықтар мен бейімділіктерге негізделген жалпы қабілеттіліктер"*.

Сонымен, «құзырет», «құзыреттілік» ұғымдарының мәнін ашып көрсетейік:

- 1) «Құзырет» ұғымы білім саласына емес, іскерлік саласына жатады. Құзырет – бұл оқу барысында жинақталған білімге, тәжірибеге, құндылықтарға, бейімділіктерге негізделген жалпы қабілет. Құзырет білімге де, дағдыға да жатпайды. Бұл жеке құзырет пен іскерлік, ал құзырет іскерлікті, іс- әрекетті бақылаудан алынатын сипаттама. Осылайша, іскерлік – бұл іс- әрекеттегі құзыреттілік. Құзырет – бұл іс- әрекетті тудыратын нәрсе.
- 2) Құзырет саналы іс- әрекет барысында қалыптасады.
- 3) Құзыретті меңгеру студенттің белсенділігіне тәуелді. Жұмыс жасауды үйрену үшін жұмыс жасау керек, қарым- қатынасты үйрену үшін қарым- қатынас жөніндегі ғылыми баяндамаларды тыңдаудың пайдасы жоқ. Ағылшын не орыс тілінде сөйлемейінше оларды меңгеру мүмкін емес. Тек тәжірибе жүзінде ғана компьютерде жұмыс жасауды үйренуге болады. Осылайша, құзыретті меңгеру үшін студент өзінің саналы іс- әрекетінің субъектісіне айналуы тиіс.
- 4) *Құзырет* контекстуалдық сипатқа ие. Құзыреттің белгілі бір жағдайлардың әсері зор. Құзыретке ие болу дегеніміз сол жағдайларға өзінің бір білімін қолдана алмайтындығын күнделікті өмірде кездестіруге болады. Осылайша, құзыретті дамыту және қалыптастыру үшін олар көрінетіндей нақты жағдайлар тудыруы қажет.
- 5) *Құзырет* бастапқы деңгейіне сүйене отырып, дамытылады, байытылады, кеңейтіледі және бекітіледі.
- 6) «*Құзыреттілік*» ұғымы субъектінің іс- әрекеттің мақсаты мен оны жүзеге асырудың құралын саналы түрде ұғынуымен байланыстырады. Құзыреттілік – бұл жағдайға сәйкес құзыреттерді (іскерлік пен дағды) пайдалану үшін таңдау. Негізгі құзыреттіліктер жөнінде айтылған жаңа жағдайларды меңгеруге «есікті» ашатын құралдар, «кілттер» деп түсіндіруге болады. Негізгі құзыреттілік – бұл, анықтаушы құзыреттілік, себебі жүзеге асыру жағдайларына сәйкес келеді, олар шектелмеген, ерекше емес, бірақ белгілі бір дәрежеде әмбебап болып келеді.

*Құзырет* – құбылысы яғни студенттің жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсаттарындағы табысты іс- әрекеттеріне қажетті білім дайындығына әлеуметтік сұранысы. Құзыреттілік – сәйкес құзыретке ие болу негізінде іс-әрекетті жүзеге асыру қабілетінде байқалатынын тұлғалық байланысан қасиеттерінің жиынтығы деген тұжырым жасауға болады. Аталған құзыреттіліктерді болашақ мамандардың бойында дарыту үшін бүгінгі күннің маңызды мәселесі болып отыр. Өйткені жеке тұлға тәрбиелеуде студенттердің алған білімдерін өмірде қолдана алуы ғана нәтиже берері анық.

Ал құзырлылық білім игеру процесін алдын- ала жоспарлаудан нәтижені айқындауға қарай ойластырады, негізгі әрекет тұлғасы оқытушы деп есептелетін «оқытудан» басты қозғаушы күш студент болатын «оқуға» ауыстырады, салмақты «білім беруден» «білім алуға» түсіреді. Құзырлылық бүкіл білім жүйесін өз білімінің ауқымын, оны игерудің әдістері мен тәсілдерін өзіндік тұрғыдан айқындайтын, қоғам алдында өз біліміне деген жауапкершілікті терең түсінетін студентке бағытталуды талап етеді. Оның мазмұны мен ауқымы үйренушінің тікелей қатысуымен айқындалуы қажет: егер біліктілікте оқу бағдарламасы «студент үшін» форматында құрастырылатын болса, құзырлылықты «студентпен бірге» үрдісі ұстанылады. Құзырлылық идеясы бойынша студент білімнің мазмұнын, өздігімен құрастырып, білімді өздігінен игеруі тиіс.

Қазіргі қоғамдық өзгерістердің қарқындылығы, болжауға келмейтін өзгергіштігі жаңа сипаттағы мамандарды қажет етіп отыр. Ондай мамандар дәйім өзгеріп отыратын әлеуметтік- экоілугномикалық үрдістерді талдай және болжай білуге, нарықтық бәсеке жағдайына сай таңдау жасап және шешімдер қабылдап, оларды жүзеге асыра білуге, өндіріс пен жеке адам арасындағы ықпалдастықтың ізгілікке бағытын стереотиптендіруден арылта білуге тиіс. Осы жағдайларға байланысты жоғарғы оқу орнының ең маңызды мінедеті кәсіби жағынан құзыретті маман даярлау болып табылады.

Жоғары білімді «маманның» кәсіби құзыреттілігі сол маманның жеке тұлға ретінде қасиеттерінің және ішкі психикалық жағдайларының күрделі жүйесі, оның кәсіби қызметі мен қабілетін іске асыруға дайындығына, былайша айтқанда, іскерлігі мен мүмкіндігіне сай жұмыс істеу қажеттілігінен келіп шығады.

*Құзыреттіліктің сипаты қандай?* Кейбір сөздіктерде құзыреттілікке белгілі бір зат, құбылыс жөнінде пайымдауға, салмақты да беделді пікір айтуға мүмкіндік беретін білімді игеру ретінде түсіндірме берілген. Дж.Равеннің анықтауы бойынша, «құзыреттілік» бұл арнайы қабілеттілікті білдіреді, яғни үйренушіде белгілі бір пән бойынша білім, пәндік дағдылар мен ерекше ойлау қабілеттерінің болуы және оның өз іс- әрекетіне деген жауапкершілігі.

Н.С.Розов құзыреттіліктің екі жағы болатынын анықтайды: бірінші жақты танымдық және практикалық жаңалық енгізуді ассимиляциялау мүмкіндігінің екінші жақты – білім беру жүйелернің әр түрі, тип, профилі сатыларына қойылатын білім талаптарын анықтау мүмкіндігімен байланыстырады.

Сонымен құзыреттілік дербес тұрғыдан және жауапкершілікпен әрекет жасау, белгілі бір жұмысты орындауға қабілеттілік пен икемділікті меңгеруге жол ашатын психологиялық ахуал, психологиялық сапаның қосылымы ретінде белгіленіп жүр. Құзыретті болу мен құзыретсіз болудың себебі бірдей. Ол адамның жеке тұлға ретіндегі ахуал, эмоциялық тұрақтылығы мен айнымалылығы, денсаулықтың жақсы- жамандығы т.б. осылардың болу- болмау себептерін анықтау үшін құзыреттілікті саралап, кәсіби психологтың қатысуының маңызы зор [6].

<b>Тұрақты кәсіби мотивация</b>	<b>Кәсіби айнаымалы мотивация</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>- Өз кәсібіне адалдығын сақтауға тырысу;</li> <li>- Мендік тұжырымның жағымдылығы, өзіндік бағамдылық;</li> <li>- Басқаға көше алу қабілеті, әмбебаптық;</li> <li>- Шығармашылық бағдар, жаңа үшін ескіден бас тарта білу;</li> <li>- Саналы түрде рухани баюды, көздеу, кәсіп арқылы өзін-өзі дамыту;</li> <li>- Кәсіп арқылы шығармашылықты байыту;</li> <li>- Жағымды эмоциялық күйдің басымдылығы;</li> <li>- Кәсіби еңбектегі даралық;</li> <li>- Кәсіби еңбекке қанағаттану;</li> <li>- Кәсіби өзіндік сана тұтасындағы өз кәсібінің профессиограммасын білу;</li> <li>- Кәсіптік тұрғыдан өзін-өзі тану;</li> <li>- Мақсатты ойлау мен бөгеттерге қарсы тұра білу, әрекет етудің тұрақтылығы;</li> <li>- Өзіне-өзі жоба жасау;</li> <li>- Кәсіби жағынан машықтану.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Кәсіби мінез-құлық себептерінің болмауы;</li> <li>- Консервативті бағдар, жаңалық енгізуге қарсылық;</li> <li>- Ебедейсіздік, өзгеруге деген әділетсіздік;</li> <li>- Ойлану әдістерінің шығармашылық әдістерден басым болуы;</li> <li>- Құзыреттіліктің белгілі бір деңгейге жетіп тоқтауы, кәсіби тұрғыдан өсудің тоқтауы;</li> <li>- Жағымсыз эмоциялық күйдің басым болуы;</li> <li>- Қанағаттанбау мен өзін толық бағалы санауы;</li> <li>- Тұтаса келіп тұрақтанған кәсіби «меннің» болмауы;</li> <li>- Кәсіби өсудің кездейсоқ әсерге тәуелділігі;</li> <li>- Кәсіби жағынан машықтану үйренудің аздығы, кәсіби тұйықтылық;</li> <li>- Кәсіби қызметтің мотивациялық қимылдың үйлеспеуі</li> </ul>

Құзыреттіліктің бар-жоғын адам еңбегінің нәтижесімен қарап, пайымдау қажет. Кез келген қызметкер өз әрекетімен кәсіби іс-әрекеттің түпкі нәтижесіне сай талаптарға жауап беретін жұмыстарды орындаса ғана кәсіби құзыреті саналады. Жеткен нәтиже емес, белгілі бір жетістікке жету үшін тырысуды құзыреттілікке телуге болмайды.

*Кәсіби құзыреттіліктің түрлерін келесідей ажыратуға болады:*

- *Арнайы құзыреттілік* – өзінің кәсіби іс-әрекетін жеткілікті дәрежеде меңгеру, өзінің кәсіби қалыптасуын жобалай білу;
- *Әлеуметтік құзыреттілік* – бірлесе, кәсіби іс-әрекетті атқаруды, ынтымақтасуды, сондай-ақ, осы кәсіпке қарасты қатысымды меңгеру, өзінің кәсіби еңбегінің нәтижелері үшін әлеуметтік жауапкершілік;
- *Жеке тұлға құзыреттілігі* – өзін көрсете білу мен қалыптастыру амалдардың, жеке тұлғасының кәсіби қарсы тұру құрамдарын игеру;

- *Дара құзыреттілік* - өзінің қабілеттілігін асыру және кәсіп аясында өз даралығын қалыптастыруға қабілеттілік, кәсіби тұрғыда қартаюға бой бермеу.

Болонья процесінің аумағында 2000-шы жылы құрылған TUNING («Еуропада білім құрылымдарын сәйкестендіруге бағыттау») жобасы «құзырлылық» ұғымына келесі өлшемдерді жатқызады:

- «білім және түсінік» (қандай да болмасын ғылым саласындағы теориялық білім, білу және түсіну);
- «қалайша әрекет жасау керектігін білу» білімі (әлеуметтік контексте басқа адамдармен өмір сүрудің ажырамас бөлігі болып табылатын құндылықтар).

Кәсіби құзырлылықтарды оқу процесінде келесі әрекеттер арқылы жүзеге асырады:

- Интербелсенді әдістерді қолдану;
- Жоғарғы оқу орнының «өмір стилін» өзгертіп, оны динамика мен қызыққа толы процеске айналдыру;
- Оқытушылар мен студенттердің арасындағы қарым- қатынасты ынтымақтастық пен өзара әрекеттесуге негіздеу [7].

Жалпы қазіргі түсіндірмелерде "компетенция" ұғымы екі түрлі аспектіде: компетенцияны меңгерген және белгілі бір нәрсеге пікір айта алатындай білімі бар деген мағынада қарастырылады. Ал "компетентті" ұғымының мазмұны мынадай екі аспектіде көрініс береді:

- компетенттілікті меңгерген, заңға сәйкес;
- белгілі бір саланы білетін тұлға.

Демек, компетенттілік ұғымы "білім", "біліктілік", "дағды" сияқты ұғымдарды қамтиды. Алайда бұл білім, біліктілік, дағдының жай жиынтығы емес. Компетенттілік оқу нәтижелерімен қатар, оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттері мен құндылық бағдарларының жүйесін де көрсетеді. Компетенттілік оқушының алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қандай да бір тәжірибелік және теориялық мәселелерді шешу үшін қолдана алу қабілеттілігін сипаттайды. Бұл, ең әуелі, мектепте оқыту үрдісі кезінде қалыптасады. Компетенттілік пен компетенция бірін-бірі толықтырады және бірімен-бірі байланысты. Оқытушылардың компетенттілігі оқу үрдісінің негізгі сапа көрсеткіші, оның жетістігі қойылған педагогикалық мақсатқа жету болып табылады. Компетенцияның түйінді құраушысы біліктілік болып табылады. Оқытудағы компетенттік тәсілі оқыту нәтижесі ретіндегі білім сапасын қамтамасыз етеді. Сонымен бірге ол білім мазмұнынан білім, біліктілік, дағдыға, шығармашылық іс-әрекет тәсілдері мен эмоционалдық-құндылық қатынастар тәжірибесіне негізделген түйінді компетенттіліктерді ажыратып алуды меңзейді. Оның құрылымы мынандай:

- *өзіндік танымдық іс-әрекет саласындағы базалық компетенциялар;*
- *мәдени іс-әрекеттегі компетенциялар;*
- *тұрмыстық саладағы компетенциялар;*
- *әлеуметтік-еңбек іс-әрекеттері саласындағы компетенциялар.*

Өзіндік танымдық іс-әрекет саласындағы базалық компетенцияларға: оқу, жазу, есептей алу; сөйлей алу және түрлі жиындарда өз ойын басқаларға жеткізе алу; оқу іс-әрекетінің нәтижелерін талдай алу; жоспарлай, жобалай, модельдей алу; әр түрлі ақпарат көздерінен (кітаптан, газет-журналдардан, сөздіктер мен энциклопедиялардан, теле-радио хабарлардан, интернеттен және т.б.) білім жинақтай білуді меңгеру жатады.

Жоғары білім болашақ маманға өз бетінше білім алу мен жауапкершілік, мәдениет, ғылым мен техника жетістіктерін дамыта және творчестволықпен пайдалана отырып, зерттеу мен тәжірибенің көкейкесті жетістіктеріне, максималды түрде жақындата оқыту, оқу мекемелерін бітірушілердің әлеуметтік-азаматтық пен іскерлік даярлықтарына жоғары талаптар қоюдан тұрады. Ғылымның дамуы жоғары білім беру өрісінде оқытудың мазмұнын, әдістемесін және ұйымдастыруын өзгертудегі шешуші фактор болып алға шығады.

Кәсіби даярлық мәселесі өте күрделі. Көптеген зерттеулердің нәтижесінде кәсіптік бағдардың бірнеше кезеңдерін атап өтуге болады:

- кәсіптік хабарлау;
- кәсіптік консультация;
- кәсіптік іріктеу;
- кәсіптік бейімделу.

Білім алудың негізі – оқу. Білім беру – тиісті оқу орны арқылы ғылыми мағлұмат берудің жолы. Білім беру ісі шеберлікке, дағдыға баулиды, белгілі кәсіпке, мамандыққа үйретеді. Білім философияда бүкіл танымның даму процесінде қалыптасқан адамзат мәдениетінің, рухани қазынасының жиынтығы. Білімнің үш түрі белгілі:

- тұрмыстық білім;
- ғылымға дейінгі білім;
- ғылыми-теориялық білім.

Қоғам дамуы білім динамикасы мен сапасына тәуелді. Қазіргі кезде адамзаттың бар мүмкіншілігі мен әлеуметтік дамуы, болашақ мамандардың теориялық және практикалық даярлығын жақсарту үшін жағдайлар жасау қажет. Кәсіби мамандардың біліктілік дәрежесін үнемі көтеріп отыру қазіргі заманда білім беру халықаралық қарым-қатынас жасаудың бір тәсіліне айналып отыр. «Білім игеру процесінің басты тұлғасы үйренуші» деген ұстаным бүгінгі күні «білім» ұғымының жаңа мағынасы мен түсінігін құрайды. Бұл қағида – жаңашыл таным философиясы мен оның идеяларын ұстанатым біліми технологиялардың басты идеясы, өйткені ол Больня процесінің негізгі қағидаларына сәйкес келеді. Қазақстанда білімді 2011- 2020 жылдарда дамытудың мемлекеттік бағдарламасының барлық дерлік мақсаттары Больня келісімінің ортақ жоғары білім саласын құру, ұлттық жүйелерді жақындастыру және өзара мойындау идеяларымен сарындас және үндес.

Бүгінгі күні «білім қоғамы» және «білім экономикасы» дәуірінде қоғамның, оның ішінде экономиканың басты мақсаты адамға және оның біліміне бағытталған. Алайда, бұл жерде мәселе білімнің өзінде емес, оның

әрекеттегі өзгеруінде, қолдануында болып отыр. Сол себепті де қазіргі адамцентристік (антропологиялық) экономикаға жаңа көзқарас ұстанған, жаңа білімді мамандар қажет. Ал мұндай мамандарды қалыптастыру, оларды дайындау бұрынғыдай «білім беру» тұрғысынан емес (білімцентристік қағида), тек «білім алу» (үйренушіцентристік қағида) ғана орындалуы мүмкін. Болашақ мамандарға білім беруде қоғамды, қоғамдық құбылыстар мен табиғи ортаны, әлемдік ғылыми-білімді танып-білуге үйрету – ғылыми әдіснама негізінде дүниеге диалектикалық көзқарасты қалыптастыру күн тәртібінен түспейді.

Болашақ психологтардың кәсіби компетенттілігін қалыптастыру студенттердің шығармашылық, рухани мүмкіндіктерін байыту міндеттерімен жүзеге аспақ. Студенттерді тек кәсіби мамандыққа ғана емес, қоғамшыл-психолог, жан-жақты азамат ретінде де даярлау маңызды. Қазіргі кезде психолог мамандығының маңызы мен қажеттілігі күннен-күнге артып барады. Психолог мамандығында қолданылатын рефлексияның (психикалық күйге ой жүгіртудің) маңызы адам жауапкершілігінің деңгейін терең түсінуге көмектеседі. Психолог кез-келген теорияның мәнді объектісін түсінудің онтологиялық (болмыстық)-танымдық негізін құрайды. Психология адамның жан дүниесінің сырын бейнелеумен қатар адамның болашақта және қоғамда алатын орнын анықтауға ықпал ететін қолданбалы ғылым. Адам жан дүниесінің тебіреністері мен сезім-күйлері күрделі психикалық үрдіс. Кез-келген адамның көңіл-күйі мен іс-әрекетінің тереңдігін психологиялық білімсіз танып білу өте күрделі.

Жоғарыда аталғандардың негізінде болашақ психологтардың кәсіби компетенттілігін қалыптастыру ең өзекті мәселе және бүгінгі күнде, өзіндік үш аспектісі бар:


- *педагогикалық* – озық педагогикалық жұмыстар құрылымына сәйкес ғылыми зерттеулер жүргізу, болашақ мамандарға тән жағымды қасиеттерді нақтылау;
- *психологиялық* - өз мамандығына деген қызығушылығын, адами терең қасиеттерін, потенциалдық мүмкіншіліктерін қалыптастыру;
- *әлеуметтік* – қоғамда өз орнын табу, педагогтік-психологтік компетенттіленуін (ППК) және мамандыққа маңызды кәсіптік қасиеттерін әлеуметтендіру.

Бүгінгі студент – ертеңгі маман. Бүгінгі таңда адамзат алдына материалдық және рухани құндылықтарды таңдау міндеті қойылып отырғандықтан, студенттер өзінің мүмкіндіктері мен ұмтылыс талаптарына саналы түрде сын көзбен қарауды, түскен ақпараттарды өңдеуді жауапкершілікпен атқаруды талап етеді. Жоғарғы оқу орны студенттерді таңдаған мамандығы бойынша кәсіптік еңбекке дайындайды. Болашақ психологтардың кәсіби компетенттілігін сапалы қалыптастырудың шарттары бар.

Білім берудің мақсаты – жеке тұлғаның әлеуметтік жағынан қоғамға қажетті іс-әрекетке бейімділікті меңгерту, жан-жақты жетілген рухани бай тұлға қалыптастыру. Абай атамыз айтқандай: «білімді адам – нағыз адам».

Сондықтан адам баласы әр түрлі әдіс-тәсілдермен, дағдымен, ілкімді іскерлікпен білім алуға ұмтылады. Білім берудің мазмұнына мыналар кіреді: 1) тәжірибе – іскерлік, дағды, салт-дәстүрден алған білім; 2) тәрбие арқылы жеке тұлға санасының жетілуі; 3) ақыл-ойының, денесінің дамуы.

1-сызба. Білім беру құрылымы



Кез-келген адам жеке тұлға болып қалыптасуы үшін білім ауадай қажет. Әрбір елде білім беру жүйесі құрылған. Әр түрлі деңгейде әр түрлі типтегі оқу орындары бар. Әрбір елде оқу-тәрбие беру процесі білім беру жүйесі арқылы жүзеге асады. Мұндай жүйе бірнеше сатыға бөлінеді: - мектепке дейінгі тәрбие; орта білім беру; орта арнайы білім беру; жоғарғы білім беру (институт, университет, академия, магистратура, аспирантура, докторантура).

Ғалымдардың сөзіне қарағанда, білім – адамдар қорын құрайды екен. Экономиканың өсуіне сапалы білім мен адамдар қоры қажет. Сауатты, білімді құрылған адамдар қоры экономиканың өсуіне әсер етеді. Білім мен ғылымды және өндірістегі интеграциялау жаңа технологияға қызығушылықты арттыруда. Білім өз дәрежесінде жеткілікті болуы керек.

Әлемдік білім кеңістігі (мировое образовательное пространство-МОП) - әр түрлі деңгейдегі, әр түрлі типтегі білім беру жүйесін ұлттық біріктіру, біртұтас қалпын қалыптастыру. Бүкіл әлемде кей аймақтар бірігуде. Европа,



Канада, АҚШ, Тынық мұхит жағы – Гонконг, Тайланд, Индонезия, Корея, Латын Америкасында бәріне бірдей бастауыш білім беру, ол Африка елінде сауатсыздық-көкейкесті проблема, Араб елдерінде интеграция (біріктіру) бұзылған.

Мамандардың пікірінше ХХІ ғасырда тиімді білім беру жүйесін жасайтын жас ұрпақтың ақыл-ой және рухани потенциалын барынша дамытуға мүмкіндігі бар ұлт қана озат бола алады. Осыған байланысты атап өтетін жағдай екі мыңжылдықта көптеген елдерде жоғарғы оқу орындарында оқыту жүйесі ретінде мамандарды даярлау өзгерістерге, жаңартуларға ұшырады, бірақ мәні аз өзгерді – пәндік даярлықта айқын көрінген парадигмалық бағыт басты болды. Бағыттардың әр түрлілігінен тәуелсіз даярлық жүйесі болашақ мамандарға, бүкіл белсенді кәсіби іс-әрекет кезеңіне жеткілікті болатын аяқталған білімдер жиынтығын беруге саяды. Бірақ ХІХ ғ. аяғы мен ХХ ғ. басы ғылыми-техникалық прогресстің және информация көлемінің өсуі жоғары оқу орындарындағы алынған білім қорының мүлдем белсенді кәсіби іс-әрекеттің барлық кезеңіне емес, тек қысқа уақытқа ғана кәсіпкер мұқтаждығын қанағаттандыратындығын көрсетті. Болашақ мамандарды өте күрделі кәсіби міндеттерді шешу үшін өз бетінше ізденуге және жаңа білімдерді игеруге даярлау қажеттілігі туындайды.

Кәсіби әрекет пен маманның тұлғалық ерекшеліктеріне қатысты сұрақтар бірнеше онжылдықтарда әртүрлі ғылым салаларының, сонымен қоса психология ғылымының өкілдерінің назарын аударды (Б.Г.Ананьев, Е.А.Климов, А.К.Маркова, А.И.Папкин, А.М.Столяренко және т.б.).


Болашақ мамандардың кәсіби құзырлығын қалыптастыруда ерекше мағынаны кәсіби әрекеттегі даму заңдылығына және тұлғаның көрінісіне ерекше мән аударады. Субъекттегі объекттің өзгеруі мен әрекет шарттарының өзгеруі кәсіби әрекеттің анализін субъект пен объекттің күрделі әрекет жүйесі ретінде қарастырады. Кәсіби даму мәселесін қазіргі заманғы психологияның ең басты және ең өзекті мәселе ретінде қарастыруға болады. Маман болу үрдісін қарастыратын, сол үрдіс деңгейлерін бөлетін, кәсіби даму спецификасының жеке деңгейлерін анализдеу, әрекеттің психологиялық құрылымының компоненттерін қалыптастырудың арнайы ерекшеліктерін зерттеуші кәсіп даму концепцияларының көптеген түрлері бар.

Жоғары білім болашақ маманға өз бетінше және жауапкершілік мәдениет, ғылым мен техника жетістіктерін дамыта және творчестволық пен пайдалана отырып зерттеу мен тәжірибелік міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін жүйеленген білім мен іс-әрекет дағдыларын игеру нәтижелерінің жиынтығы болып табылады. Жоғарғы білім ерекшелігі білім беру мен ғылыми іс-әрекеттік тікелей өзара әрекеттесуінен, оқу пәндерін өз деңгейінде ғылым мен тәжірибенің көкейкесті жетістіктеріне максималды түрде жақындата оқыту, оқу мекемелерін бітірушілердің әлеуметтік-азаматтық пен іскерлік даярлықтарына жоғары талаптар қоюдан тұрады. Ғылымның дамуы жоғары білім беру өрісінде оқытудың мазмұнын, әдістемесін және ұйымдастыруын өзгеруіндегі шешуші фактор болып алға шығады. Жоғары білім берудің

мақсаты адам тұлғасын, оның интеллектуалдық қабілетін, адамгершілік қасиеттерін дамыту болып табылады.

Жоғарғы оқу орындары үнемі өзін-өзі дамытып, өзін-өзі жетілдіріп отыруға даяр тұратын маманды дайындап шығаруға тиісті. Оның тұлғасы неғұрлым бай болса, соншалықты оның кәсіби іс-әрекетінде айқын көрінеді (тұлғалық қасиеттері). Жоғарғы оқу орындарының педагогикалық процесі оқу барысында білімдер жүйесі арқылы студенттің жеке қызығушылығына және қоғамның әлеуметтік сұранысына жауап беретін маман қасиетін қалыптастыруға тиісті. Бірақ, ол сай келетін тәжірибесіз болуы мүмкін емес.

Осыған байланысты кәсіби компетенттілікке даярлықтың құрылымы туралы өте күрделі мәселені аттап өту мүмкін емес. Оның мәнін түсінуге өте көлемді болып табылатын кәсіптік бағдар беру туралы зерттеулер көмектеседі. Олардан кәсіптік бағдардың төмендегідей кезеңдерден құралатындығын көруге болады:



Егер жоғарғы оқу орындарының жүйесінде бірінші үш кезең іске асырылып жатса, онда кәсіптік бейімделу кезеңі шын мәнінде қолданылмайды. Студенттердің даярлығындағы бұл проблема тәжірибелік іс-әрекетінде өте қатты сезіледі. Жоғарғы оқу орындарындағы барлық оқу барысындағы бірыңғай үздіксіз тәжірибенің орнын студенттерге теориямен кәсіби іс-әрекеттің өзара байланысын түсінуге мүмкіндік бермейтін үздік-үздік, қысқа мерзімді тәжірибелер алды. Бұл жағдай болашақ маманда теориялық білімді пәндік-тәжірибелік әрекетке кәсіптік іс-әрекет технологиясын аударуға даярлықты қалыптастыруға мүмкіндік бермейді.

Теориялық дайындықтың практикалықтан қол үзуі бүгінгі күнде болашақ мамандарды оқыту жүйесінің бірден бір басты кемшіліктерінің бірі. Бүгін болашақ мамандарда білімге деген көзқарасын өзгертпесе, онда ертең жоғарғы оқу орнынан орташа тұлға шығады. Орташа тұлға ізденуші, танып білуші, әрекеттенуші, бәсекеге түсуге қабілетті, проблемаларды өз бетінше құрып және оларды іс жүзінде шеше білетін шығармашы тұлға деп ауыз толтыра айтуға бола ма? Жоқ. Бәсекеге түсуге қабілетті болу дегеніміз – ізденуге және жаңа білімді игеруге, стандартты емес шешім қабылдауға қабілетті болу деген, өзінің кәсіби қабілеттеріне сенімді болып және сол арқылы өз болашағына ықпал жасау. Бүгін болашақ мамандарда бәсекеге

түсуге қабілетті болып қалу үшін үнемі өзінің кәсіби деңгейін көтеріп отырудан басқа амалы жоқ.

Студенттердің бәсекеге түсуге қабілетті болу немесе болмау деген таңдауды алдына қоюы білім беру процесін, соның ішінде тұлғаның талабын, кәсіби өсуінің нормасын, барлық кейінгі білім алу фундаменті етеді. Білім алуды түсіну негізінде осы феноменді тұтасынан жетілдірудің теориялық-әдіснамалық негізі, жеке тұлғалық шығармашылық әрекеттену тұжырымдамасы жатыр.

Қазақстан Республикасындағы болып жатқан нарықтық қатынастың пайда болуына, жекеменшіктік және кәсіпиеліктің әрбір түрлерінің қалыптасуына бағытталған әлеуметтік-экономикалық өзгертулер қоғам өмірінің барлық қабаттарына, сонымен бірге, білім беру саласында да әсер етті. Білім мөлшерінің өсуіне байланысты болашақ мамандардың игерген білімдер жинағын пайдалануға бағыттау жеткіліксіз. Оларда өз бетінше жаңа білімді игеру іскерлігін, өзгеріске ұшырап тұратын талаптарға икемді жауап беруді қалыптастыру өте маңызды.

Әлеуметтік-экономикалық жағдайлардағы көрсетілген өзгерістер кәсіби іс-әрекеттер талаптарының енді қатаңдау тенденциясына алып келіп отыр. Бұл табиғи жағдай, себебі: еңбек сапасына жұмсалған қаражаттың өз шығынын өтеуіне ықпал жасайтын нәтижелердің тиімділігі тәуелді. ЖОО – оқу процесін ұйымдастыру кезеңінде болашақ психолог мамандарды I курс-тан бастап теориялық және тәжірибелік даярлықтарының органикалық бірліктеріне болашақ мамандардың кәсіби даярлықтарын жетілдіру жолдарын іздестірудің таусылмайтын көкейкестігі болып тұр.

Осыған байланысты жоғарғы мектептегі оқу барысын мамандарды оқыту кезінде алдағы жасайтын іс-әрекеттері мен тығыз байланыс негізінде, кең түрдегі даралап оқыту, жұмыс орындарымен қамтамасыз ету негізінде, студенттердің өз бетінше жұмыс істеулерін бірінші орынға қоятын, оқу процесін тиімді әдістерді қолдана қарқындату негізінде құру керек. Істің бұндай ыңғайын таба жасау болашақ мамандардың кәсіби компетенттілігін, шығармашылық даралығын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оқытуды қарқындату жаңа информациялық технологияны енгізуді, оқу барысында компьютерлік және аудиовизуалдық техникасын өнеркәсіпте істейтін басты мамандарды ұстаздық жұмысқа тарту мен қатар қолдануды көздейді.

Республиканың қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайында ұлттық мектептердің барлық сатысында білім мен тәрбие мазмұнын қайта құру қажеттілігі арта түсуде. Өйткені қоғамның алға басуы бүгінгі ұрпақтардың қандай дәрежеде білім алып, тәрбиеленуіне тікелей байланысты.

Білім беруде инновацияны енгізу мен тартудың көпшілігі оны зерттеуші мен таратушыға ғана емес, оны қолданушы да болып табылатын адамнан тәуелді адамға байланысты. Бүгінгі таңда еңбек етіп жүрген психолог мамандар өз қызметіне, көбінесе, білім берудің дәстүрлі, кейбір ерекшеліктерін пайдалануға ғана даярланады. Оның себебі:

- жаңаның барлығы дәстүрлі оқу жүйесінен қалыптасады;
- оны іске асыруға уақыттың қажеттігі;

- басқаға еліктеп, жаңаша оқытудың мәнін түсінбеуден.

Психолог маманның еңбегі – шығармашылық еңбек. Өйткені бұл еңбек маманнан үздіксіз ізденуді, өз білімін үнемі жетілдіріп, жаңа педагогикалық-психологиялық әдіс-тәсілдерді қолдануды талап етеді. Әрқашанда өз кәсіби шеберлігін арттыруы қажет. Үздіксіз іздену – бүгінгі психолог мамандарына қойылатын басты талаптардың бірі.

Қоғам дамуы білім динамикасы мен сапасына тәуелді. Қазіргі кезде адамзаттың бар мүмкіншілігі мен әлеуметтік дамуы, болашақ мамандардың теориялық және практикалық даярлығын жақсарту үшін жағдайлар жасауда. Сонымен қатар, *психолог мамандардың біліктілік дәрежесін* үнемі көтеріп отыру қажет. Қазіргі заманда білім беру халықаралық қарым-қатынас жасаудың бір тәсіліне айналып отыр. Осы жөнінде Қазақстан президенті Н.Назарбаев былай деген еді: «Ғылымда, білімді өз дәрежесінде меңгерген ел алда келеді». Жас ұрпаққа білім беруде қоғамды, қоғамдық құбылыстар мен табиғи ортаны, әлемдік ғылым-білімді танып-білуге үйрету – ғылыми әдіснама негізінде дүниеге диалектикалық көзқарасты қалыптастыру.

Жоғарғы оқу орындарында болашақ психолог мамандарға білім берудің мазмұнына мыналар кіреді:

- 1) тәжірибе – іскерлік, дағды, салт-дәстүрден алған білім;
- 2) әртүрлі ықпалдар арқылы жеке тұлға санасының жетілуі;
- 3) ақыл-ойының, сана-сезімінің дамуы.

Соңғы кезде білім беруде өзгеріс “парадигма в образование” пайда болды. Парадигма – бастапқы идея – үлгі, нұсқа. Бүгінгі күні парадигма – жеке тұлғаға бағытталған, яғни, жеке тұлға – адам үшін. Білім жеке тұлға үшін дамуы қажет. Парадигма түсінігін қазіргі философияға «нормадағы ғылымның” қызметін түсіндіру үшін американдық философ Т.Кун енгізген болатын. Бұл мәселені Стефановская Т.А., Слостенин В.А., Хан Н.Н., Хмель Н.Д. және т. басқалары зерттеген.

Жоғарғы білім болашақ психолог маманға өз бетінше және жауапкершілік мәдениет, ғылым мен техника жетістіктерін дамыта және творчестволықпен пайдалана отырып зерттеу мен тәжірибелік міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін жүйеленген білім мен іс-әрекет дағдыларын игеру нәтижелерінің жиынтығы болып табылады.

Жоғарғы білім ерекшелігі білім беру мен ғылыми іс-әрекеттің тікелей өзара әрекеттесуінен, оқу пәндерін өз деңгейінде ғылыммен тәжірибенің көкейкесті жетістіктеріне максималды түрде жақындата оқыту, жоғарғы оқу мекемелерін бітірушілердің әлеуметтік азаматтық пен іскерлік даярлықтарына жоғары талаптар қоюдан тұрады.

Ғылымның дамуы жоғары білім беру өрісінде оқытудың мазмұнын, әдістемесін және ұйымдастыруын өзгеруіндегі шешуші фактор болып алға шығады. Жоғары білім берудің мақсаты адам тұлғасын дамыту, оның интеллектуалдық қабілетін, адамгершілік қасиеттерін дамыту болып табылады.

Педагогикалық психология ғылымы мен озық тәжірибенің бүгінгі даму деңгейінде белгілі болған оқыту тәсілдерінің бәрін де еркін меңгеріп, әрбір

нақтылы жағдайларға орай солардың ең тиімдісін таңдап алу және солардың бірнеше түрінің жиынын түрлендіре үйлесімді шығармашылықпен қолдану болашақ мамандар шеберлігінің басты белгісі болып табылады.

Кәсіптік өзін-өзі анықтау *маманның құзырлығында* маңызды роль атқарады және оның тиімділігін жүйелі бағалауда, оның нәтижесін негізгі қызметтеріне сәйкестендіреді де, өзін-өзі анықтауды тұрақтылықпен, саналылықпен, әрекеттілікпен бағалайды. Ғылыми мағынада кәсіптік өздігінен анықтаумен байланысты мәселелер көп ғалымдардың зерттеулерінде көрініс тапты. Өз зерттеулерінде нақты орын бөлгендер: Қ.А. Абулханова, Л.И. Анцыферова, Л.И. Божович, М.Р. Гинзбург, Е.А. Климов, т.б.

Маманның іс-әрекеті дамуына бөгет болатын себептерге:

- уақыттың жетпеуі;
- еңбекті ғылыми ұйымдастырудың жеткіліксіздігі.

Өскелең заман талабы қойып отырған ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу, міндетін жүзеге асыру үшін, педагогикалық жаңалықты қабылдап, жүзеге асыру қажет.

Бүгінгі ғылыми-техникалық прогрестің қарыштап өскені кезінде өндірісті автоматтандыру, компьютерлендіру мәселесімен тығыз байланысты өркендетіп, өтпелі кезеңде мектеп оқушыларына ғылыми негіздерін меңгеруде білімді әлемдік стандартқа жақындату, оқытудың мазмұны мен әдістерін жаңарту арқылы білім сапасын көтеру мемлекеттік мәселе болып отыр. Бұл мәселелерді ойдағыдай шешу жоғарғы оқу орнының материалдық базасына, оқу-әдістемелік құралдарының ғылыми-әдістемелік негізінде жасалуына, ғылыми-теориялық білім беруді жаңа техникалық тұрғыда ұйымдастыруына, педагогикалық әдістемелік-ғылыми бірлестікке, оқу-тәрбие жүйесін бүгінгі күн талабына сай шебер ұйымдастыра білуге байланысты.

«Білім туралы» Заңымызда білім беру саласындағы мемлекеттік саясатымыздың интеллектуалдық дамуы, психологиялық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейіндегі білімге қол жеткізді, ... білім берудің зайырлы сипаты - білім ізгілікті және дамытушылық сипаты делінген (17; 1-тарау, 3-бап).

Психолог мамандар білім берудің барлық салаларында өте қажетті, сондықтан мамандық шеберліктері жоғары болуы керек. ХХІ-ғасыр табалдырығында тұрған адамзат дамуының жаңа кезеңінде білім беру прогрестің ең маңызды факторының бірі болып саналатын кезеңге келіп жетті. Қазақстан Республикасының орта білімді дамыту тұжырымдамаларында қазіргі мектептер:

- практикалық қызметте жинақталған барлық игіліктердің сақталуы;
- қоғамның интеллектуалдық қуатын жетілдіру;
- еліміздің материалдық-қаржылық әл-ауқатын әрі қарай дамыту;
- білім беру жүйесін әрі қарай дамыту т.с.с міндеттерді көздейді.

Болашақ психолог мамандардың кәсіби компетенттілігін қалыптастыру, білім үрдісін мазмұны жағынан жақсарту, атап айтқанда, мамандардың беделі, жауапкершілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру, жана педагогикалық технологиялар мен оқытудың түрлі тәсілдерін күнделікті өмірге енгізу басты

назарда тұр. Бұл міндеттерді жүзеге асыру және мамандардың кәсіби даярлығын арттыру үшін білім беретін оқу орындарындағы оқытудың технологиялары негізінде ұйымдастыру маңызды.

XXI ғасыр өркениеттің алға басуымен сипатталатын болса, оны әр адамдарға шығармашылықтың болуымен салыстырады. Қазіргі кездегі ересек адамның әр түрлі әлеуметтік әрекеттерде субъектілік позицияда болуының қажеттілігі шығармашылық тұрғыларға байланысты.

*Болашақ маманның кәсіби қолайсыздықтарын болдырмау үшін оны білімге, тәжірибе жинақтауға деген қажеттілігі мен ішкі сұраныстарын қанағаттандырудағы белсенділігін, білімін көтеріп, кәсіби даму жолын таңдату қажет.*

Мамандардың білімін көтеру, өмірде кәсіби әрекеттегі шешілуге тиісті мәселелердің байыбына барып, олардың философиялық мәнін ұғынуды қажет етеді. Маман өз біліктілігін арттыра отырып, өзінің білім әлеміне қатысының стилін іздейді. Шығармашылық әлеуеттің дамуын, өзінің алға қарай жылжуын өзі дайындайтын үрдіс деп қарауға мүмкіндік береді. Бұл туралы Г. Гельдің тұжырымдамасында абсолюттік идеяға жетуде өзін-өзі айқындау деп түсіндіреді.

Л.С. Выготский дамудың «жақын аймағы» қол жеткен аймақта мәселені өз бетінше шешіп, келесі деңгейде анықталады деген. Педагогикалық мәселені өз тәжірибесіне сүйеніп шешуі қол жеткен аймақты құрап, ал басқалармен бірлесе шешкен мәселе дамудың жақын аймағында іске асады. Осылайша даму траекториясын анықтау дұрыс деп табылады. Кәсіби компетенттілік әрбір адамның даралық қасиеті немесе субъектілігі. Субъектінің негізі – даралық (ешкімге ұқсамайды). Субъектінің (латынша – болмысты танушы, индивид) белсенділігінің қайнар көзі өзінде.

*Субъектілік* – адамның кәсіби әрекетін жоғары деңгейде орындалуын қамтамасыз ететін кәсіби қабілеттерінің бейнесі. Ал сол субъектілікті дамытуда көрсетілетін көмектің мазмұны, әдістері, формалары дұрыс таңдалуы қажет, яғни технологиялық жағдайда болғаны дұрыс. Субъектілікті дамытудың жекелей түрі ретінде өзіндік шығармашылық жоспар жатады. Оның төмендегідей бағыттары бар:

- ◆ қазіргі ғылымға сай өз тәжірибесін өзі түсініп жүйелеу;
- ◆ жаңашыл ұстаздардың тәжірибесіне сүйене отырып, әдістемелік кешен құрастыру;
- ◆ ғылымдармен бірлесе отырып, оқулықтар құрастыру.

Сонымен оқытудың сапасын күтілетін нәтижелер тұрғысынан жетілдіруді оқытудағы компетенттік тәсіл қамтамасыз ететін болғандықтан, оны жүзеге асыру үшін білім мазмұнын білім, біліктілік, дағдыға, шығармашылық іс-әрекет тәсілдері мен эмоционалдық-құндылық қатынастар тәжірибесіне негізделген түйінді компетенттіліктерді ажыратып алу қажет. Яғни, болашақ мамандардың компетенттілігін қалыптастырып, даярлауда мынандай зерттеу жұмыстары жүргізілуі тиіс:

- ◆ пәндер бойынша оқытудың күтілетін нәтижелері ретіндегі түйінді компетенттіліктер тізімін жасау;

- ♦ түйінді компетенттерді ескере отырып, іс-әрекеттік түрде студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарындағы жетістіктерін бағалауға арналған бақылау - өлшеу материалдарын дайындау;
- ♦ даярлаудан күтілетін нәтижелер ретіндегі базалық компетенттіктерді қалыптастыратындай оқыту технологияларын таңдап, жүйелеу;
- ♦ пәндер бойынша білімнің базалық мазмұнын, білім стандарттарын оқу бағдарламаларын, оқу-әдістемелік кешендерді компетенттік тәсіл негізінде қайта қарап жетілдіру.

Елімізде білім беру үрдісінің ұлттық талап-тілектерге сай тарихи тұрғыдан жаңару басталғалы бері жоғарғы оқу орындарында психологтар даярлауға баса көңіл аударуда. Жоғары мектептің алдындағы қазіргі негізгі міндет – болашақ мамандардың кәсіптік деңгейін көтеру екені белгілі. Болашақ маманның кәсіптік деңгейі:

- психолог маманды жоғарғы оқу орнында даярлаудың мақсаты, мазмұны мен әдістерінен, қажетті деңгейде даярлайтын іс- әрекет түрлерінен (оқу бағдарламаларын жасау, оқулықтар жазу, оқу процесінің оқу- әдістемелік жағынан қамтылуы, педагогикалық практика, тренинг, практикумдар өткізу, студенттердің өздік жұмыстары, т.б.);

- болашақ психолог маманның жеке тұлғасын қалыптастыру, жеке тұлғаға тән кәсіби маңызды қасиеттерден: кәсіби сана, кәсіби біліктілік, ұстаздық- тәрбиелік жұмыстарға даярлығы, т.б. құрылады.

## ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

*Психологиялық қызмет деген ұғым* – осы заманғы жантану ғылымының алға қойған зәру мәселелердің бірі. Халық ағарту саласындағы психологиялық қызметтің маңызы жайлы И.В. Дубровина, Р.В. Овчарова, Х.И. Лийтемс, Н.Ф. Талызина, т.б. өз зерттеулерін арнаған. Психологиялық қызметтің өмір тәжірибесінде каншалықты маңызды екендігін жете түсіндіріп, оны іс жүзінде қолданудың нақты шаралары мен әдіс-тәсілдерін іздестіретін психологиялық сипаттағы күрделі мәселе болып саналады. Психологиялық қызметтің іске асырылу сипаттары түрліше мазмұнда және әр қилы формада болуы мүмкін. Бұл мәселенің психологиялық негізі жеке адамның, дара тұлғаның жан-дүниесін белгілі бағытта дамыту мақсат-мүдделерін көздейді.

Бүгінгі күні «білім қоғамы» және «білім экономикасы» дәуірінде қоғамның, оның ішінде экономиканың басты мақсаты адамға және оның біліміне бағытталған. Алайда, бұл жерде мәселе білімнің өзінде емес, оның әрекеттегі өзгеруінде, қолдануында болып отыр. Сол себепті де қазіргі адамцентристік (антропологиялық) экономикаға жаңа көзқарас ұстанған, жаңа білімді мамандар қажет.

Осы идея аумағында Болонья процесі қолданыстағы басты тұжырымдамалық ұғымдарының бірі – білім игеру процесінің нәтижеге бағытталуы. Мұнда нәтиже бұл процестің негізгі мақсатына, қызметіне,

қорытынды нысанасына айналады. Ал білім алудың үйренудің нәтижесі дегеніміз сабақ, пән, бағдарлама, оқытудың толық курсы аяқталған соң студенттің (жоғарғы оқы орнының түлегінің) «не» жасай алатындығын, қолынан «не» келетіндігі.

Білім игерудің нәтижесін бұрынғыдай тек білім, білік, дағды аумағында ғана құрастыру қазіргі күні аздық етеді, себебі олар үйренішінің тек біліктілігін ғана айқындайды. Сондықтан да Болонья процесі ауқымындағы білім реформасы біліктілік (квалификация) терминін құзырлықпен алмастырып, құзырлықты білім игеру процесінің басты нәтижесі ретінде тануды талап етеді.

*Біліктілік дегеніміз алдын ала айқындалған білім мазмұны: «студент мынаны және ананы оқуы, үйренуі қажет» деген ауқым, ол студенттің еш қатысуынсыз белгіленеді, жоспарланады. Біліктілікті оқытуды білім алушының өмір сүрудегі негізгі алған мүмкіншіліктеріне, оның қандай да бір әрекетті жасау дайындығына жіті назар салмай, оның білімін тек оқытылатын пән деңгейінде, яғни оқытушы тарапынан жасалған бағдарлама мен жоспарлау тұрғысынан қарастырады»[5]. Басқаша сөзбен айтқанда, біліктілік дегеніміз тұрақты контекстер мен алгоритмдер аумағындағы алдын- ала айқындалған әрекеттер арқылы маман дайындау.*

Психологиялық қызметтің шығуы мен даму жолы әлемдік әдебиетте, бұрынғы кеңестік заманда құлаш жайып, кең ауқымда қамтылмаған мәселелер қатарына жатады. Ал Қазақстан жағдайында психологиялық қызметтің өмір талабына сай зерттелуі жайында бірен-саран жарияланған ғылыми-практикалық мақалалар болмаса, бұл мәселенің кең ауқымда іздестіріліп жүзеге асуы шала-шарпы қалған сияқты. XX ғасырдың 80-ші жылдарында Қазақстандағы психологиялық қызметтің мән-жайын білдіретін пікірлер мен зерттеулер психолог-мамандар М. Мұқанов, Ә. Алдамұратов, Н.Айғабылов, К. Оразбекова, т.б. еңбектерінде республикалық баспасөзде және жеке туындыларда жарияланды да, кейінгі кезде бұл мәселе төңірегінде сөз саябырсып калды.

Психологиялық қызметтің алдына қоятын мақсат-міндеттерінің бірі - өскелең ұрпаққа гуманистік тұрғыдан тәлім-тәрбие беру, олардың жан-дүниесінің сырын терең біліп күнделікті тіршілікте ойдағыдай жүзеге асырудың қажеттігі. Психологиялық қызметтің мамандарға ғана емес, өскелең ұрпақтың тәлім-тәрбиесімен шұғылданатын ұстаздар, тәрбиешілер, ата-аналар және қалың оқырман қауымға қажетті көмекші құрал.

Психологиялық қызметті дәл осы атау мағынасында қолданбағанымен, адамтанудағы рөлі жайында көрнекті орын алатынын психолог-мамандар дер кезінде өздерінің пікірлерінде ашып айтты. Психологиялық қызмет, негізінен, жантану жайындағы ғылымның басты ұстанымдарына сүйене отырып жүзеге асатыны мәлім. Осы бағытта көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері болған академик Т.Тәжібаевтің психология саласындағы зерттеулері өскелең ұрпақ пен жастарға психологиялық білім берудің мақсат-мүдделерімен ұштасып жатыр. Сондай-ақ Қазақстанда 40-70 жылдар арасында түрлі еңбектер жазып, көпшілік оқырмандардың психология саласындағы білімін көтеруге үлес



қосқан мамандар Е. Суфиев, И.Л.Стычинский, Е. Асылбеков, Н.Итбаев, С. Балаубаев, А. Темірбеков, Ғ.Айманов, Қ. Рахымбеков, тағы басқалардың атқарған істері елеулі.

*Психологиялық қызмет атқару қазіргі кезде білім жүйесінде өзекті мәселелерінің бірі.* Психологтардың ұсынатын қызметінің сапасын сыналушылардың саны анықтайды. Бір психологтың қызмет атқаруына психологиялық кеңес пен қолдауды қажетсінетіндер, дер кезінде алу үшін психологтардың санын әлдеқайда көтеру керек. Онсыз олар өте ауыр және нәтижесі төмен жағдайларды жұмыс атқарады.

Мектепте психологиялық қызмет атқару түрлері ұйымдастырылуда. Жиі кездесетін варианты: мектеп психологы – арнайы дайындықтан өткен маман. Оның негізгі міндеті – мектеп персоналына оқыту мен тәрбиелеу мәселелеріне қатысты жайттарды диагностикалау, ескерту, кеңес және реттеу қызметтерін орындау. Ол оқушылармен сынақ өткізіп, балалармен немесе олардың ата-аналарымен қатынастағы түрлі әлеуметтік- психологиялық сұрақтарға байланысты жұмыс атқарады.

Кейбір мемлекеттерде (мысалы Швецияда) психологтар үш адамнан тұратын «команда» болып жұмыс істейді. Олар мектепке келіп мұғалімдер мен оқушылар қойған мәселелерді шешеді. Түрлі өлшеулер, сұрақнамалар, әңгімелесулер, кеңестер жүргізеді. Снымен қатар, психологиялық қызмет кеңес жүргізетін орталық ретінде де жұмыс істейді. АҚШ- та психолог ереже бойынша мектеп құрамына тіркелмейді. Ол тұтас топтармен немесе мектептермен жұмыс атқарады. Оның назары оқушыларға көмек көрсетуге, әсіресе «мәселелі» балаларға бағытталған. Оқушыларға қызмет көрсететін медициналық, психиатриялық, медициналық- психологиялық – педагогикалық орталықтар да бар. АҚШ- та мектеп психологиясы мемлекеттік білім парламентінде болуға тиісті туралы дәстүрлі түрде заңмен бекітілген. Бұл департамент мектеп психологына куәлік беру туралы қаулы қабылдайды.

Бельгия, Голландия, Франция, Югославия сияқты елдерде мектептегі психологиялық қызмет көрсету мамандыққа бағдарлау жұмысын жетекші орынға қойған. Орта және Шығыс еуропа елдерінде мектептегі психологиялық қызмет аудандық немесе облыстық психологиялық- педагогикалық орталықтар және консультация ретінде ұйымдастырылған. Мұндай қызмет – білім беру жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. 1980 жылы Чехославакияда тәрбие сұрақтарына консультацияның ережелері құрастырылып, мектеп туралы Заңға енгізілді. Венгрияда тәрбие сұрақтарына инструкция шығарылып, білімді басқару органдарымен бекітілді.

Европа елдерінің көпшілігінде педагогикалық психологтарды жергілікті, муниципалды немесе шалғайдағы биліктер білім бөлімдері арқылы жұмысқа қабылдайды. Испанияда педагогикалық психологтарды жергілікті биліктегілер немесе орталық үкімет жұмысқа қабылдайды. Кішігірім Мальта және Исландия сияқыт елдерде білімнің үкіметтік департаменті негізгі жұмыс беруші болып табылады. Израиль, Ұлыбритания және Исландия мемлекеттері педагогикалық психологтарды жұмысқа орналастыру мәселесі жоқ екенін мәлімдейді, Францияда жағдай жақсаруда, Бельгия, Финляндия, Германия,

Нидерландия, Мальта, Испания және Швецарияда жұмысқа орналастыру өте төмен немесе белгісіз. Испания, Швецария және Финляндияда жұмыссыз педагогикалық психологтар көп [8].

Біздің елімізде білім саласындағы психологиялық қызмет тұтастай жүйе ретінде, негізгі үш бөлімнен тұрады:

- 1) балалар психологы, нақты (бала- бақшада, мектепте, балалар үйінде, мектеп- интернатта, колледжде, гимназия мен лицейлерде) оқу-тәрбие мекемесінде жұмыс істейді
- 2) аудандық білім басқару бөлімінде психологиялық кабинет (немесе қалалық не облыстық білім басқару бөлімдерінде);
- 3) білім беру жүйесінде психологиялық қызмет орталығы.

Психологтың жұмыс уақыты түрлі жастағы балалар және түрлі категориядағы ересектер мен практикалық психологиялық жұмыстың тәртібін ескере бекітіледі. Психологиялық жұмыстың өзекті бағытын тандау, түрлі жұмыстар түрін салыстыру арқылы білім беру мекемесінің қажеттілігімен және штаттық және штаттан тыс бірліктің бар санына қарай анықталады. Психологтың жұмысына білім беру мекемесінде арнайы бөлме диагностикалық, консультациялық, дамытушы және түзетуші, ескертуші жұмыстарына қажет жабдықтармен қамтамасыздандырылып бөлінуі тиіс. Аудандық, облыстық, қалалық және аймақтық орталықтардағы психологтар мен басқа мамандардың функционалдық міндеттеріне сәйкес орындарын жабдықтауы қажет.

Шетел және отандық психологиялық тәжірибесінің көрсетулері бойынша, білім беру жүйесіндегі психологиялық қызмет қоғамның сұранысына, міндетіне байланысты мектеп психологтарының шешетін жұмыстары түрліше ұйымдастырылуы мүмкін. Әкімшілікке бағынуына байланысты психологиялық қызмет құрылымының ұйымдастырылуы да түрлі статуста болады:

- психологтар немесе психологтар тобы бала- бақшада, балалар үйінде, интернатта, мектепте, лицейде, гимназияда, колледжде, техникумда сол оқу мекемесінің басшылығымен бірлесіп қызмет атқарады.

- психолог немесе психологтар тобы қалалық немесе аудандық білім департаментінің басқаруымен (немесе жетекшілігімен) бірнеше оқу орындарына қызмет көрсетуіне болады;

- психолог немесе психологтар тобы, ғылыми әдістемелік орталық немесе кабинет ретінде қалалық, аудандық, облыстық немесе мемлекеттік білім департаментінің басқару құрамында және солардың әкімшіліктерінің басқаруымен.

XX ғасырдың басынан педагогикалық психологтардың кең өрісті таралған міндеттерінің бірі – балалар ақыл- ойының дамуын, олардың сапасын және қабілеттерін анықтау (мұнда сынақ қолданылады). Мектеп психологы дәстүрлі түрде өзінің мүмкіндіктерін психикалық функцияларды өлшейтін

стандартталған тестілерді пайдаланып, арнайы бағдарламамен оқытуға балаларды даярлау немесе дифференциациялау қызметін атқарады. Психологтар арасында жас ерекшеліктеріне сай бала ақыл-ойының дарындылығының коэффициентін анықтайтын тест әдісі де қолданылады.

Өлшеу және тестілеу, яғни арнайы бағдарламамен оқытатын балаларды таңдау – түрлі елдерде мектеп психологының тарихи ерте функциясы – және қазір психологиялық қызмет практикасында тіпті кең өрісті қолдануға болады. Бірақ, ағылшын психологтары өлшеуге арналған бейресми тестілерге қанағаттанбаушылық білдіреді. Нақты мысалдармен сипатын және ғылыми кемшіліктерінің олардың шектеулігі мен жасандылығын жариялайды. Тест негізінде адамдарды топтарға бөлудің орнына, оқытудағы нақты қиындықтар, олардың себептері мен жеңу жолдарына арналған зерттеулерге зейін көбірек аударылып зерттелуде. Практикалық педагогикалық психологияның өзекті мәселесі ретінде, оқытуда және әлеуметтік жағдайларға бейімделуде қиындықтары бар оқушыларға психологиялық қолдау көрсету болып танылуда [9].

1980-шы жылдары көптеген американдық мамандары өлшеу мектеп психологиясының мәселесі шешетін негізгі жол деуді қойды. «Мектепте психологиялық қызметті қамтамасыз ететін мектеп психологтарының Ұлттық ассоциациясының нұсқауында» мектептегі психологиялық қызметтің негізгі мақсаты – балалар мен жасөспірімдердің психикалық саулығын және білім алуға қызығушылықтарына байланысты қызмет атқару делінген. Бұл нұсқа:

- балалар мен жасөспірімдердің «мектептік міндеттерін» психологиялық және психологиялық- педагогикалық өлшеу және бағалау;
- мектептің толық когнитивтік, аффективтік және әлеуметтік дамуларын қамтамасыз ету бағытына психологтың белсенді араласуы қажет;
- педагогикалық қызметкерлер мен ата- аналарға, олардың балаларға қамқорлық жасауына арнайы бағдарламамен оқыту, кеңестер және т.б. көмек беру;
- балалардың мектептегі іс- әрекеттеріндегі және мектеп персоналының кәсіби мәселелеріне байланысты педагогтармен, мектеп қызметкерлерімен және ата- аналарымен біріккен жұмыстар жайлы кеңестер ұйымдастыру.

1985-ші жылы Франциядағы түрлі бес ұйымдарының өкілдерін құрылған жұмысшы топ- психологтардың Ұлттық ассоциациясының мүшелері, педагогикалық психологтардың міндеттерін былайша айқындады: мектеп психологы, егер ата- аналары мен мұғалімдері бірігіп өолдаса, баланың барлық тұлғалық қасиеттерінің дамуына мүмкіндік жасай алады; сондайақ педагогикалық психолог мектеп және отбасы тәрбиесінің жүйесіне қарсы тұруына болады, тәрбиелеу стандартына өзгерістер енгізе алады, егер баланың тұлғалық дамуына олар кедергі тудырса. Соңғы жылдары Франциядағы білім жүйесінің психологиялық қызметі келесі мақсаттарды алдына қояды:

- мектептегі үлгермеушілікті ескерту;

- балалардың әлеуметтік икемділіктеріне және әлеуметтік бейімделулеріне қолдау көрсету;
- ақыл- ойларында кемшіліктері бар балаларға оқушылардың жалпы тобына интеграциялануына көмек беру;
- оқушылардың жалпы білім алуына және кәсіби өсуіне ықпал ету;
- мұғалімдердің, әлеуметтік қызметкерлердің, әкімшіліктің т.б. білім берудегі мамандардың біліктілігін жетілдіру.

Психолог-кеңесшінің іс-әрекетінде, мысалы Чехия мен Словакияда психодиганостика жетекші орында. Атқарылған жұмыстың негізінде диагностикалық түйін құрастырылып, нұсқаулар ұсынылады.

Психолог баланы арнайы немесе қолдаушы мектепке, бастауыш мектеп аумағында арнайы сыныпқа, арнайы бала-бақшаға т.с.с. ұйымдастырушы шараларға байланысты нұсқаулар бере алады. Ол балаға ыңғайлы оқу типін, мамандықты таңдауда тиімді бағытты ұсынады. Психолог отбасына және мектепте оқыту мен тәрбиелеудің мәселеге сәйкес әдістерін, психотерапияның түрлерін, дәрігерлік жолдарға нұсқау бере алады. Кеңес берудегі негізгі орынды мектептік жасқа байланысты балалардың оқуға дайындығын анықтау алады [10].

Психологтан көмек сұрауға келесі себептер болуы мүмкін: жақсы үлгіретін оқушы нашар оқи бастағанда, қабілеттері жоғары бола тұрып оқуда төмен нәтижелер көрсетсе; бір оқу пәнінің мазмұнын игеруде қиындықтарды сезіне бастағанда; мектептегі оқуға қызығушылығы төмендеп кеткенде; жүйке сипатына байланысты: басының ауыратынына ылғи шағымданатын, ұйқысының қашуы, себепсіз шаршайтын балалармен де жұмыс істейді. Практикалық психологтың мектептегі жұмысына байланысты атқаратын міндеттері:

- 1) мектепте оқытуға байланысты балалардың психологиялық дайындықтарын анықтау, мұғаліммен бірге отырып оларды мектепке бейімдеу бағдарламасын жоспарлау;
- 2) балалардың даралық ерекшеліктерін- қызығушылықтарын, қабілеттерін, сезімдерін, өмірдегі мақсаттарын т.с.с. әр жас кезеңіндегі даму міндеттерін ескере мұғалімдерімен және ата- аналармен бірге дамытатын бағдарламалар құраыстырып іске асыру;
- 3) балалар өмірдегі әр өтпелі, ауыспалы жайттарды ерекше бақылауға алу;
- 4) үлгерімі, тәртібі төмен балаларды анықтап түзеті жұмыстарын ұйымдастыру;
- 5) оқушылардың оқыту және тәрбиелеу үрдісінде қиындықтар тудыратын интеллектуалдық, эмоционалдық, еріктік және тұлғалық ерекшеліктерін анықтап көмек беру;
- 6) қолайлы психологиялық ахуал жасауды қолдау, оқушылардың мұғалімдермен, құрбы- құрдастарымен, сыныптастарымен, ата- аналарымен және басқа адамдармен ара қатынастарындағы бұзылу себептерін анықтап, оларды жоюға әрекеттер жасау;

7) мектеп әкімшілігіне, мұғалімдерге, ата- аналарға балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі психологиялық мәселелерге, зейінді, есті, ойлауды, мінездердің қабілеттерін дамытуға кеңестер;

8) оқушылардың сұрақтарына оқу іс- әрекеттеріне, өзін- өзі тәрбиелеуге, өзін- өзі анықтауға, ересектермен және кұрбы- кұрдастарымен қатынастарындағы мәселелерге жеке жәге топтық кеңестер;

9) кәсіпке бағдарлау жұмыстарына белсенді қатынасу.

Бұл міндеттерді шешудің реті әр мектептегі нақты жағдайға және мектеп психологының кәсіби дайындығының деңгейіне байланысты. Мектеп психологының арнайы міндеттері және іс- әрекет түрлері білім беру мекемесінің дәл сол мезгілдегі мәселенің өзектілігімен айқындалады.

Қазіргі жаһандану кезеңінде білім беру жүйесі ғана емес, Қазақстан қоғамының бүкіл әлеуметтік- қоғамдық құрылымы психологиялық тұрғыдан қамтылуға зәру. Осы бағытта болашақ психолог-мамандардың кәсіптік білімін, іскерлік дағдыларын жетілдіру мақсатында маманның моделі тұрғызылады. Психолог- маманның моделінің өзі болашақ маманды даярлау, оқу іс- әрекетінің моделі және маманның жеке тұлғасын қалыптастыру моделдерінен тұрады. Психолог- маманның моделін тұрғызуда айқындалған принциптерге сәйкес, студенттердің негізгі оқу-кәсіби міндеті, болашақ кәсіби іс-әрекетте кездесетін міндеттерді шешуге бағытталған іскерліктердің құрамына кіретін білімдерінің пайдалана білуі. Оы тұрғыдан қарағанда студенттердің практикасының, өзіндік жұмыстарының, практикалық семинар жұмыстарда қалыптастырылатын нақты іскерліктердің маңызы өзекті екендігі айқын.

Психолог-маманның кәсіптік деңгейін қалыптастыру жолдарын анықтауды оның моделін жасау қажеттілігі арқылы қарастырамыз. Психолог-маманның моделі:

- Болашақ психолог-маманды даярлау;
- Психолог-аман іс- әрекетінің моделі;
- Психолог-маман іс- әрекетінің жеке тұлғасын қалыптастыру модельдерінен тұрады.

Психолог маманның кәсіби даярлығының сапасы, оқытудың мақсаты мен мазмұнының айқындалу деңгейіне байланысты. Ал оның өзі жоғарғы оқу орнындағы оқу процесін ұйымдастыру формаларын анықтайды (маманды қалыптастыратын іс- әрекет түрлері).

Маманды даярлаудың бастапқы дайындық кезеңі студенттердің кәсіби-психологиялық білімдерді игеруі, кәсіби іскерліктерінің қалыптасуына бағыттау болып саналады. Кез келген іскерлік нақты міндеттерді шешуге бағытталғандықтан кәсіби даярлаудың ғылыми негізделген тұжырымдамасы қажет. Мұндай тұжырымдаманың негізгі элементтері: типтік, кәсіби міндеттер мен оған сәйкес типтік кәсіби іскерліктердің түрлері жатады. Авторлар ұжымы ұсынған практикалық психологтың акмеограммасында практикалық психологқа қажетті міндеттер, іскерліктер мен дағдылар сипатталып көрсетілген. Психолог- маманның моделін айқын түсінгенде ғана оқытушылар

студенттердің кәсіби міндеттерді орындау кезінде қажет болатын білімдерді анықтауға мүмкіндік алады.

Осыған байланысты студенттердің білімдерді ұғыну процесін ұйымдастырғанда оқушылар, болашақ маманға қажетті жеке тұлғалық – кәсіби міндеті, болашақ кәсіби іс- әрекеттерінде кезігетін міндеттерді шешуге бағытталған іскерлік құрамына жататын білімдерді пайдалана білуі. Осы тұрғыдан қарағанда студенттер практикасының, өзіндік жұмыстарының, практикалық- семинарлық дәрістерінде қалыптастырылатын нақты іскерліктерінің маңызы ерекше. Оқу процесінде болашақ маманға қажетті кәсіби маңызды жеке тұлғалық қасиеттері мен қалыптастырылатын іс- әрекетінің түрлері айқындайтын болашақ маманның моделіне бағдарлану тиіс.

*Психолог-маманның моделіне мынандай ерекшеліктер жатады деп пайымдаймыз:*

1. Кәсіби іс- әрекет түрлері мен психологтың атқаратын істерін диагностика, коррекция, психологиялық қолдау сияқты мәселелер;
2. Кәсіби іс- әрекетінің құрылымын (типтік кәсіби міндеттер, кәсіби ситуациялар мен кәсіби міндеттерді шешудің стратегиясы мен тактикасы және оларды жүзеге асырудың технологиялық әдістерін көрсетеміз);
3. Маманның жеке тұлғалық кәсіби қасиеттері – оның дүниетанымы мен мотивациялық- мақсатты бағытымен танымдық қабілеттері, коммуникативтік, ұйымдастырушылық біліктілігі сияқты қасиеттерімен өзара ұштасты түрде қарастырылуы;
4. Тәрбие жұмысында кездесіп отыратын қиындықтар мен ойлау, мінез- құлқындағы қателіктер мен олқылықтар;
5. Іс- әрекет сферасына жататын практикалық, әлеуметтік, зерттеушілік, ұстаздық, тәрбиелеу жұмыстары мен жұмыс орындарындағы мекеме типтері (бала бақшалар, панасыз балаларды бөліп отыратын мекемелер, әлеуметтік адаптациялық еңбектік реабилитация орталығы, педагогикалық колледждер) қамтылуы тиіс.

Осы көрсетілген жәйттердің бірі болашақ психолог- маманның моделі, даярлау моделі, маманның іс-әрекет моделі және маманның жеке тұлғасының модельдерінен тұратынын көрсетеді.

Маманның моделі оқу процесінің негізін құрайды. Маман моделінің компоненттері (кәсіби міндеттер, іс- әрекет түрлері), әртүрлі оқу пәндерін іріктеу мен оқыту ретіне әсерін тигізеді. Өмір тәжірибесі көрсеткендей қажетті кәсіби іс- әрекет түрлері мен жеке тұлғалық кәсіби қасиеттерін жоғарғы оқу орнындағы оқу барысында, әрбір оқу жылы мен семестрлерге бөліп, бірте-бірте қалыптастырып отыру тиімді болмақ. Психолог маманды даярлаудың табысты болу көрсеткіші кәсіби міндеттер мен іс- әрекет түрлерінің неғұрлым тиімді болуы жаңа кәсіби міндеттерге тез бейімделіп ауыса білуіне байланысты. Кенеттен пайда болған кәсіби ситуацияларда шешім таба білуіне

кабілетіне де тәуелді. Көрсетілген қасиеттердің бәрі өзара байланыс нәтижесінде кәсіби біліктілік дейтін жалпы ұғымымен сипатталады.

Жоғарғы оқу орнындағы оқыту процесінде кәсіби біліктілікті қалыптастыру, ең алдымен құндылық – бағдарланған міндет ретінде, одан әрі қарай мамандықты игерудің эталондық моделі болып саналады, ал бітіретін кезеңде – маманның жеке тұлғасының жиынтықты (интегративті) кәсіби-маңызды жаңа құрылымы түрінде көрінеді. Демек, болашақ психолог-маманның кәсіби біліктілігін орнықтырудың процессуалды моделін жасап, ол кәсіби-жеке тұлғалық дамудың әр түрлі кезеңдерінен, нәтижесінде мамандықты игеруге даярлық ретінде қарастыруға болады. Кәсіби біліктіліктің қарастырылуы болашақ мамандарды үш типтегі міндеттерді шешуге жүйелі түрде бағыттап отыру арқылы іске асырылады:

- *Оқу пәнінің мемлекеттік білім беру стандартымен анықталған және де оқушы жастар контингенттің қажеттілігі, мақсаты және керекті білім деңгейіне икемделінген пәндік- мазмұндық білім беруді дамытып, кәсіби мамандықты алуға бағытталған;*

- *Процессуалды- технологиялық тұрғыдағы білім беру диагностикалық, жобалық, конструктивті, ұйымдастырушылық, түзету сияқты міндеттерді жүзеге асыруға жоғарғы оқу орнындағы білім берудің субъектісі болып табылатын студенттердің кәсіби мамандықтарды игеруі мен жеке- даралық мүмкіндіктерін іске асыру үшін қажетті жағдайлар жасап, олардың жеке-даралық іс- әрекеттің ұсыныстарын объективті түрде бейнелеу, міндеттері қойылады;*

- *Субъективті – іске асырылатын (өзін- өзі ұйымдастыру, өзін- өзі басқару, т.б.) жәйттерді де қамтиды.*

Жеке-даралық кәсіби біліктілік деңгейді айқындаудың стратегиясы мен тактикасының негізінде жоғары білім беру процесінің субъектілерінің тиісті жағдайға байланысты шешілетін мекемелеріне де жете көңіл аудару керек. Сондай-ақ жас ерекшеліктері мен педагогикалық психологиядағы жаңа құрылымдар идеясын кәсіби білім берудің теориясы мен әдістемесіне экстраполяциялау, студенттердің кәсіби біліктілігін қалыптастырып отыруға мүмкіндік береді. Кәсіби біліктілікті қалыптастыру мүмкіндіктерін бейнелейтін орталық, үш жаңа құрылымды бөліп алуға болады: оқу-танымдық іс- әрекетті игеруі; өзгерістердің жеке тұлғалық және кәсіби даму құралына айналуы; көп нұсқалы жоғары оқу орнындағы білім беру кеңістігінде кәсіби даярлықты айқындап алу қажеттігі туады.

Болашақ мамандардың теориялық білімінің жоғары деңгейлі шығармашылыққа ұласуы кәсіби мәдениеттілігіне, оқу жұмысы мен дәрісханадан тыс жүретін жұмыстарға тікелей байланысты. Бұл өз кезегінде оларды тек кәсіби мамандыққа ғана емес, қоғамшыл-педагог, азамат ретінде де даярлауға жол ашады. Әсіресе, *болашақ мамандарды өз бетімен білім алудың мәнін дұрыс түсінуге білімді жетілдіру жұмыстарының жүйелі жолдарына арналған бағдарламамен жұмыс жасату көп жәрдемдеседі. Өз*

*бетімен білім алу* бағдарламасы, бір жағынан, студенттердің ой-өрісін кеңейтсе, екіншіден, таңдаған мамандығынан, яғни өзін қызықтыратын ғылым саласынан білімін ұдайы тереңдетуге жағдай жасап отырады. Мұндай өз бетімен орындалатын жұмыстың реті ұтымды болуы бағдарламаның нақты құрылуына байланысты.

Қазіргі кездегі жоғарғы оқу орнындарында негізінен, болашақ маманды даярлаудың оқу-танымдық әрекеттеріне көбірек көңіл бөлінеді. Оқу-танымдық әрекетті қалыптастырудың негізгі мақсаты, сол игерілген білімдерді мамандардың болашақта туындайтын практикалық мәселелерді шешуге пайдалана білгенде ғана кәсіби біліктілік деңгейі артатын болады. Оның ішінде, студент өзін қалыптасушы және дамушы маман ретінде сезініп, өзі жинақтаған білімін, іскерлік дағдыларын өзін-өзі ары қарай біліктілігін жетілдіре түсетіндей психологиялық механизмдерн ашып көрсетіп білімін көтеру өзекті мәселе болып саналады.

Демек, жоғары оқу орнында білім берудің мазмұны мен технологиясы, студенттің кәсіби міндеттерді шешуінде өзінің ішкі резервтерін, жеке тұлғалық потенциалын барынша іске асыруға даярлығының деңгейіне бағытталса, сонда ғана, студенттің кәсіби- жеке тұлғалық жаңа құрылымдары дамып, кәсіби біліктілігін қалыптастыруға жетелейді.

Жоғары мектепте психология пәндерін оқыту технологиясын жаңартудың жолдары, студенттердің болашақ іс- әрекетке кәсіби дайындығын жетілдіру, оқытудың белсенді әдістері мен формаларын енгізу арқылы студенттің, өзін-өзі дамыта алатын, басқара алатын, жеке тұлғалық дайындық рефлексиясын қалыптастырады[4].

Бүгінгі таңда адамзат алдына материалдық және рухани құндылықтарды таңдау міндеті қойылып отырғандықтан, олар өзінің мүмкіндіктері мен ұмтылыс талаптарына анағұрлым саналы түрде сын көзбен қарауды, түскен ақпараттарды өңдеуді жауапкершілікпен атқаруды талап етеді. Жоғары оқу орнын бітірушілерге қойылатын талаптардың өзгеруі заңды түрде оқу үрдісіндегі әдістер мен формаларының өзгеруіне әкеп соқты.

Жоғары оқу орны студенттері жүйелі түрде оқылатын лекция материалын жетілдіруден бастап, оқып жүрген кезден үнемі білімін көтеріп, алдағы таңдаған мамандығы бойынша кәсіптік еңбекке дайындалуы қажет. Өз бетінше білімін көтеру болашақ әр психологтың белгілі бір міндетіне айналуы керек. Өйткені, болашақ психологтар қоғамдық, экономикалық, ғылыми, техникалық, мәдени ақпараттар легімен жұмыс атқарып, оны әрбір оқушының жеке тұлға болып қалыптасуына бағыттауы және ұйымдастыруы тиіс. Болашақ мамандардың білім деңгейі оқудағы жетістіктеріне тікелей әсер ететіні айдан анық. Болашақ психологтарды білім алумен қатар өздігінен жұмыс істеуге үйретілуі керек. Сондықтан болашақ мамандардың танымдық іс-әрекетте, ғылыми-зерттеу жұмыстарында белсенділігін тәрбиелеу оқу орнының негізгі мақсаттарының бірі болып табылады.

Жоғары оқу орындарында міндетті оқытылатын психологияны оқыту әдістемесінде теориялық материалдар қарастырылады. Әрбір тақырыптың оқыту әдістемесі, оқыту әдістері, оқыту ұстанымдары, оқытудың кейбір



ерекшеліктері, психолог жұмысын ұйымдастыру, білімді бағалау критерийлері беріледі.

Арнаулы курстардан кейін студенттер алғашқы педагогикалық-психологиялық тәжірибеге біршама дайын болады. Алғашқы аптада тәжірибеден өтуші студенттер колледж оқушыларының психологиялық ерекшеліктерін бақылап, жақын танысады. Екінші аптада тиісті сабақтарын жүргізеді. Мұнда әдіскерлердің және пән мұғалімінің орны ерекше. Олар сабақты талдай отырып, студенттерді кәсіби мамандығына жекелей үйретеді. Әрі қарай олар біршама төселіп психолог еңбегінің қыр-сырын үйрене бастайды. Сабаққа әзірленудің барысы жоспар мен конспект жасаудан көрнекі құралдар әзірлеуге дейінгі жұмыстарды орындауға үйренуді қамтиды.

Әдіскер бұл тәжірибеден өту кезінде студенттердің өзін-өзі және сабақты талдай білуіне жете көңіл бөліп, оның маңызды мәселе екеніне назар аударып отырғаны жөн. Өзіне сын көзбен қарай білген студенттер болашақта жақсы маман бола алады.

Тәжірибе кезінде студент теориялық білімін, кәсіби мүмкіндіктерін, өзіндік шеберліктерін әрбір сабақта, сабақ жоспарында, сабақты түрлендіруде, сабақтың мазмұнын құруда, жүргізілетін тәрбие жұмыстарында көрсете алады. Кәсіптік қызметті меңгеруіне баса көңіл бөлінеді, яғни студенттер мұғалім ретінде өз бетінше жұмыс істеп, олардың барлық тәрбиешілік және оқытушылық іс-әрекетін атқарады. Сондай-ақ студенттердің мұғалімге тән қасиеттерді меңгере білуге мүмкіндігі туады. Олардың олқы жақтары, түзетілуге тиісті кемшілік жақтары да осы тұста анықталады, сондықтан тәлімгер ұстаз бен әдіскер тәжірибеден өтуші студенттің әр қадамын қадағалап, бағдарлап отыруы оң нәтиже берері анық.

Осы шаралардың барлығын ретті, талаптарына сай іске қосқанда ғана біз болашақ мамандарды сапалы даярлауға қол жеткіземіз.

Орта дәрежелі арнаулы оқу орындарында психология пәнін оқып-үйрену мен меңгерудің өзіндік әдіс-тәсілі және мақсат-міндеті бар. Психология - адам тану ғылымдарының ішінде өзіндік орны бар танымдық ғылыми пән. Бұл пәннің алдына қоятын негізгі мақсаты мен мүддесі адамның жан дүниесінің сырын терең барлап білу болып саналады. Өзге ғылыми пәндермен салыстырғанда психологияның даралық ерекшелігі бар. Ол — адамның жан дүниесінің сырын зерттеп, оның мән-жайын анықтау үшін арнайы эксперименттік (тәжірибелік) зерттеулер жүргізуді қажет етеді. Психология пәнін жоғары оқу орындары мен мектептерде, орта дәрежелі арнайы оқу орындарында оқытудың өзіндік тәжірибесі бар. Өзге ғылыми пәндер сияқты психологияны оқыту әдісі қоғамдық және гуманитарлық ғылымдардың әдістемесімен тығыз сабақтас. Бұл пәнді оқытудың тәжірибесін Қазақстанда арнайы ғылыми мәселе етіп көтерген және оқыту әдістемесінің негізін қалаған – академик Т. Тәжібаев (1910-1964). Ол бұл пәннің оқыту әдістемесі мен танымдық рөлін сонау 1940-шы жылдардан бастап арнайы мәселе етіп көтерді.

Психологияны оқыту жайындағы Т. Тәжібаевтің ой-толғаныстары түйсік пен қабылдау, ерік пен зейін, ойлау мен сөйлеу, тағы басқа психикалық

үрдістердің мән-жайын ашып көрсетіп, оларды оқытудың неғұрлым тиімді және ғылыми-практикалық жәйттерімен ұштастыра баяндалады.

Адамның жан дүниесінің тебіреністері мен сезім – күйлері күрделі психикалық үрдіс. Адамның көңіл-күйі мен іс-әрекетінің әртүрлі тереңдігін психологиялық білімсіз танып білу мүмкін емес.

Психологиялық біліммен терең қаруланған болашақ мамандар ғана әлеуметтік ортаға лайықты бәсекелестікке белсенді араласа алады. Психологияның әр саласын оқытудың әдіс-тәсілдері, жаңа технологиялары заман талабына сай бәсекеге түсуге қабілеттілікті қалыптастырады. Бәсекеге түсуге қабілетті болу дегеніміз - ізденуге және жаңа білімді игеруге, стандартты емес шешім қабылдауға қабілетті болу; өзінің кәсіби қабілеттеріне сенімді болып және сол арқылы өз болашағына ықпал жасау. Ізденімпаз, өзіне талап қоя білетін, ұшқыр ойлы, рухы биік болу.

Барлық іргелі істер, ғылыми - техникалық прогресс, өркениеттілік адам миының жемісі. Жоғарғы психикалық функциялардың, іс - әрекет пен жан тебіреністерінің қызметі мидың психофизиологиялық механизмдерімен тығыз байланысты. Ми мен сана, ойлау мен сөйлеу, т.б. сияқты психикалық бірліктер психология ғылымында терең зерттеледі.

Ғылыми - техникалық, мәдени - ағарту байланыстарының кеңеюі, қоғамымыздағы экономикалық және әлеуметтік көзқарастағы өзгерістер, өндірістің жылдамдықпен дамуы әрбір азаматтан жоғары сауаттықты, шығармашылық тұрғыдан ойлауды, қабілеттілікті, парасаттылықты талап етеді.

Аталған қасиеттердің барлығы психологиялық білім негізінде жүзеге асырылмақ. Психологиялық білім беру арқылы адам жан дүниесінің қыр - сырын танып білу шеберлігі, дағдысы мен ілкімді іскерлігі қалыптасады. Ерік жігердің төзімділігі, ақыл - ойдың тереңдігі, мінез - бітістерінің байлығы, қабілеттіліктің жан - жақтылығы, көңіл - күйдің сапалылығы психологиялық білімге деген құштарлық негізінде тұрақты, әрі сапалы қалыптасады.

Біреуді зерттеп жүрген адам танымның құралы, объектісі. Басқа адамға, тіпті, заттар арқылы ықпал етудің өзі сол адамды зерттеу құралына айналдырады. Адамға әсер ету және әсер етуді ұйымдастыру, сол адам жайлы мәлімет жинау ғана емес, сондай-ақ адамның ерекше (басқаларда жоқ – дербес) қасиеттеріне таң қалу.

Психологтың кәсіптік міндеті, тәжірибелік этикасы басқа адамға әсер ету деңгейімен анықталады. Психолог маманның ең маңызды әлеуметтік міндеті – басқа адамның дербес бекітілген, қайталанбас бейнесін жасау.

Психолог адамның жеке өмірін зерттеп, оған ықпал ете отырып, психологиялық ақпаратты мәліметтер жинау арқылы, сол адам өмірінің маңызды кезеңіне айналады. Бүгінгі күндері тәжірибеде кең қолданылып жүрген психологиялық диагностика, психологиялық коррекция, кеңес, психотерапия сияқты кәсіптік әрекетің түрлерін психикалық міндеттерге байланысты қолдану адамға әртүрлі әсер етеді.

Психолог мамандығында қолданылатын рефлексиясының (сананың өзіне назарын аударып, өзінің психикалық күйіне ой жүгіртуі) маңызы – адам

жауапкершілігінің деңгейін терең түсінуге көмектеседі. Психолог маманның танымдық негізі дегеніміз не? Г.С. Абрамованың пікірінше, психолог (өзі адам ретінде және басқа адамдар) кез-келген теорияның мәнді объектісін түсінудің онтологиялық (болмыстық) - танымдық негізін құрайды.

Практикалық психологтың кәсіптік әрекетіндегі ұстанымдық позициясы, ғылыми білімдерінің мазмұны мен қалыптасқан өзіндік теориялық ұғым-түсініктері өте маңызды.

Нақтылы қалыптасқан психологиялық теориялар негізі ғылыми категорияларды тәжірибеде қолданумен тығыз байланысты. Психологиялық ғылыми-теориялық білімді терең меңгерген психолог-маман кез-келген психологиялық жағдайларды жоғарғы кәсіптік біліктілік пен іскерлік шеберлігін көрсете отырып талдайды және оңды шешімдер қабылдайды. Психология пәнінің ерекшелігін бейнелейтін негізгі ғылыми категориялары:

- бейне (образ)
- іс-шара
- мотивация
- қарым-қатынас
- жеке адам-индивид тәжірибелік мамандануда қажетті. Практикалық психологтың негізгі кәсіптік сапалы әрекеттері:
  - психологиялық көмектің мақсатын нақты айқындау;
  - кәсіптік әрекет жағдайларындағы психологтың вербальды және вербальсыз реакциясы;
  - психолог маманның көзқарасы – (өз әрекетіне көптеген теорияларды қолдану);
  - психологтың мәдени жетістігі:
  - жеке басының мәдениеттілігі, байқампаздығы;
  - құпиялылықты сақтай білу (конфиденциалдылығы);
  - психолог әрекетіндегі шектеулілік - өз мүмкіншілігін, кәсіптік шеберлік шеңберінде ғана рефлексиялау;
  - психологиялық жұмысқа жеке тұлғалардың ықпалы - қарым-қатынас ерекшеліктері, ойлары, сезімдері, т.б.;
  - психолог маманның адамгершілік жетістіктері – кәсіптік әрекет барысындағы сыйластық, ілтипаттылық, т.б.;
  - психологиялық жұмыстағы қорытынды теориясы.

Психолог мамандығы көп қырлы, әр салада қажетті мамандық. Мектептегі психологиялық жұмыстың өзіндік ерекшеліктері бар. Психолог қызметінің құрылымы мен көлемі мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарының мақсаттары мен міндеттеріне байланысты анықталады, ал психолог жұмысының тиімділігі өзара қарым-қатынас пен әрекеттесудің негізінде пайда болады. Оқушылар тұлғасының өзін-өзі шыңдауын қамтамасыз ету үшін және тұлғаға бағдарланған технологияларға көшу үшін олардың (оқушылардың) психологиялық ерекшеліктерін жақсы меңгеру қажет.

Мектептегі психологиялық қызмет жұмысы ең алдымен *психодиагностикадан* басталады. Баланың мектепке алғаш келу уақытынан бастап оның оқуға даярлығы (интеллектуалды, мотивациялы)

диагностикаланады, психикалық процестер (зейін, ес, қиял), ойлау ерекшеліктері, оқушылардың дербес ерекшеліктері зерттелінеді. Оқу жылының ортасында *бірінші сынып оқушыларының оқуға бейімделуін* зерттеу және бірінші сыныптағы балаларда кездесетін қиыншылықтардың өзіндік көріністерін анықтау және қажетті көмек көрсету өте маңызды.

Мұғалім диагностиканың нәтижесінде балалардың мектепте бірінші күннен басталған қиыншылықтары мен проблемалары туралы ақпарат алып, оқытудың коррекциялы-дамытушы дербес жолдарын көре алады. Оқу мотивациясы, ақыл-ой жұмысының ерекшеліктері, оқушылардың интеллектуалды дамуының деңгейі зерттеліп, сабақтың рейтингі анықталады. Диагностиканың нәтижелеріне байланысты жылына екі рет (оқу жылының басында және жылдың аяғында, нәтижелердің салыстырылуы үшін) *психологиялық-педагогикалық консилиумдер* өткізіледі. Психологиялық-педагогикалық консилиум оқыту үрдісіндегі оқушылардың танымдық белсенділік стратегиясын жасап шығарудың ұйымдастырушылық формасы ретінде ерекше роль атқарады. Консилиум педагогтарға, сынып жетекшісіне, мектеп дәрігері мен психологқа баланың мектептегі статусы туралы ақпаратты жинақтауға және оқушының белсенділігін оқу үрдісінде дамытудың жалпы тізбегін құруға мүмкіндік береді.

«Кәсіби даму» бағдарламасы *оқушылардың кәсіби және тұлғалық өзін-өзі анықтау* мәселесіне көңіл бөледі. Бағдарламаның ерекшелігі оқушыға «дайын» ұсыныстар бермей, өзіндік таңдауға мүмкіндік пен кәсіби даярлықты қалыптастыруында. Кәсіби таңдау мен өзін-өзі анықтауды психодиагностикалық әдістемелер арқылы анықтап, қызығушылықтарын белсендіретін әдістемелер қолданылады. «Кәсіби даму» бағдарламасы оқушылар тұлғасының дамуына мүмкіндік береді, өзін-өзі қабылдау деңгейін кеңейтеді, өзін-өзі шыңдау қажеттілігін тудырады, өзінің өмірлік жолын табуға, өмірде маңызды шешімдер қабылдауды үйренуге мүмкіндік береді.

Мектептегі психолог жұмысындағы ең маңызды бағыттардың біріне *дарынды және талантты балалармен* жұмыс жатады. Бұндай балалар - шығармашылық және интеллектуалды потенциал болып табылады. Дарынды балалармен жұмыс кезіндегі психолог қызметі бағытының бірі - оқушылардың нышандары мен шығармашылық қабілеттерін ажырату. Дарынды балаларды анықтау көптеген әдістемелерді қолдану мен балалардың жетістіктерін үнемі бақылау арқылы жүзеге асырылатын өте күрделі үрдіс. Мектептегі психологиялық жұмыс оқытушы-педагогтармен және ата-аналармен де бірдей бағытта өткізіледі.

*Ата-аналармен жұмыс* балалардың мектепалды дайындық сыныбына келуімен, балалардың қабілеттерін алғаш диагностикалау кезінде басталады. Оның нәтижелері ата-аналарға хабарланып, кеңес беріледі. Ата-аналар психологиялық-педагогикалық консилиумдерге шақырылады. Сыныптағы өткізген диагностикалық шаралардан кейін ата-аналар үшін жеке кеңес беріледі.

*Педагогтармен жұмыс* семинарлар, педкеңестер, дербес кеңес беру, психотренингтер өткізу түрлерінде жүргізіледі.

Мектептегі психолог қызметі автономды, тәуелсіз және жүйелі жұмыс. Психологиялық жұмыс педагогтар жұмысына, бүкіл педагогикалық үрдіске әсер ететін мектептегі жалпы білім беру үрдісінің бір бөлігі.

Психолог баланы арнайы немесе қолдаушы мектепке, бастауыш мектеп аумағында арнайы сыныпқа, арнайы бала- бақшаға т.с.с. ұйымдастырушы шараларға байланысты нұсқаулар бере алады. Ол балаға ыңғайлы оқу типін, мамандықты таңдауда тиімді бағытты ұсынады. Психолог отбасына және мектепте оқыту мен тәрбиелеудің мәселеге сәйкес әдістерін, психотерапияның түрлерін, дәрігерлік жолдарға нұсқау бере алады. Консультацияда баста орынды мектептік жасқа байланысты балалардың оқуға дайындығын, анықтау алады [10].

Психологтан көмек сұрауға келесі себептер болуы мүмкін: жақсы үлгіретін оқушы нашар оқи бастағанда, қабілеттері жоғары бола тұрып оқуда төмен нәтижелер көрсетсе; бір оқу пәнінің мазмұнын игеруде қиындықтарды сезіне бастағанда; мектептегі оқуға қызығушылығы төмендеп кеткенде; жүйке сипатына байланысты, басының ауыратынына ылғи шағымданатын, ұйқысының қашуы, себепсіз шаршайтын балалармен де жұмыс істейді.

Практикалық психологтың мектептегі жұмысына байланысты атқаратын міндеттері:

1) мектепте оқытуға байланысты балалардың психологиялық дайындықтарын анықтау, мұғаліммен бірге отырып оларды мектепке бейімдеу бағдарламасын жоспарлау;

2) балалардың даралық ерекшеліктерін- қызығушылықтарын, қабілеттерін, сезімдерін, өмірдегі мақсаттарын т.с.с. әр жас кезеңіндегі даму міндеттерін ескере мұғалімдерімен және ата- аналармен бірге дамытатын бағдарламалар құраыстырып іске асыру;

3) балалар өмірдегі әр өтпелі, ауыспалы жайттарды ерекше бақылауға алу;

4) үлгерімі, тәртібі төмен балаларды анықтап түзеті жұмыстарын ұйымдастыру;

5) оқушылардың оқыту және тәрбиелеу үрдісінде қиындықтар тудыратын интеллектуалдық, эмоционалдық, еріктік және тұлғалық ерекшеліктерін анықтап көмек беру;

6) қолайлы психологиялық ахуал жасауды қолдау, оқушылардың мұғалімдермен, құрбы- құрдастарымен, сыныптастарымен, ата- аналарымен және басқа адамдармен ара қатынастарындағы бұзылу себептерін анықтап, оларды жоюға әрекеттер жасау;

7) мектеп әкімшілігіне, мұғалімдерге, ата- аналарға балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі психологиялық мәселелерге, зейінді, есті, ойлауды, мінездердің қабілеттерін дамытуға кеңестер;

8) оқушылардың сұрақтарына оқу іс- әрекеттеріне, өзін- өзі тәрбиелеуге, өзін- өзі анықтауға, ересектермен және құрбы- құрдастарымен қатынастарындағы мәселелерге жеке жәге топтық кеңестер;

9) кәсіпке бағдарлау жұмыстарына белсенді қатынасу.

Бұл міндеттерді шешудің реті әр мектептегі нақты жағдайға және мектеп психологының кәсіби дайындығының деңгейіне байланысты. Мектеп психологының арнайы міндеттері және іс- әрекет түрлері білім беру мекемесінің дәл сол мезгілдегі мәселенің өзектілігімен айқындалады.

Психолог жұмысының жан-жақтылығын төмендегі кестеде үлгі ретінде былайша ұсынуға болады.

1-кесте

### Психолог жұмысының жылдық жоспары

Жұмыстың мазмұны	Міндеттер	Өткізілу формасы	Жоспарға қосымша	Сыныптар	Уақыт
1	2	3	4	5	6
Оқушылармен, оқытушылармен психологиялық диагностикалық жұмыс	1. мұғалімдер мен оқушылардың өнімді бірлесіп жұмыс істеуіне, қажетті әлеуметтік-психологиялық шарттарын құруға байланысты ұйымдастырушылық-психологиялық жұмыс	Тестілеу, бақылау, мұғалім – оқушы		1-9	Жыл бойы
	2. балалардың мектепте оқуға психологиялық даярлығы	Бақылау, тестілер, әңгімелер		1	09-11
	3. 1,5,10 сынып оқушыларының бейімделу кезеңі (түлектер)	Бақылау, тестілеу, оқушылармен, сынып жетекшілерімен әңгімелесу		1,5,10	09-11
	4. оқушылардың жеке өзара қарым-қатынастарын зерттеу	Социометрия, тестілесу	Зерттелу жалғасады	1-9	Жыл бойы
	5. эксперименталды және бақылаушы сынып оқушыларының жекелей қабілетерін зерттеу	Тестер, бақылаулар, әңгімелесу. графикалық диагностика	2-жарты жылдық қаңтар	1-9	Жыл бойы
	6. оқу-тәрбие үрдісіндегі	Тестер, бақылаулар,		1-9	Қаңтар наурыз

	оқушылардың психологиялық күйін талдау	әңгімелесу дербес сабақтар, графикалық диагностика			мамыр
	7. дарынды балалардың қабілеттерін зерттеу, дарынды балалардың диагностикалық карталарын құрау	Тестер, анкеталар, бақылаулар, әңгімелесу дербес сабақтар, графикалық диагностика		1-9	Жыл бойы
	8. оқу-тәрбие үрдісіндегі дарынды оқушылардың психологиялық күйін талдау	Тестер, бақылаулар, әңгімелесу		1-9	Жыл бойы
	9. педагогикалық ұжымның психологикалық диагностикасы	Іскерлік ойындар, тестер, әңгімелесу, кеңес берулер		Пед. ұжым	Жыл бойы
Ата-аналармен жұмыс	1. ата-аналардың психологиялық білімін көтеру	Әңгімелесу, ата-аналар жиналысында кеңес берулер		Ата-аналар, сынып жетекшісі	Жыл бойы
	2. ата-аналармен психологиялық - педагогикалық жұмыс	Әңгімелесу кеңес берулер, ата-аналарды диагностикалау, тренингтер		Ата-аналар, сынып жетекшісі	Жыл бойы
	3. қиын балалардың ата-аналарымен психологиялық - педагогикалық коррекциялық-алдын алу жұмыстары	Әңгімелесу кеңес берулер, ата-аналарды диагностикалау, тренингтер		Ата-аналар, сынып жетекшісі	Жыл бойы
Мұғалімдермен Әдістемелік жұмыс	1. мұғалімдер өткізетін социометрия және анкеталау әдістеріне байланысты кеңес беру	Әңгімелесу талдау, кеңес берулер, тестілеу, анкеталау, социометрия		Ата-аналар, сынып жетекшісі	Ай сайын

	2. мұғалім-оқушы-ата-ана бірлесуіндегі өзара түсінісуге байланысты ұйымдастырушылық қ-психологиялық жұмыс	Іскерлік ойындар, тренингтер, кеңес берулер, тестілеу		Сынып жетекшісі	Жыл бойы
	3. педагогтардың психологиялық білімін көтеру	Әдебиетпен таныстыру, конкурстар, семинарлар, іскерлік ойындар, олимпиадалар, тренингтер		Пед. ұжым	Жыл бойы
	4. жұмыстың барлық кезеңдерінде педагогтарға, сынып жетекшілеріне психологиялық көмек	Кеңес берулер, тестер, әңгімелесу		Пед. ұжым	Жыл бойы
	5. мұғалім-оқушы-ата-ана бірлесуіндегі жеке және тұлға аралық қарым-қатынастар	Іскерлік ойындар, тренингтер		Пед. ұжым	Жыл бойы
Коррекциялық, психопрофилактикалық жұмыс	1. психологиялық және практикалық білім мен тиімділік тұрғысынан оқушылардың қабілеттерін дамыту	Іскерлік ойындар, өз мүмкіндіктерін меңгеру		1-9 пән мұғалімдері	Жыл бойы
	2. қарым-қатынас психологиясы, оны түзету	Тренингтер		Пед. ұжым, кл.жетекшісі	Жыл бойы
	3. коммуникациялық қабілеттерді дамыту	Әңгімелесу, кеңес берулер, тренингтер		1-9, пед. ұжым	Жыл бойы
	4. Дау-дамай, келіспеушілік себебі, оны жою	Кеңес берулер, әңгімелесу тренингтер		1-9 пед. ұжым	Жыл бойы
	5. оқушылардың өзін-өзі төмен, жоғары бағалауын түзету	Кеңес берулер, әңгімелесу тренингтер		1-9, сын.жетекшісі	Жыл бойы
	6. оқшауланған, тұйық балаларды түзету	Іскерлік ойындар, тренингтер		1-9, сын. жетекшісі	Жыл бойы
	7. дисгармониялы,	Кеңес берулер,		1-9 кл.,	Жыл



	дискомфортты, агрессивті оқушылар мен педагогтарды түзету	әңгімелесу тренингтер		сын. жетекшісі	бойы
Әкімшілікпен жұмыс	1. мектеп проблемалары бойынша тығыз бірлесу	Психологиялық-педагогикалық анализ, жалпы мектептік шараларға қатысу, тестілеу		Мектеп әкімшілігі	Жыл бойы
	2. мұғалімдерді жұмысқа алу бойынша ұсыныстар				
	3. оқу үрдісін үйлестіруге байланысты ұсыныстар	Сынып, жетекшілері мен педагогикалық құрамды оқыту, диагностика, психологиялық-педагогикалық талдау		Мектеп әкімшілігі	Жыл бойы
	4. педагогикалық, оқушылар ұжымдарының психологиялық климаттарын сауықтыруға байланысты ұсыныстар	Тестілеу, әңгімелесу, бақылау		Мектеп әкімшілігі	Жыл бойы
	5. қоғамдық жоспарды құруға байланысты бірлескен жұмыс	Пед. ұжым сұрауларын талдау, зерттеу		Мектеп әкімшілігі	Жыл бойы
	6. мұғалімдер аттестациясын, педагогикалық күндерді, семинар, сайыстарды, барлық мектеп шараларын өткізуде қатысу	Гистограмма құру, тестілеу, іскерлік ойын, тренингтер		Пед. ұжым	Жыл бойы
	7. сабақ және сабақтан тыс шараларға қатысу	Шараларды өткізудің психологиялық аспектілеріне талдау жасау		Мектеп әкімшілігі	Жыл бойы
	8. мұғалімдер өткізетін пәндік сайыстарға қатысу			Пед. ұжым	Жыл бойы

Психология ғылыми пән адамның жан-дүниесінің сырын бейнелеумен бірге, оның келешекте қоғамда алатын орнын да анықтауға тікелей ықпал ететін тәжірибелік қолданбалы ғылым.

Қазіргі кезде мектептегі психологиялық қызметтің қамтитын салалары: психологиялық қызметтің мазмұны мен түрлері, профилактикалық істер, диагностикалық жорамалдар, түзетулер мен консультациялық жұмыстар, мектептегі ұстаздар мен ата-аналар арасында жүргізілетін психологиялық әр түрлі шаралар, сондай-ақ мектептегі психолог маманының атқаратын қызметі мен түрлі бағытта жүргізетін зерттеу жұмыстары.

*Психологиялық қызмет жұмысының мақсаты*

- этникалық мәдени білім беру кеңістігінде оқу-тәрбие үрдісі үшін психологиялық оң ахуал тудыру;
- Орта білім беру мекемелеріндегі психологиялық қызмет жұмысының бағыт-бағдарын анықтау;
- Жеке тұлғаның интеллектуалдық ақыл-қабілетінің дамуын, танымдық құбылыстарын, тәрбиелік деңгейін зерттеу;
- Әр баламен (дарынды, тәрбиесі қиын, денсаулығы томен, жаңадан келген, өз еркімен қатысушы) жұмыс жүргізу;
- Оқушы, мұғалім, ата-ана оқушы қарым-қатынасын, жаңадан ендірілген пәндер мен таңдаулы курстардың берілу деңгейін, басқа пәндермен үйлесімділігін, кері әсерін зерделеу;
- Ұстаздың шығармашылық потенциалын және кәсіптік тұлғалық бағытын, типологиялық ерекшеліктерін, өзін-өзі дамыту қабілетін анықтау. Педагогикалық ұжымда, психологиялық ахуал тудыру;
- Ата-аналардың мектептегі оқу-тәрбие үрдісімен психологиялық қарым-қатынас байланысын қалыптастыру, нақты мәселелерді шешу барысында жұмыстар жүргізу;
- Топтағы жағымды және конфликтілік, позицияны (ұстаушылар, топтан сырттап қалушылар анықталып) сынып жетекшісіне, пән мұғалімдеріне арналған психологиялық кеңес, консилиумдар өткізу;

Психологиялық қызмет жұмысының негізгі мазмұны мектептің ішкі проблемаларынан туындап отырады. Анықтауға тиісті мәселелермен әрі педагогикалық кеңістікте диагностикалық, коррекциялық жұмыстар, психологиялық ойындар, тренингтер жүргізіледі.

Педагогикалық ұжымның мектеп әкімшілігінің, кафедра жетекшілерінің, мектеп оқушыларының сұранысымен:

- ◆ оқушылардың мектепке бейімделуі, психологиялық жағымды жағдай тудыру; қызығушылығын арттыру;
- ◆ пәндерге қызығушылығын, байқампаздығын қалыптастыру;
- ◆ педагогикалық ұжымның шығармашылық потенциалын арттыру;
- ◆ жаңадан енген пәндерге қызығушылығын ояту, қалыптастыру;
- ◆ интеллектуалдық шығармашылық қабілеттілік деңгейін анықтау сияқты жұмыстар зерделенді.

Психологтың педагогтармен, сынып жетекшілерімен, ата-аналармен, оқушылармен тығыз байланысып, жан-жақты этно-мәдени тұлғаны дамытудағы, қалыптастырудағы зерттеушілік жұмыстарын айқын көруге болады. Психолог мамандық ретінде ХХ ғасырда қалыптасып жеке статуска ие болды. Психолог - психологиялық білімі бар, психикалық құбылыстарға баға бере алатын және оларды бағалай алатын тәсілдерге ие маман. Психолог іс әрекетке байланысты үш түрлі бағытта жұмыс жасайды:

**I. Ғылыми негізгі** іс-әрекеті - ғылыми зерттеулерді жүргізу, психологиялық теорияларды зерттеу және қажетті әдебиеттер жазу.

**II. Психолог практика** негізінде мақсат-міндеті психологиялық білім арқылы адамдарға психологиялық жәрдем беру. Осы бағыттағы психологиялық жұмыс үш түрге бөлінеді.

а) *психодиагностикалық жұмыс* - әртүрлі психологиялық әдіс-тәсілдер негізінде психологиялық диагноз қою. Психологиялық диагнозды немесе бағалауды психолог диагноз немесе эксперимент жүргізу арқылы қояды. Психологиялық әдіс-тәсілдер арқылы адамдардың психикалық дамуы жайындағы ақпарат арқылы беріп психологиялық диагноз қояды. Психология ғылымына психодиагностиканы 1924 жылы Шведцар ғалымы Герман Роршах енгізген. Психодиагностика мынандай мәселелермен айналысатын ғылым саласы:

- Психологиялық құбылыстардың табиғаты неде және оған ғылыми баға берудегі принципіалды мүмкіншілік?
- Психологиялық құбылыстарға сандық баға беру мен оны танудың қазіргі уақыттағы жалпы ғылыми негіздері қандай?
- Қазіргі қолданыстағы психологиялық құралдар қаншалықты қабылданған жалпы ғылыми әдіснамалық талаптарға сай?
- Психодиагностиканың әртүрлі құралдарына қойылатын негізгі әдіснамалық талаптар?
- Психодиагностиканың әдістерінің ғылымилығын тексеру мен құру процедураларының негізі қандай, соның ішінде тесттер?

Психодиагностиканы өткізу мен ұйымдастыруға байланысты теориялық әрі практикалық мынандай міндеттер қарастырылады:

- Психологқа психодиагност ретінде қойылатын кәсіби талаптар анықталады;
- Өз жұмысын сәтті атқаруға арналған білім, іскерлік, дағдыларды меңгеру;
- Практикалық жағдайларды анықтау. Бұл жағдайларды сақтау –психологтың шынымен психодиагностиканың бір әдісін кәсіби меңгеретініне кепілдік бере алады;
- Психологтың практикалық дайындығына арналған бағдарламаларды, әдістерді, құралдарды жасау, өңдеу;

Теориялық және практикалық сұрақтарды шешудегі бұл үлкен екі кешен бір-бірімен өте тығыз байланысты. Бұл аймақта жоғары квалификациялы маман болу үшін, психолог психодиагностика аймағындағы теориялық және практикалық білімдерді меңгеруі тиіс.

Осы аталған ғылыми және практикалық психология аймақтарынан басқа да бөлімдерде қолданылады. Мысалы: медициналық психология, патопсихология, инженерлік психология, еңбек психологиясы.

Барлық жағдайларда ғылыми және практикалық психодиагностика өзіне тән ерекше міндеттерді шешеді:

1. Адамға тән қандай да бір психологиялық қасиетін немесе іс-әрекет ерекшеліктерін анықтау;
2. Осы қасиеттің даму деңгейін, оның сандық және сапалық көрсеткіштерде көрінуін анықтау;
3. Диагностталатын адамның іс-әрекет және психологиялық ерекшеліктерін қажет жағдайда суреттеу. Зерттелетін қасиеттің әртүрлі адамдарда даму деңгейін зерттеу.

ә) *психокоррекциялық жұмыс* - психологиялық түзету жұмысын диагностикалық жұмыстардан кейін өткізіледі. Психикалық ауытқушылық жағдайларында психолог әр түрлі түзету жаттығу комплекстері арқылы түзету жұмысын жүргізеді. Түзету жұмысы көп уақытқа созылатын процесс, топтық және жеке түзету жұмысы болып жіктеледі. Мысалы, жағымсыз эмоцияларды жою. Түзету жұмысы кезінде психолог психотерапевт, невропатолог, нейропсихолог сияқты мамандармен де бірігіп жұмыс істейді. Мектептегі психологиялық түзету жұмысы оқу үлгерімі төмен және қиын оқушылармен жүргізіледі.

б) *психологиялық кеңес беру жұмысы психологтың кәсіби ісі.*

**III. Психокоррекция** - психикасы сау адамның іс-әрекетіндегі ақауларды түзету үшін қолданылатын әдіс-тәсілдер жиынтығы. Коррекция термині «түзету» мағынасын білдіреді. Психокоррекция адам әрекетіндегі психикалық ақауларды түзетуге бағытталған және осы мақсатта психологиялық әсер етуге бағытталған құралдар жүйесі. Психокоррекция күнделікті өмірде қиындықтарға, проблемаларға, невротикалық жағдайларға тап болатын клиникалық сау адамдардың тұлғаларына; өздерін жақсы сезінетін, бірақ өздерінің өмірін өзгертуге тырысатын немесе тұлғаның дамуын көздейтін мақсаттарды алдына қоятын адамдарға бағытталған.

Психологиялық коррекция - психолог маман қызметінің ең маңызды және жауапты бағыты. Ол адамның ішкі мінездемесіне ықпал жасайды. Сонымен қатар адамның іс-әрекеті мен танымдық процестердің күйзелісін және нақты жағдайдың жауабын шешеді. Психолог қызметіндегі психикалық дамудың ерекшеліктерін түзету, оның шығу себептерін зерттейді. [2,143].

Психокоррекциялық жұмыстағы нормативті (жоғарыдан - төменге, төменнен - жоғарыға бағытталған) әрекеттің жүйелік дамуын, даму принциптерінің өзіндік ерекшелігін, психологиялық сипатын ажыратамыз. Психолог жұмысындағы балалармен коррекциялық жұмыс жүргізу екі түрлі байланыс арқылы жүріп отырады: симптоматикалық түрі даму кезіндегі жекеленген ауытқуларға бағытталған және этнологиялық түрі ауытқулар себептерінің пайда болуын зерттейді. Психологпен және басқа мамандармен:

патопсихолог, дефектолог және невролог жұмыстарымен тығыз байланыста орындалады. [1, 89]

Күнделікті өмірде психология саласында болатын мәселелермен және сұрақтармен жиі кездесуге болады. Адамның ішкі дүниесі теңдікке, үйлесімділікке, жан мен тән сұлулығына талпынуы заңды. Күнделікті өмірде талпынысты жүзеге асыруда адам күрделі жағдайларға тап болып, өзінің проблемаларымен бетпе-бет кездеседі, өз бетімен күресуге дәрменсіз. Психология - жан адамның ішкі жан әлемі дүниесі туралы ғылым.

Білім беру жүйесіндегі психологиялық қызмет: *ғылыми, қолданбалы және практикалық болып*, үш тұрғыда қарастырылады.

- **Ғылыми жағы** білім берудегі психологиялық қызмет мәселелерінің зерттелуін, теориялық және әдіснамалық негіздемесін, психодиагностикалық жасау, қазіргі мектептегі білім берудің нақты жағдайына сай психологиялық әдістемелер білімді қолдану түрлері мен әдістерін дамыту және психологиялық түзетулерді қамтиды.

- **Қолданбалы жағы** оқыту мен тәрбиенің, оқулықтың дидактикалық және әдістемелік материалдардың, оқу-бағдарламалардың психологиялық негіздерін жасау және оны тандауды қоса алғандағы барлық үрдістерін психологиялық жағынан қамтамасыз ету.

- **Практикалық жағы** психологтардың, білім беру мекемелеріндегі (балабақшалар, мектептер, гимназиялар мен интернаттардағы) немесе білім беру жүйесіндегі психологиялық қызмет орталықтарындағы жұмыстарына тікелей қатысты.

*Мектеп психологының қызметтік міндеттері:*

■ Жалпы білім беретін орта мектептердегі оқытудың барлық кезеңдерінде балаларға қажетті жағдайларда жеке көмек беру үшін психологиялық - педагогикалық зерттеуді жүзеге асыру;

■ Психологиялық ғылымның жетістіктерін пайдалануды негізге ала отырып, мектеп оқушыларының түрлі жас кезеңіндегі жан-жақты, тұлғалық, интеллектуалды дамуына ықпал етеді;

■ Мектеп әкімшілігі мен мұғалімдердің сұраныстары бойынша оқушылармен, мұғалімдермен, ата-аналармен психологиялық сақтандыру, диагностикалық, түзеу және кеңес беру жұмыстарын жүргізеді. Мектеп оқушыларының интеллектуалды, тұлғалық, эмоциялық және ерік-жігер ерекшеліктерін, олардың қызығушылықтары мен қабілеттерін зерттейді; оқуға технологиялық дайындық жеткіліксіздігін ерте анықтауды мақсат ете отырып, бірінші сыныпқа бала қабылдауға қатысады;

■ Педагогикалық кеңестің, әдістемелік бірлестіктердің, сыныптар-дағы, сондай-ақ ата - аналар жиналыстарына қатысады, оқушыларға ықпал етіп, жеке көмек көрсетуге байланысты негізгі проблемаларды шешуге арналған педагогикалық консилиумдар мен педагогикалық кеңестерге қажетті ақпараттар дайындайды;

■ Мектептегі психология бөлмесін құруды және қажетті құжаттарды сақтауды, оларды дұрыс пайдалануды қамтамасыз етуді жауапкершілігіне алады;

■ Мектептегі психологиялық қызмет жұмыстарының нәтижесі мен есебінің ғылыми-әдістемелік орталықтары тағайындаған талаптарына сай болуын қатаң түрде жүзеге асырады.

## **ПСИХОЛОГ МАМАННЫҢ КӘСІПТІК ДЕҢГЕЙІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Кәсіби әрекет пен маманның тұлғалық ерекшеліктеріне қатысты сұрақтар бірнеше онжылдықтарда әртүрлі ғылым салаларының, сонымен қоса психология ғылымының өкілдерінің назарын аударды (Б.Г. Ананьев, Е.А. Климов, А.К. Маркова, А.И. Папкин, А.М. Столяренко және т.б.).

Болашақ мамандардың кәсіби құзырлығын қалыптастыруда ерекше мағынаны кәсіби әрекеттегі даму заңдылығына және тұлғаның көрінісіне ерекше мән аударады. Субъекттегі объекттің өзгеруі мен әрекет шарттарының өзгеруі кәсіби әрекеттің анализін субъект пен объекттің күрделі әрекет жүйесі ретінде қарастырады. Кәсіби даму мәселесін қазіргі заманғы психологияның ең басты және ең өзекті мәселе ретінде қарастыруға болады. Маман болу үрдісін қарастыратын, сол үрдіс деңгейлерін бөлетін, кәсіби даму спецификасының жеке деңгейлерін анализдеу, әрекеттің психологиялық құрылымының компоненттерін қалыптастырудың арнайы ерекшеліктерін зерттеуші кәсіп даму концепцияларының көптеген түрлері бар.

Психологияда даму түсінігінің бір мағыналы сипаттамасы жоқ. Психология бойынша жұмыс анализі көрсеткендей бұл түсінік «қалыптастыру» және «құрылу» түсініктерімен тығыз байланысты. Жалпы түсінік ретінде «психикалық даму» түсінігі жатады – психиканың прогрессивті, бірізді, қайталанбас сапалық және сандық өзгерісі. Психикалық даму бұл ылғи да жаңаның пайда болуы, бұған өту секіру тәріздес мінездемеге ие болады, ол өзгеріссіз өзіне біртіндеушілік үзілісін қосады. Тұлғаның тұрақтылығы мен орнықтылығы оның өзгерісі мен сапаландыруымен ылғи да қатар жүреді [11].

Адам психикасында әлеуметтік тәжірибені игеру негізінде өтетін психикалық дамуды Л.С.Выготский сапалық өзгеріс үрдісі ретінде қарастырған. Психикалық дамудың негізгі мінездемелеріне ол:


- қоғамдық- тарихи табиғатты;
- барлық психикалық функциялармен арақатынасты көрінетін бүтіндікті;
- дамудың бір сатысынан сапалы түрде келесіне өту бірізділігі – деңгейлікті жатқызған [12].

Дамудың басқа өзгерістерден айыратын негізгі ерекшеліктері болып бағыттылық, заңдылық және қайталанбастық табылады. Психикалық даму шарттарына тұлғаға белгілі бір әсер ететін сыртқы және ішкі жағдайлар жатады. Негізгі сыртқы шарттар болып оқыту және тәрбие – тұлғаның өзінің белсенділігі, оның мотиві, қарым- қатынас, қабілеті, бағдары және т.б. табылады. Зерттеу анализі, кәсіби дамуды – психиканың кәсіби- біліми еңбектік және кәсіби әрекетті орындау және үйрену үрдісі ретінде өзгеру деп көрсеткен.

Кез келген кәсіпте тұлғаның кәсіби және тұлғалық дамуы тығыз өзара байланыста өтеді. Тұлғаның маман болып қалыптасуына оның жеке, тұлғалық ерекшеліктері маңызды ықпалында өтеді. Алайда, басқа ешқандай кәсіби әрекетте адамның тұлғасына психолог кәсібінде сияқты ерекше қызығушылық аудармайды. Психолог кәсібінде маман тұлғасы дербес, қайталанбас тұлға ретінде ғана шықпайды. Психолог тұлғасы, жай тұлға дегеннен жоғарырақ: ол өзінің мінездемелер мен қасиеттерінің жиынтығы мен толуы болып табылады. Психологтың кәсіпқойлылығынан, яғни тұлғаның мінезі мен сапаларының кәсіпке сәйкес келуінен, жұмыста жетістікке жетуі жатады [13].

Бұқаралық санада, психолог, ең алдымен – практик. Сондықтан, оған коммуникативті құзырлық, интеллектуалдылық, терең білімдердің бар болуы, дамыған өзіндік сана, жақсы рефлексия сияқты қажетті қасиеттер қажет. Психологтың психологиялық бейнесін құрайтын, жиі айтылатын қасиеттерге: талантты, белсенді, ашық, күшті, демокративті, оптимист, қуанышты т.б. жатады. Болашақ психолог мамандарының кәсіби компетенттілігі *акмеология* ғылымының зерттеу мәселесіне жатады. Кәсіби шеберліктің шыңына шығу туралы ғылым «акмеология» - грек тілінен аударғанда «шың», «биіктік» деген мағынаны білдіреді. Демек, акмеология – шың туралы ғылым, немесе адамның дамуы мен өмірлік әрекеті барысындағы биіктерге шығуы туралы ілім. Акмеологияда адам өзін-өзі дамыту мен шығармашылыққа қабілетті, өзінің өмірі мен кәсіби әрекетін ұйымдастыра алатын өз әрекетінің субъектісі ретінде қарастырылады. Тұтас алғанда акмеология – адамның сапасы және сапалы өмір жайлы ғылым.


Психолог мамандығы сан қырлы мамандық. Маңызды қырларының бірі-ең өзекті әрі кең тарағаны психолог мамандықтың білім беру саласындағы психологиялық қызметі. Мектеп психологына қажетті кәсіби білім, іскерлік пен дағдыларды қалыптастыру мәселесіне ерекше назар аударылуда. Болашақ маман практикада педагогикалық әрекетінде акме жағдайға қажетті шеберлік, кәсібилік, құзырлық сияқты сатылардан өту арқылы жетеді:




Педагогикалық пәндерді оқыту студенттерден педагогика ғылымы және педагогикалық шеберлік жайлы білімді талап етеді. Педагогика – тәрбиелеу, оқыту, білім беру жайлы ғылым саласы. А.Дистервег, К.Ушинский, А.С.Макаренко, В.С. Сухомлинский және т.б. педагогикалық шеберліктің дамуына зор үлес қосқан. Ғалымдар мұғалімдердің табыстарын олардың адамгершілік қасиеттері, мәдени деңгейі, кәсіби әрекетін тұрақты жетілдіріп отыруға деген ұмтылысын байланыстырған. Мысалы: А.С. Макаренко мұғалім өзінің кәсіби-шығармашылығын жүзеге асыру жолында алдымен шеберлікке

жетуі тиіс екеніне тоқтала отырып, «шеберлік» ұғымын педагогикаға қатыстыра ең алғаш қолданған және бұл сапа жайлы «Тәрбиешінің шеберлігі – айрықша талантты қажет ететін ерекше өнер емес, дегенмен оған дәрігерді немесе музыкантты шеберлікке үйреткендей үйренетін мамандық» - деген болатын.

Педагогикалық шеберлік сан-сапалы кәсіби әрекетті жүзеге асыруды нәтижелі ету үшін еңбексүйгіштік, сүйіспеншілдік, баланың ішкі жан-дүниесін түсіну, таңдандыра, жобалай алу сияқты қасиеттердің болуын талап етеді. Педагогикалық шеберлік – кәсіби әрекетті жоғары деңгейге көтеретін мұғалімнің жеке қасиеттерінің, оның білімі мен білігінің жүйесі. Осы мәселеге қатысты келелі ой айтып жүрген ғалымдар Ю.Б. Иванов пен Т.В.Сорокина педагогикалық шеберліктің құрамаларына гуманистік бағыттылық, кәсіби білімдер, педагогикалық қабілеттер; педагогикалық техника, педагогикалық психиканы білуді жатқызады.



Мамандық әрекеттің шыңына апаратын келесі баспалдағы **кәсібилік**. Қоғамның жаңаруы мен қарыштап дамуы оның азаматтарының барлық саладағы кәсібилігіне байланысты. А.К.Маркова кәсіби деңгейіне көтерілуінің мынандай психологиялық критерийлерін анықтаған:



*Объективті критерийлер:* маманның өз мамандығына қаншалықты сәйкес, әлеуметтік тәжірибеге қосар үлесі қандай екендігі. Жоғарғы еңбек көрсеткіші, әртүрлі мәселелерді шығармашылықпен шеше алу біліктері т.б. жатады.

*Субъективті критерийлер:* мамандығы қаншалықты оның табиғатына, қабілеттері мен қызығушылықтарына сәйкес, қаншалықты ол өз ісінен қанағат табатындығы. Кәсіби-педагогикалық бағыттылық, мамандықтың маңыздылығын, оның құндылығын түсіну, және т.б.


*Нәтижелі критерийлер:* маман өз ісіне қоғам талап етіп отырған нәтижелерге қол жеткізіп отырма деген мәселе тұрғысынан қарастырылады.




Оқушылардың білімдерінің стандартқа сай болуы; қарым-қатынас қабілетін дамыту; өмірге дайындығы. Оқыту нәтижесін баланың психикалық функцияларының жетіліп, өзінің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өмірлік мәселелерді шешуде қолдана алуы.

*Шығармашылық критерийлер:* мамандық кәсіптің шекарасынан шыға алу, сол арқылы өз тәжірибесін, еңбегін өзгерте алуы. Өз жаңалықтарын білгендері мен түйгендерін басқаларға ұсына алудың шығармашылық бағыттылығы.

Кәсібилік бірден келе салмайды, оны әр маман меңгеруі тиіс. А.К.Маркова мамандықтағы кәсібиліктің кезеңдерін былайша ажыратады:



Кез-келген маман өз тәжірибесін өзінің шығармашылық ізденістерімен толықтыру, еңбектерін кеңінен қолдануда кәсіби, жоғары деңгейде іске асырады. А.К. Маркова кәсіби құзырлықтың сипаттамасын шебер-маманның, жаңашыл-маманның, зерттеуші-маманның және кәсібилік дәрежесіне көтерілген мамандардың жиынтық образы ретінде қабылдайды.



Маманның акме жағдайында кездесетін тағы да бір баспалдағы – оның кәсіби құзырлық деңгейі. «Құзырлық» ұғымының қазақ тіліндегі түсіндірмесі «жасай алу» деген мағынаны білдіреді. Кәсіби құзырлық психология, әлеуметтану, педагогика ғылымдарының түйісі нүктесінде пайда болады.

Белгілі ғалым М.М. Чошанов құзырлықты білім, білік, дағдының өзара байланысы деп қарап, оның төмендегідей формуласын ұсынады:

**Білім қолданудың  
жылдамдығы**

**Әдістердің  
оралымдылығы**

**Ойлаудың  
сынаулығы**

Н.В. Кузьминнің көзқарасы бойынша бұл ұғым педагогтың басқа бір адамды дамытуына негіз болатын білімділігі мен абыройлылығы.

Қазіргі уақытта екі типтегі мамандарды бөліп қарауға болады. Біріншілері: жаңалыққа құмар, тиімді тәсілдерді таңдай алатын, жүйелілікпен ойлауға үйренген, өзінің педагогикалық әрекетін талдай алатын, еңбекке деген мотивтері жоғары мамандар. Олар акме жағдайға жақын тұрғандар. Екінші топта оқыту мен тәрбиелеуге бір ғана өзінше дұрыс көзқарасы қалыптасқан, оқушылар мен олардың ата-аналарына әсер ете алмайтын, психологиялық білімі төмен, өзін-өзі дамытуға қызығушылығы төмен т.б. Білім беру жүйесіндегі қазіргі «субъект-субъектілік» жағдай басқа адамға тек акмеологиялық деңгейі жоғары, басқаша айтсақ акмеологиялық сапалы адам ғана әсер ете алатындығын көрсетіп отыр. Ал маманның сапасы тұлғаның сапасын дамытатын кәсіби әрекеттің сапасы. Бұл білімнің сапасын қамтамасыз етеді деп айтуға болады.

Сондықтан мамандардың сапасын арттыру ісімен айналысатын біліктілікті арттыру мекемелерінің негізгі мақсаттарының бірі де олардың кәсіби әрекетінің шыңына шығуына жағдай жасау. Бұл салада жұмыс жасайтын мамандардың тыңдаушыларға акмеологиялық тұрғыдан әсер ете алуы біліктілікті арттырудың ақырғы нәтижесінде байқалады. Ал оның көрсеткіштеріне мыналарды жатқызуға болады: 1) білімдік үрдістің субъектілері арасындағы өзара әрекеттің дәрежесі; 2) оның тыңдаушының жеке және «сүзгілері» арқылы өн бойына даруы; 3) субъектілердің кәсіби әрекетін дамыту мақсатындағы бір-біріне деген сезімінің дәрежесі; 4) өзара әрекеттесуді кеңістік-уақыт параметрінде ұйымдастыру деңгейі; 5) субъектінің білімді үрдісті өз кәсіби деңгейін дамыту тұжырымдамасын жүзеге асыру құралы деп түсіне білу деңгейі. Бұл аталған мәселелердің барлығы біліктілікті арттырудың көрсеткіштерін құрайтын көп құрылымды жүйенің қатарына жатады.

Ғылыми-техникалық, мәдени-ағарту байланыстарының кеңеюі, қоғамымыздағы экономикалық және әлеуметтік-көзқарастардағы өзгерістер, өндіріс салаларының жекешеленуі, адам қызметінің артуы, оның салауатты қоғам орнатуы әрбір азаматтың жан-жақты дамуын талап етеді. Сондықтан үздіксіз білім беру жүйесі басқа материалдық-рухани тараулар сияқты өз дамуын қайта құруды бастан кешіруде.

Ғылыми-техникалық прогрестің және өндірістің жылдамдықпен дамуы-ересектерден интеллектуалдық еңбекті, ал өскелең жас ұрпақтан жоғары сауаттылықты, шығармашылық тұрғыдан ойлауды дамытуды, жоғары дәрежедегі кәсіптік қабілетті талап етеді. Білім беру саласындағы белгіленген

құжаттарда көрсетілген жаңа педагогикалық идеяны жүзеге асыру, оқу пәндері бойынша жоғары маман кәсіп иелерін қайта даярлау, мамандарды дәуір талабына сай даярлау – кәсіби даярлаудың мақсаты.

Пәнге ыңғайы және кәсіби бағдары бар әр адамның кәсіби бағдарын сезінуі - қоғамдық болмыстың айнасы болып табылатын қоғамдық сана қалыптасуы үрдісі үшін қажет. Кәсіби бағдар сезінуі:

- ◆ әр нәрсеге өз бетінше стихиялық түрде ұмтылу;
- ◆ жеке идея;
- ◆ бір жүйеге келтірілген, ой-санадан өткізілген бағдар адамның сол кәсібін меңгеруге деген итермелеуіш күшін тудырады.

Кәсіби бағдар проблемасына шетел әдебиетінде де (Д.Кац, Ф.Герцберг) біршама көңіл бөлінген. Олардың ойынша кәсіби бағдар қалыптасуына екі нәрсенің ролі ерекше: біріншісі, өмірдегі мансапқорлық (карьера) психологиясы, екіншісі, еңбек ету психологиясы. Осы екеуі де адамның әр түрлі қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған. Біреулері, кәсіптік бағдары адамның сүйек жақындығы, жекжаттық тұрғысынан қарастырса (И.Ф.Гербарт), екіншілері биологиялық шығу тегіне байланысты (У.Джеймс), ал үшіншілері жарамасына, сезімге, ерік, тілек еркіндігіне байланысты деп қарастырады.


Өкінішке орай, әзірше кәсіби бағдардың мәні мен құрылымы, сол құрылымның адам жасына орай өзгеруі туралы нақты көзқарас жоқ. Қоғамда адам факторы - шешуші және қозғаушы күш. Кәсіпке бейімделудің жолдары мен әдістері көп. Кәсіпке бейімделу элементтері оқу-тәрбие үрдісіне сай жүргізілуі тиіс. Оқуды жүзеге келтірудің бір міндеті ретінде мамандардың кәсіби бағдарын қалыптастыра білудің орны ерекше, оқудың тиімділігін арттыруда оның маңызы зор.

Кәсіби бағдардың қалыптасуына әсер ететін жеке факторларды анықтау оның даму механизмін білуге мүмкіндік береді, соның нәтижесінде кәсіби бағдардың қалыптасуын басқаруға болады. Кәсіби бағдардың қалыптасуын басқару мәселесі біріншіден, қоғамның әлеуметтік қажетіне байланысты болса, екіншіден, оның пәрменділігін дамытып, болашақ мамандық бойынша еңбек етудің, үйренудің қалыптасуына да байланысты болады.

Бұрынғы Кеңес одағы құрамындағы мемлекеттердің егемендік алуы, дүниежүзіндегі дамыған мемлекеттермен дипломатиялық-экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени-ағарту байланыстарының кеңеюі, қоғамымыздағы экономикалық және әлеуметтік көзқарастардағы өзгерістер, өндіріс салаларының жекешеленуі, адам қызметінің артуы, салауатты қоғам орнату әрбір азаматтың жан-жақты дамуын талап етеді. Сондықтан үздіксіз білім беру жүйесі басқа материалдық-рухани тараулар сияқты өз дамуын қайта құруды бастан кешіруде.

Бұл жүйе алдындағы мемлекеттік және әлеуметтік жайт, болашақ ұрпақты өркениетті азамат етіп тәрбиелейтін болашақ психолог мамандарға үлкен жауапкершіліктер жүктейді.

Ғылыми-техникалық прогрестің және өндіріс саласының жылдамдықпен дамуы-ересектерден интеллектуалдық еңбекті, ал өскелең жас ұрпақтан жоғарғы салауаттылықты, шығармашылық тұрғыдан ойлауын дамытуды жоғарғы дәрежедегі кәсіптік қабілетті талап етеді.



Мамандар біліктілігін көтеру және қайта даярлау жүйесін дамытудың негізгі бағыттарының бірі ретінде білім үрдісін мазмұны жағынан жақсарту, атап айтқанда, мамандардың беделі, жауапкершілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру технологиялар мен оқытудың түрлі тәсілдерін күнделікті өмірге енгізу басты назарда тұр.

Бұл міндеттерді жүзеге асыру және мамандардың кәсіби даярлығын арттыру үшін кәсіптік білім беретін оқытушылардың білімін жетілдіру және қайта даярлау курсына заман талабына сай педагогикалық технологиялары негізінде ұйымдастыру үлкен маңызға ие. Білім беру саласындағы белгіленген құжаттарда көрсетілген жаңа педагогикалық идеяны жүзеге асыру, оқу пәндері бойынша жоғарғы дәрежедегі маман, кәсіп иелерін қайта даярлау, білім-ғылым және зерттеу-ғылыми жетістіктерін іс жүзінде қолдану, мамандарды заман талабына сай педагогикалық мәселелермен таныстыру арқылы оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру.

Білім-ағарту мекемелерінде оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың маңызды мәселелерімен, атап айтқанда, оқушылар санасында ұлттық тәуелсіздік идеяларын сіңірудің мазмұнымен, әдістерімен және демократияландыру, оқушылардың білім алуына мүмкіндік беретін модулді білім, дидактикалық ойын, мәселелік оқу технологияларын пайдалану жолдарымен танысады.

Білім жетілдіру жүйесін мазмұн жағынан жағалау ғана емес, сондай-ақ тыңдаушылармен жүргізілетін сабақтарды заман талабына сай педагогикалық жаңа технологиялар негізінде ұйымдастыру арқылы мамандардың кәсіби шеберлігін жетілдіру қажет. Мұндай игі шаралар оқу-тәрбие үрдісін заман талабына сай ұйымдастыруға және басқаруға, еркін және шығармашылық тұрғыдан ойлауды дамытуға, интеллектуалдық әрі кәсіби мүмкіндіктерін талдап саралауға мол мүмкіндік береді.

Кәсіби бағдар беру сабақтары заман талабына сай педагогикалық технологиялар, атап айтқанда, модулді білім, оқытуды жобалау және мәселелік білім технологиялары негізінде ұйымдастырылады.


Сондай-ақ жобалау кезінде сабақ және сабақтан тыс жаттығуларды оқушылар санасы мен көңіліне ұлттық тәуелсіздік идеясын сіңіру, модульді оқыту жолмен білім беру, жаңа білім технологияларын пайдалану арқылы жүзеге асыру назарда ұсталады. Ал тыңдаушылар тарапынан жобаланған сабақ және оның мазмұны талқыланады, ең жақсы жобаланған жұмыстарды мұғалімдер талдайды және бағалайды.

Болашақ психолог даярлау және біліктілігін көтеру барысында еңбек етуге, шығармашылық пен еркін пікір жүргізуге, өз білімін, салауатты қабілетін және іс-тәжірибесінде болған септігін нығайтуға, жауапкершілік сезімін қалыптастыруға, өзара тәжірибе алмасуға мол мүмкіндік туады. Жас ұрпаққа сапалы тәрбие және сапалы білім беру деңгейі, ең алдымен маманның даярлығына, оның іс-тәжірибесінің қалыптасып шыңдалуына байланысты. Демек, болашақ психологтың кәсіби қызығуын қалыптастыру мамандарды даярлау саласының алғы шарты ретінде бағаланады.

Маманның кәсіби білік дағдылары жеке кәсіби-педагогикалық мәдениетін көрсететін өлшем. Оған маманның жеке мәдени деңгейі, адамгершілігі, тәлім-тәрбиесі, ізденімпаздығы, зерттеушілігі жатады.

Маман кәсіби білімін үздіксіз жетілдірген жағдайда ғана танымдық, шығармашылық қабілетін дамытып, ғылымға деген қызығуын қалыптастыра алады. Сондай-ақ маман жаңалық жаршысы ретінде оқытудың тиімді тәсілдерін, озық тәжірибелерді сараптап, шығармашылық ізденіс үстінде болуы керек.


Кез-келген болашақ маманның ең басты қасиеттерінің бірі – кәсіби қызығушылықтың қалыптасуы. Әр адам өзінің еңбек жолын таңдауға даярланған кезде алдына ішкі сезіммен тұжырымдалған мақсат қою арқылы қызығушылығын қалыптастырады. Мамандыққа немесе кез-келген іс-әрекетке деген қызығушылық қалыптасуы үшін мына үш ұстанымға көңіл аудару қажет: ақыл – ойдан өткізу, еріктік және таңдау бостандығы.



Бүгінгі мамандықты дұрыс таңдаған ұрпақ елдің болашағын айқындамақ. Заман талабына сай мамандықты таңдап, игеру барысында қателік жібермеу өте маңызды. «Қызығу - әр қырынан алып қарауға болатын күрделі ұғым, адамның белгілі бір объектіні ұнатып, білуге ұмтылған іс-әрекетін қуаттандыратын психикалық ерекшелік» деген ғалымдар. Қызығу адамды жаңаны білуге, әрекеттің жаңа әдістерін ізденістіруге құмарландырады. Сондықтан адамның қызығуы бір іспен шұғылданғанда әр түрлі әрекеттерде көрініс алады. Қызығу адамның дүниеге қажеттілік

қатынасы ретінде ішкі жан-дүниесінде пайда болып, қоршаған нәрселер мен құбылыстардың мәнін білуге бағытталған танымдық әрекет кезінде жүзеге асатын жеке бас бағыттылығының формасы. Ол жеке адамның эмоциясы және еркімен тығыз байланысып, оларды өсіреді, іс-әрекет кезіндегі қиындықтарды женуге жұмылдырады. Қызығудың бір түрі ретінде психологтар мен педагогтер кәсіби қызығуды анықтайды. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдауда, қазірше ғылымда орныққан «кәсіби қызығу» деген ұғым жоқ, көптеген авторлар кәсіби қызығу теориясын жалпы ұғым ретінде, яғни жалпы тұлғаның психологиялық қасиеттері ретінде қарастырады.

Кәсіби қызығу басқа қызығулардан кәсіби қызмет үрдісінде және оқу барысында туындайтын, қиындықтарды жеңіп шығуға ерікті, саналы дайындығы ретінде ерекшеленеді.




Кәсіби қызығу педагогикалық мүмкіндіктердің қалыптасуы мен дамуына елеулі әсерін тигізеді. Онда педагогикалық қызмет талаптарына жауап беретін қатынастар, қасиеттері, психикалық үрдістер біріктіреді. Осының салдарынан болашақ мамандардың кәсіби қызығуы педагогикалық мүмкіндіктердің өзіндік индикаторы ретінде дәрежеленуі мүмкін. Педагогикалық – психологиялық қызметке кәсіби қызығуды оқып тану болашақ маманның жеке тұлғасын қалыптастыру үрдісін басқаруда маңызды орын алады.

Адамдардың білімдік және тәрбиелік деңгейін шешуші дәреже психолог-маманға, оның кәсіби құзырлығына байланысты. Сондықтан да кәсіби құзырлы маманның келешектік моделін дәл елестете білу беру мекемелері басшылары, білім беру ұйымдарын басқару органдары қызметкерлері, тіпті болашақ мамандар үшін де маңызды.

«Қандай маманды кәсіби құзырлы дейміз?» деген сұрақ өз-өзіне туындайды. Бұл сұраққа жауап беру қоғамның әлеуметтік-экономикалық тапсырыстарынан және қазақстандық, әлемдік білім кеңістігі талаптарынан туындайтын, адам тұлғасы туралы жаңа түсініктер тұсындағы жоғары білім

берудің мақсаты, мазмұны және құрылысын, тағы басқаларын тұтастай алып қарауды қажет етеді.

Тәжірибе көрсетіп жүргендей, кәсіби құзырлы маманның бойынан кәсіби де, мәдени де сапалар табылуы тиіс. Бәрінен маңыздысы – осы сапаларды қарайтын бөліктерді дәл анықтап, олардың тиімді құрамын белгілей білу. Алдымен кәсіби сапаларға тоқталайық. Олардың қатарына маманның теориялық, тәжірибелік және тұлғалық-іскерлік даярлықтары бойынша сапалары кіреді.



Ғалым-педагогтер В. Слостенин, И. Исаев, А. Мищенко, Е.Шияновтар «Педагогтің кәсіби құзырлығы түсінігі оның педагогикалық қызметті атқаруға теориялық және тәжірибелік даярлығының тығыз бірлігін білдіреді» дей келе, олардың мазмұнын егжей-тегжей талдайды. Теориялық даярлық мұғалімнің арнаулы және педагогикалық-психологиялық білімділігін қамти отырып, оның талдаушылық, болжаушылық, жобалаушылық және рефлексивтік біліктерінің болуын көздейді. Маңызы бірде-бір төмен емес тәжірибелік даярлық сыртқы біліктерде көрініс табады. Оған жататындар: ұйымдастырушылық, коммуникативтік біліктер. Маманның ұйымдастырушылық қызметінің өзі жұмылдырушылық, ақпараттық, дамытушылық, бағдарлылық біліктерді қамтиды. Ал коммуникативтік біліктерді құрылымдық жағынан перцептивтік, педагогикалық қарым-қатынас, педагогикалық техника, қолданбалы біліктердің өзара байланысты тұстары ретінде көрсетуге болады. Кәсіби құзырлы мұғалімнің бойынан табуға тиіс теориялық және тәжірибелік даярлықтарды құрайтын сапалар осылар.

Қазіргі мектептің басты мақсаты - өз бетінше дами алатын, қоғамның белсенді азаматы болатын, қалаған іске жауапкершілікпен қарайтын, өз қарасын құра білетін шығармашыл тұлға, қалыптастыру, Қазақстан Республикасы білім және ғылым қызметкерлерінің ІІ съезінде сөйлеген сөзінде Президентіміз Н.Ә.Назарбаев та осы мәселеге айрықша мән берген: «Қазақстандағы білім беру ісін реформалаудың стратегиялық міндетін, мен, шығармашылық тұрғыдан ойлай білетін, дара тұлғаларды қалыптастыратын жаңа ұлттық моделді дамыту деп білемін»-деген. Баланың бойында қалыптастырылуы тиіс қасиеттер алдымен, маманның өз бойынан табылу қажет. Сондықтан болашақ маман шығармашыл болуы міндетті. Педагогикалық менеджмент саласының ірі зерттеушілерінің бірі, педагогика ғылымының докторы, профессор, педагогика және әлеуметтік ғылымдар академиясының және халықаралық ақпараттандыру академиясының толық мүшесі В.Сипюновтың пікірінше, әрбір мұғалім шын мәнісінде оқу-танымдық үрдістің менеджері болып табылады. Яғни, ол оқушыға қатысты алғанда

белгілі бір дәрежеде басшылық қызмет те атқарады. Ендеше оған демократиялық басқару стилі тән болуы тиіс. С.Высоцкая «Мұғалімнің кәсіби мәдениетін қалыптастыру -педагогтің ғылыми проблемасы» еңбегінде кәсіби шеберліктің ең жоғарғы деңгейі ретінде мұғалімнің инновациялық және зертеушілік әрекетіне бейімділігін атайды.

Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарындағы тәрбиенің кешенді бағдарламасында мәдениетінің тұтас әлем алынып отырған тәрбие стратегиялық бағдары шығармашыл тұрғыдан қалыптастыру жағдайында болашақ маман ең алдымен, өзі деп көп мәдениетті болуы тиіс. Көп мәдениеттілік пен көп тілдік кәсіби құзырлы болашақ маманның сапаларын құрайтыны даусыз. Міне, біз жоғарыда атап өткен кәсіби және мәдени сапалар кәсіби құзырлы психолог маманның келешектік (перспективтік) моделінің бөліктері.

### **БОЛАШАҚ ПСИХОЛОГТАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ**


Жас мамандарды өмірге бейімдеп, икемдеп, бағыттаушы компас – олардың жоғарғы оқу-орындарында алған білімінің сапасы мен біліктілігі. Жоғарғы оқу-орындарында оқу үрдісін ұйымдастырудың тиімді формалары мен әдістерін, жаңа оқыту технологияларын іс-жүзінде пайдалана алу қажетті. Оқу ағарту жүйесіндегі, оқу-тәрбие жұмыстарына жаңа мазмұн беру арқылы жан-жақты дамыған, шығармашыл, әлеуметтік бәсекелестікке төтеп бере алатын мәдени ортаға бейімделген әрекетшіл дара тұлғаны тәрбиелеу оқытушылар алдындағы негізгі мәселе.

Білімнің сапалы болуына әсер ететін негізгі факторларды айқындап, олардың ара салмақтарын ғылыми түрде ажыратып, дамыту, жетілдіру жолдарын қарастыру қажет. Білім берудің қай сатысында болмасын, оның негізгі көрсеткіші - сапасы. Жоғарғы оқу орындарында болашақ мамандарға дәріс бере жүріп, жинақталған іс – тәжірибелермен, ғылыми зерттеулерге сүйене отырып студенттердің білім сапасына, біліктілігіне әсер ететін негізгі нысандарды төмендегі сызба арқылы беруге болады. Әрбір жеке тұлғаның қалыптасуына әсер етуші негізгі күш – қоғам, мемлекет екендігі айқын, яғни, қоғамдағы саяси әлеуметтік жағдайлар білім сапасына ғана емес, оны қоршаған ортаның, ата-ананың, оқытушылар құрамының, материалдық-моральдық жағдайларына, еңбек өнімділігіне, студенттік психологиялық көңіл-күйімен ынта-жігер талабына, болашаққа деген сеніміне де әсері зор. Келтірілген сызбаны тұтас бір организм деп түсінеміз.

Организмнің қалыпты жұмыс жасауы әрбір тармағымен тығыз байланысты. Студенттің білімге деген құштарлығы ынта-жігері, психологиялық көңіл-күйі, материалдық жағдайына байланысты.

### **Білім сапасының қалыптасуы**





Жоғары оқу-орындары ақпараттық технологиялар жүйесімен толық көлемде қамтылмаса, оның қызметін жоғарғы деңгейде іске асыратын, білікті де, білімді оқытушылар құрамынсыз, студенттің базалық білім деңгейі төмен болған жағдайда, көздеген мақсатқа жету мүмкін емес. Жоғарғы оқу орындары түлектеріне ерекше талаптар қойылуынан сапалы білім игерілуі қажет. Болашақ маманның кәсіптік сапаларын былай топтастыруға болады. (40-беттегі сызбаны қараңыз).

Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен бүкіл өркениетті әлемдегі ақпараттық даму білім берудің дәстүрлі қалыптасқан жүйесін, әдістері мен технологиясын қайта құру талап етуде. Бұл процесс білімнің жаңа аймақтарына енудің қажеттілігі мен жеке тұлғаның толық көлемде меңгеруінің қиыншылықтары арасындағы қарама-қайшылықтары ретінде көрінеді.

ӘРЕКЕТ ЖОЛДАРЫ МЕН ІСКЕРЛІК, ДАҒДЫҒА ТАЛАПТАР		
№	Ықпал ету объектісі (субъектісі)	Әрекет жолдары, іскерлік, дағдылар
1	Адамдар (өзара қарым-қатынастағы рольдер)	Коммуникация үрдісін ұйымдастыру. Диагностикалау. Адамдармен қарым-қатынаста жағымды жағдайлар тудыру. Адамдарды жандандырып, себеп-салдар тудыру. Даудамайды реттеу. Келіссөз өткізу.
2	Әрекет, шешім қабылдау, құрылым (үстемдік рольдер)	Күнделікті және шығармашылық әрекеттерді ұйымдасытыру. Бірлескен әрекетті ұйымдастыру. Стандартты және стандартсыз жағдайларда шешім қабылдау. Бәсекелестік жағдайларда өзін ұстай білу. Әлеуметтік мәдени технологияларды қолдану. Мақсатқа жетуде мүмкіншіліктерді бағалау және жұмсай білу
3	Ақпарат (ақпараттық рольдер)	Дамуды болжау. Әрекетті жоспарлау (өзінің және басқаныкіні). Мақсат қою. Сараптама, талдау жасау. Кәсіптік әрекетке қажетті құжаттарды жасау және қолдану. Жаңа пікірлерді қолдану. Ақпарат жасау. Үнемі шығармашылық дәрежесінде өсіп отыру. Қажетті техникалық құралдарды пайдалану.

Даярлық үрдісіндегі меңгеру объектілері (мамандық мәдениетінің құрылымы)

1. Ойлау: ойлау операцияларын жүзеге асыру жолдары және оларды әртүрлі жағдайларда қолдана білу (стандартты және стандартсыз).
2. Эмоциялық еріктік белгілер: эмоциялар, сезімдер, еріктік актілер және оларды көрсету.
3. Әрекетпен мінез-қылықтың жолдары.
4. Құндылықтар және құндылық бағдарлар.
5. Білім: тиімді шешімді қабылдауды қамтитын кәсіптік, жаратылыс ғылымдары және жалпы гуманитарлық салалардағы фактілер, заңдылықтар, заңдар.
6. Тәжірибе: жалпы адамдық және кәсіптік мәселелерді қабылдау.
7. Адамның, жанұяның, мемлекеттің дәстүрлері мен талаптары.



Болашақ маманның жеке басы сапаларына қойылатын талаптар.

**Психологиялық:** Эмпатия (басқаның жағдайын түсіне білу), эмоционалдылық, аутенттілік, ашық-жарқын, шыдамдылық, интуициялық, стресске төзімділік, оптимистілік, зейінділік.

**Танымдылық:** аналитикалық, рефлексивтік, реакциялардың шапшаңдығы, креативтілік, байқампаздылық, сын тұрғысынан ойлау, ойлаудың тұтастылығы.

**Мінез-құлықтық:** Коммуникативтілік, белсенділік, бейімделгіштік, импровизациялау қабілеті, релаксациялық қабілеті, жаңа шешімдер қабылдау қабілеті, ұйымдастыру қабілеті, жауапкершілік.

ҒАН  
ЛАП

- ✓ еліміздің және әлемдегі әлеуметтік-экономикалық дамуының қазіргі кезеңіне сәйкес тұлғаның дүние танымын қалыптастыру;
- ✓ әрбір тұлғаның өмірдегі өз орнын тауып, кәсіби жағынан өзін-өзі айқындауына жағдай жасау;
- ✓ тұлғаның қазіргі жағдайда өз бетімен шешім қабылдауы, өз қабілетіне сәйкес әлеуметтік бейімделуі;
- ✓ әртүрлі әлеуметтік құрылымдармен өзінің қарым-қатынасы, коммуникативті дағдылары мен іскерліктерінің пайда болуы.

Жаңа ақпараттық технологияны ғылым мен технологияның бір аспектісі ретінде анықтай отырып, оны қолданбалы информатика ұсынатын әр түрлі техникалық құралдарымен, құрылғылар көмегімен жинақтау, сақтау, іздеу, өңдеу жолдары және әдістер ретінде қарастырылады. Ақпараттық технология мақсаты қолданушының қажеттілігіне сәйкес ақпараттық өнімді қолдану және сапалы құрастыру болып табылады:

- ақпараттық технология әдістері мәліметтер қорының әдістері болып табылады;
- ақпараттық технология құралдары ретінде техникалық, ақпараттық және басқа құралдар шығады.

Бүгінгі күні жоғарғы оқу орындарында дәстүрлі оқытудың жүйелері қазіргі оқыту технологиялары мен ағымдарына сай формаларда жүргізілуі керек. *Лекция (дәріс)* – білім берудің ежелгі формасы, оқу үрдісін ұйымдастыруда маңызды орны бар. Лекция жүргізудің әдістемесі мен бағыты өзгеруімен қатар, формалары да өзгеруде, оқу үрдісінде мына формалары енгізілуде:

- ✓ лекция-диалог;
- ✓ лекция-шолу;
- ✓ лекция-іскер ойын;

сондай-ақ лекция тақырыбы бойынша конспект жазбай, оқытушымен бірге ойлап, талқылайтын формаларды апробациялануда:

- ✓ лекция-блицтурнир;
- ✓ лекция-брифинг;
- ✓ лекция-бренсторминг.

Лекция сабағын жүргізуге қойылатын жаңа талаптардың ерекшелігі: студент болатын лекцияның сұрақтарымен алдын-ала танысып, дайындалады және лекция бес минуттық өткенді, жаңаны талдаудан басталады. Яғни студент оқытушымен бірге жұмыс істейді: үнемі еске түсіреді, талдайды, жинақтайды, салыстырады, ұғым-пікірі қалыптасады.

*Семинар* - әдебиеттерден, лекциялардан жинақталған білімдер негізінде студенттердің сенімін, ой қорытындыларын қалыптастыру формасы. Егер лекцияда жетеші рольді оқытушы атқарса, семинарда жетекші рольді студенттер атқарады. Семинардың күрделілігі: студенттердің жетекші роль атқару үшін қажетті мүмкіндіктер мен қабілеттерін қалыптастыратын жағдайлар мен шараларды жасау. Семинардың формалары негізгі міндеттеріне қарай айқындалады. Семинаралар жүйесіне мына түрлері енгізілген:

- ✓ кіріспе – семинар;
- ✓ оқыту-семинар;
- ✓ бақылау-семинар;
- ✓ мақсатты бақылау-семинар;
- ✓ теорияны дәлелдеуге бағытталған семинар;
- ✓ зерттеуші үлгідегі – семинар;
- ✓ дискуссия – семинар;
- ✓ диалог – семинар.

*Практикалық сабақтар* – тек білім беру сипатындағы формасы. Егер семинардың негізгі міндеті алған білімді бекіту мен сенімін қалыптастыру болса, практикалық сабақтың міндеті іскерлік пен дағдыны қалыптастыру. Студенттердің мамандыққа қызығушылығы мен дағдыларын, іскерлік ойын, жаттығулар, практикумдар арқылы қалыптастыруға болады. Бүгінгі сұраныстарға сай мамандық қасиеттерін қалыптастыруда көбінесе семинар – практикум сабақтары жүргізіледі.

*Студенттердің өз бетінше жұмысы.* Бүгінгі күні жоғарғы оқу орнында оқу барысында болашақ мамандарды кәсіби компетенттілікке даярлау алдағы жасайтын іс-әрекеттері мен тығыз байланыс негізінде, кең түрдегі даралап оқыту, жұмыс орындары мен қамтамасыз ету негізінде, студенттердің өз бетінше жұмыс істеулерін бірінші орынға қойып, оқу процесінде жаңа технологиялық тиімді әдістерді қолдана қарқындату негізінде құруда. Оқытуды қарқындатуда жаңа информациялық технологияны енгізу, оқу барысында компьютерлік және аудиовизуалдық техникасын қолдануда. Осындай оқытумен қатар, бәсекеге түсуге қабілетті, іздену мен жаңа білімді игеруге; стандартты емес шешім қабылдау, өзінің кәсіби қабілеттеріне сенімді мамандарды тәрбиелеуде. Оқыту жүйесі тұтасынан алғанда, юнит (кредит-сағат) университеттегі бір сағат оқуға өз бетінше даярлықтың 3 сағатын қосуды меңзейді. Бұл әрбір сағаттық сабаққа студенттер 3 сағат даярланатындығын көрсетеді. Кәсіптік компетенттілікке даярлаудың бірден-бір жолы болашақ мамандардың өз бетінше білімге ұмтылысы, қызығушылығы, белсенділігі, оқыту – таным процесі. Өйткені онда ілгері қарай қозғалыс болады, яғни студент білмеуден білуге қарай жүріп отырады. Студенттің таным процесі өзіне тән ерекшелігі бар күрделі психикалық процесс. Оның нәтижелі оқуына әсер ететін сыртқы және ішкі күштер немесе себептер болады. Білім алуда студенттің ілгері қарай дамуына себепкер болатын негізгі күш-қайшылықтар. Студент білмеуден білуге қарай қадам басқанда әртүрлі қайшылықтар мен қиындықтарға кездеседі, оларды шешу, жеңу нәтижесінде оқу міндеттері жүзеге асырылады.

Оқыту процесіндегі ең басты қайшылық – педагогикалық міндет-талаптар мен студент мүмкіндіктерінің (білім мен дағдысының жеке дамуының) арасындағы және тағысын тағы қайшылықтар. Осындай қайшылықтарды шешу студенттен саналы түрде көп күш-жігер жұмсауды керек етеді және оның дамуына үлкен әсері болады. Көп күш жігер жұмсауды қажет ететін жұмыстың бір түрі – *студенттің өз бетінше жұмысы (СӨЖ)*.

СӨЖ – арнайы уақыт ішінде оқытушының тапсыруымен, бірақ тікелей көмегінсіз орындайтын жұмыстары. СӨЖ үшін белгілі дәрежеде студенттің ақыл-ойы, күш-жігері, білімі мен қабілеті жұмсалады. СӨЖ-ның түрлері мен типтері классификациясы педагогикалық-психологиялық әдебиеттерде бұрыннан қалыптасқан. Жоғары мектептің қазіргі дидактикасы СӨЖ-ның төмендегідей классификациясын тиімді деп есептейді:

1. үлгі бойынша (по образцу), өз бетінше жұмыс;
2. сындарлы-вариативті (конструктивно-вариативный) өз бетінше жұмыс;
3. эвристикалық өз бетінше жұмыс;
4. ізденушілік (исследовательская) өз бетінше жұмыс.

**Үлгі бойынша өз бетінше жұмыс** оқудың типтік міндеттерін шешуді және үлгі бойынша әр түрлі міндеттерді орындауды қарастырады. Үлгі бойынша жұмыстарға: жаттығулар орындау, кестелерді толтыру, сызбалар, т.б. жатады. Жұмыстың мақсаты – білімді бекіту, білік пен дағдыны қалыптастыру. Мұндай (материалдар) жұмыстар материалды терең түсінуге мүмкіндік бергенмен, студенттің шығармашылық белсенділігін дамытпайды.

**Өз бетінше жұмыстың сындарлы –вариативті түрі.** Зерттеушілік оқытуда білімнің құрылымын, студенттің білігін, бұрынғы алған білімі негізінде жаңа міндеттер мен проблемаларды шешуге ықпал жасайды

**Эвристикалық өз бетінше жұмыс** – лекция, зертханалық, практикалық, семинарлық сабақтарында айтылған кейбір сұрақтар мен проблемаларды шешумен тығыз байланысты қарастырылады. Таныс материалдарға сүйене отырып, кейбір мәселелерді шешуге оқытушы бағыт беріп отырады.

**Зерттеушілік өз бетінше жұмыста** студент зерттеудің өзектілігін, объектісін, болжамын, пәнін, мақсат міндеттерін және зерттеу әдістерін шешуге үйренеді. Бұл бағыттағы жұмысқа: оқу-ізденушілік тапсырмалары, курстық және дипломдық жұмыстар жатады. Мұндай жұмыс студентті үлгі бойынша жұмыс жасау қызметінен босатып, ізденушілік, шығармашылық қасиетін қалыптастырады.

Өз бетінше іздену студентке ғылыми көзқарасының қалыптасуына және шығармашылық кәсіптік қабілеттің дамуына негіз салады.

#### **Студенттердің өз бетінше жұмысының түрлеріне:**

- оқулық пен негізгі және қосымша әдебиеттермен жұмыс;
- сөздіктермен, энциклопедиялармен жұмыс жасай білу;
- коллоквиумда, семинарда өз көзқарастарын ауызша айта білу;
- әр пәннің ерекшелігіне сай негізгі ұғымдарды таба білу және қорытынды жасай білу;
- конспект, шығарма, мәнжазба, баяндама, аннотация жазу;
- жаттығулар орындау, кестені толтыру, сызбалар сызу;
- тезис, жоспар құру, ауызша пікір айту жатады.

Жоғары оқу орындарындағы психолог мамандығында оқитын «Психология» пәні бойынша СӨЖ тапсырмалары арқылы сапалы білім беруді мақсат ете отырып, түрлі жұмыс түрлерін ұйымдастыруға болады. СӨЖ-ын ұйымдастыруда оқытушы мамандықтың ерекшелігін және студенттердің білім

көлемін ескере отырып жасағаны дұрыс. Осыған байланысты СӨЖ-ын ұйымдастыруға арналған әдістмелік нұсқаулардың түрлерін ұсынбақпын:

### № 1 өз бетінше жұмыс

**Тақырыбы:** Психология ғылымының зерттейтін объектілері

**Мақсаты:** студенттердің лекциядан және қосымша әдебиеттерден алған білімдерін сараптай отырып, психологияның негізгі зерттейтін объектілерін нақты, әрі жүйелі білуге үйрету.

**Жұмыс түрі:** сызба

**Жұмысқа нұсқау:**

Лекцияны қайталап оқып, психология ғылымының зерттейтін объектісі жөнінде мына әдебиеттерлі қарап шығыңдар:


а) Ә. Алдамұратов: Жалпы психология. А., 1996

ә) Себеп Бап-Баба. Жантану негіздері. А., 2002. – атты оқу құралдарының мазмұнымен танысыңыздар.

б) Р.С. Немовтың «Психология» I том, 1996

Е.Н. Каменскаяның «Основы психологии» лекциялар курсы (Ростов Н/Д: Феникс, 2003) қарап, сызбаларға көңіл бөліңіз.

**1-тапсырма:** Төменде көрсетілген сызбаны толтырып шығыңыз.



**2-тапсырма:** Сызбаны әрі қарай толық талдап шығу үшін психикалық бірліктер мен психикалық құбылыстарға көңіл бөліңіз.

Әдебиеттер:

1. Ә. Алдамұратов. Жалпы психология. А., 1996.

2. Қ. Жарықбаев. Психология. А., 1993.

3. Т. Тәжібаев. Психология. А., 1993.

4. Ә. Алдамұратов, М. Мұқанов. Психология пәніне лабораториялық сабақтар. Алматы, 1978.

5. В.А. Сонин. Психологический практикум: Задачи, этюды, решения. – М., 1998.

### № 2 өз бетінше жұмыс

**Тақырыбы:** Психология ғылымының қалыптасып, даму кезеңдері.

**Мақсаты:** Студенттерді ғылыми-жұмысқа баулу, қосымша материалдармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, өз беттерімен ой жинақтауға, саралауға, пікірлерін жазып, қорғай білуге дағдыландыру.

**Жұмыс түрі:** мәнжазба

**Жұмысқа нұсқау:**

Мәнжазба мына құрылымда жазылады:

1. Тақырыпты зерттеудің негізгі мақсаты
2. Зерттеудің қарастыратын негізгі мәселелері
3. Зерттеудің ғылыми жаңалығы.

**Көмек-нұсқау:**

**I.** Тақырыпта зерттеудің негізгі мақсаты. Осы мәселені ашу мақсатында мына мәселелерге көңіл бөліңіз:

- ✓ тақырып бұрын сөз етілген бе, ол туралы қандай еңбектер бар?
- ✓ ол еңбектердің маңызы неде деп түсінесіз?
- ✓ қандай пікірлерге сын айта аласыз?

Ескерту: ғылыми еңбектерден нақты мысалдар, дәйектемелер ала отырып, ойыңызды дәлелді түрде жеткізуге тырысыңыз.

**II.** Зерттеудің қарастыратын, шешетін негізгі мәселелері.

- ✓ өз еңбегінің негізгі мақсаты не?
- ✓ қандай мәселені айрықша көтермекшісіз?
- ✓ жұмысыңыздың маңызын қалай түсіндіресіз?

**III.** Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- ✓ тақырып бойынша өзінің ашқан жаңалықтарыңыз? тың пікірлеріңіз?
- ✓ өз пікіріңізді ғылыми шындыққа сәйкес деп есептейсіз бе?
- ✓ мәнжазба қорғау кезінде осы пікіріңізді, жаңалығыңызды дәлелдеуге тырысыңыз.

**Ескерту:** Мәнжазбаға пайдаланған қосымша материалдардың тізімін (беттеріне дейін) анық көрсетіңіз.

**Әдебиеттер:**

1. Ә. Алдамұратов. Жалпы психология. А., 1996.
2. Қ. Жарықбаев. Психология. А., 1993.
3. Т. Тәжібаев. Психология. А., 1993.
4. Ә. Алдамұратов, М. Мұқанов. Психология пәніне лабораториялық сабақтар. Алматы, 1978.
5. В.А. Сонин. Психологический практикум: Задачи, этюды, решения. – М., 1998.
6. Жарықбаев Қ.Қ., Озғынбаев О. Жантануға кіріспе ;., 2000.

### № 3 өз бетінше жұмыс

**Тақырыбы:** Жеке адам жөніндегі көзқарастар

**Мақсаты:** Зерттеулерге талдау жасауға, оларды қорытындылауға, өз пікірін дәлелдей білуге үйрету.

**Жұмыс түрі:** конспект, кесте, жаттығу.

**Жұмысқа нұсқау:** Көрсетілген әдебиеттерге шолу жасап. әр зерттеушінің пікірлерін қысқаша конспектілеп алыңыз.

**1-тапсырма:** Конспект пен лекцияға сүйене отырып, төмендегі кестені толтырыңыз.

Зерттеушінің аты-жөні	Оның еңбегі, шыққан жылы	Қандай принциптерді басшылыққа алды	Еңбегінің психология ғылымындағы маңызы

**2-тапсырма:** Зерттеушілердің пікірін салыстырып, өзіңіз қорытынды шығарыңыз. Өз пікіріңізді дәлелдеңіз.

**3-тапсырма:** Жеке адамның құрылымдық ерекшеліктері, типологиясы, бағыттылығы жөніндегі ілімдерді салыстырып айтыңыз.

**Әдебиеттер:**

1. Сәбет – Бап-Бап. Жантану негіздері. Алматы, 2002
2. Мұқанов М. Ақыл-ой өрісі. А., 1980.
3. Жарықбаев Қ. Қазақ психологиясының тарихы. – А., 1996.
4. Тәжібаев Т. Жалпы психология. А., 1993.
5. Ахмет Дюсенбаев. Анатомия души. ИП «Дар». – А., 2005.
6. Бердібаева С.Қ. Таным субъектісі: таным процестер. Оқу-әдістемелік құрал. А., «Қазақ университеті», 2004.

Жоғары оқу орындарында студенттердің өздік ғылыми зерттеу жұмыстарын жоспарлаудың және жүргізудің, жеке тұлғаның маман болып қалыптасуына және дамуына әсері өте үлкен. Студент өздік ғылыми жұмыспен айналыса отырып, оқу және ғылыми әдебиеттермен, әр түрлі басылымдармен жүйелі түрде жұмыс істей алу шеберлігін және дағдысын шыңдайды. Сонымен қатар, студентте ғылыми еңбек жасау үстінде шығармашылық қасиет қалыптасады, конструкторлық қабілетке ие болады және әр түрлі құралдар мен құрылғылар құрастыра алу шығармашылығы қалыптасады.

**Арнаулы курстар және арнаулы семинарлар** студенттерді үнемі ғылыми ізденіс жағдайында ұстай алатын өзбетінше жұмыс түрінің біріне жатады. Арнаулы курстарды перспективті ғылыми-зерттеу жұмыстарымен жүйелі түрде айналысып жүрген және ғылымға белгілі бір мөлшерде қосқан үлесі бар оқытушылар жүргізеді. Оқытушы ғылыми-зерттеу жұмыстарын теориялық және практикалық жағынан студенттерге жеткізе отырып, сол жұмыстың студенттер шамасы жететін бөлігін оларға жасата алады. Мұндай



жағдайда оқытудың бірнеше дидактикалық принциптері іске асады: оқытудың ғылымилығы, оның практикамен және өмірмен байланысы, білімнің, шеберліктің және дағдының беріктігі, оқытудың әр түрлі әдістері мен формаларының байланыстылығы т.б. Арнаулы курстың негізгі мақсаты студентті ғылыми келешегі үлкен әртүрлі мәселелермен және оларды зерттеу әдістерімен таныстыру, сол мәселелерді шешу бағытын көрсету және осы бағытта оның шығармашылық ізденіс жұмыстарын ұйымдастыру. Арнаулы семинарлардың негізгі мақсаттары арнаулы курстың мақсатымен сәйкес келеді. Арнаулы курстарды оқыту кезінде оқытушы студенттерге олар айналысатын ғылыми жұмыстарының бағытын айқындап береді. Студенттерге аталған бағытта ғылыми жұмыс жүргізу мақсатында әртүрлі жекеленген кеңестер беріледі, керекті әдебиеттердің тізбесі көрсетіледі және жасалатын тәжірибелер жоспарланады.

Арнаулы семинарларды жүргізу үрдісі студенттердің ғылыми ізденісі нәтижесінде жазылған баяндамаларға негізделген. Студент баяндамасын зерттеу тақырыбын негіздеуден бастайды. Ол ғылыми ізденісінің барысымен, алған нәтижелерімен және өзінің ғылыми жұмысының практикалық маңыздылығына тоқтала отырып, өндіріске енгізу мүмкіндіктерімен таныстырады.

**Арнаулы курстар және арнаулы семинарлар** студенттер мен оқытушылардың бірлесе жасаған ғылыми жұмыстары нәтижелерін талқылайтын және сараптайтын ғылыми-оқыту формасы болып табылады.

Өздік ғылыми-зерттеу жұмысына курс жұмысы бакалавр дәрежесін алу үшін жасайтын бітіру жұмысы және маман дәрежесін алуға қажетті дипломдық жұмысы жатады.

**Курс жұмысы** жоғары оқу орындарында негізгі мамандыққа байланысты оқылатын пәндердегі өз ерекшеліктері бар тақырыптарды терең ашып көрсетуді қажет ететін өздік шағын ғылыми жұмыс түріне жатады. Курс жұмысын жасау үстінде студент оған бекітіліп берілген ғылыми жетекшіден үнемі кеңес алып отырады.

**Бітіру немесе дипломдық жұмыс** студенттің жоғары оқу орны қабырғасында болған кездегі өздігінен жасаған ғылыми еңбектерінің қорытындысы және оның ерекше шығармашылық ғылыми-зерттеу еңбегі болып табылады. Бітіру немесе дипломдық ғылыми жұмысқа студент өздігінен рефераттар, ғылыми журналдарға мақалалар жазып, түрлі ғылыми үйірмелер мен ұйымдар жұмысына белсене қатыса отырып, курс жұмыстарына ғылымилығы терең мәселелерді қарастыра отырып келсе, студентті ғылыми жағынан қалыптасқан және шығармашылық қабілетке ие болған тұлға ретінде қабылдауға болады. Өздігінен ғылыми-зерттеу жұмыстарын меңгерген жастар өздігінен шығармашылық еңбек жасайтын және қазіргі заманның өзекті мәселелерін шеше алатын маман бола алады.

Жоғарыда аталғандар болашақ мамандардың кәсіби қасиеттері мен қабілеттерін, арнайы іскерлік пен дағдының қалыптасуына көмектеседі. Кәсіби қасиеттер мен қабілеттердің даму деңгейі тұрақты, өзгермейтін, әрқашанда бірқалыпты болуы мүмкін емес. Тек қана оқыту процесі барысында

кәсіби іскерлік қасиеттерді тікелей қалыптастыруға болмайды, олар бірте-бірте уақыт өте келе қалыптасады.

Болашақ психолог мамандарды кәсіби компенттілікке даярлаудың маңыздылығы олардың жеке басы мен болашақ мамандығына деген талаптарға сәйкес келуімен сипатталады. Болашақ мамандарды дайындауда кәсіби мәдениетті ұдайы көтеріп отыратындай бағыт-бағдар беру, білім мазмұнын қайта пайымдау, пәндерді оқытудың тұжырымдамалық негіздерін талдау және педагогикалық технологияларды тәжірибеде пайдалана білу кәсіптік шеберлікті шыңдау негізі болмақ. Болашақ мамандарды даярлауда білім мазмұнын кәсіби шебер мамандардың, озық ойлы ұстаздардың, тәжірибе мен ғылымдағы жаңа тұжырымдармен, қағидалармен байытып, жаңа әдіс-тәсілдермен толықтырылып, қазіргі прогресшіл тәжірибелерін жинақтауға және оны пайдалануға жол ашуға мүмкіндік береді. Бүгінде оқыту процесінде жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану болашақ мамандардың жаңа жағдайларға байланысты ғылыми-зерттеу процесін шығармашылықпен ұйымдастыруының негізгі өлшеміне айналуға. Ал осы бағыттағы әдістемелерді қолдана білу болашақ мамандардың кәсіби компенттілігін қалыптастыруда өте маңызды. Бұл мәселені шешуде студенттер оқу процесінің мәнін терең түсініп, әдіс-тәсілдерін кең арнада саралап, тәрбиелік бағыттарын бағалап, әдістемелік деңгейін көтеруде жаңа технологияларды тиімді пайдалана білуге дағдылана, оқу-тәрбие жұмысының міндеттерін ойдағыдай шешуге үйренеді. Соңғы курстарда бірқатар теориялық мәліметтермен қаруланғанымен, кәсіби тәжірибесі әлі де жеткіліксіз. Кәсіби даярлықты жетілдіруде студенттердің өзін-өзі жетілдіруіне жағдай жасау, сабақтарды ұйымдастырудың формасын өзгерту, әрбір студенттердің белсенділігін арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, оқытудың әдістемесін меңгеру және ол туралы өз ой-пікірлерін еркін ортаға салу, оны өз тәжірибесінде қолдана білу өте маңызды. Бұл мақсатты жүзеге асыруда оқыту процесінде төмендегідей жұмыстар жүргізілуі қажет:

- әрбір пәнге сәйкес (психология, педагогикалық психология, әлеуметтік психология, еңбек психологиясы, педагогика т.б.) ғылыми-теориялық әдебиеттерге, оқу бағдарламаларына, оқулықтар мен оқу әдістемелік құралдарына талдау жасау;
- жоғары оқу орнындағы оқу үрдісінде жинақталған теориялық білімдерін тереңдете түсуі және оның тәжірибеде жүзеге асуына бақылау жасау;
- алған білімдерін педагогикалық –психологиялық практикада оқу-тәрбие процесінде қолдана білу;
- оқыту процесінде білім сапасын арттыру мақсатында әр түрлі жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану;
- кәсіптік шеберлікті қалыптастырудың жолдары ретінде өзін-өзі тәрбиелеу, өзінің мінез-құлқын басқара алуы, педагогикалық техника мен кәсіптік шеберлікті қоса игеру.

Болашақ мамандарды кәсіби компенттілікке даярлауда жоғары оқу орнындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының барлық түрлерін оңтайлы, жеке тұлғаның үйлесімді дамуы мен жетілуіне, маңызды іс-әрекет талаптарын

қалыптастыруда: **сын тұрғысынан ойлау** (Джинни, Стил, Крутис, Мередит), **дамыта оқыту** (Эльконин Д.Б, Давыдов В.В, Занков т.б), **саралап оқыту** (Қараев Ж), **ұжымдық оқыту** (Дьяченко В), **өзін-өзі тану** (Назарбаева С.А) технологияларды пайдаланған нәтижелі.

Сондықтан жоғары оқу орындарында студенттердің мамандыққа деген компетенттілігін, шеберлігін арттырудың нәтижелі болуы өткізілген дәрістер мазмұны сапалы болуымен, оны ұйымдастыру формасына, оқытушы мен студент арасындағы шығармашылық қарым-қатынасқа да тікелей байланысты. Мамандарды дайындауда қалыптасқан кәсіби іс-әрекеттерге өзерістер енгізу, өз тәжірибесінде қоғамда жинақталған жаңа инновациялық идеяларды пайдаланып және оны жаңартып отыру қажет. Мұндағы басты мәселе – студенттердің өзіне қажеттіні тандай алуы, өз бетінше ізденіп, білімін, тәжірибесін жетілдіруге ден қоюы. Бұл кредиттік технологияға өту жағдайында педагог пен студент арасындағы психологиялық, педагогикалық қарым-қатынасты ықпалдастырып, білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Алған теориялық білімдерін, практикалық процесс барысында шеберлікпен іске асыруы, студенттердің өздеріне байланысты. Қазіргі уақыт талабына сай кез-келген маман иесінің бойындағы жеке тұлғалық қасиеттер және кәсіби іскерлік қасиеттер мен қабілеттерге баса назар аударылуда. Себебі, бұл қасиеттер мен қабілеттер қазіргі кездегі техника, технология, қоғамдық қатынастардың дамуына байланысты оларды қанағаттандыру қажет.

Кәсіби қасиеттер мен қабілеттердің даму деңгейі тұрақты, өзгермейтін, әрқашанда бірқалыпты болуы мүмкін емес. Кәсіби іскерлік қасиеттер мен қабілеттер мәселелерін талдау нәтижесінде мынадай қорытынды жасауға болады: бүгінгі күнде оларды білім алу арқылы қалыптастыру және кәсіби іскерлік пен дағдыны алуда қосымша, яғни жаңаша қорытынды ретінде қарау қажет. Тек қана оқыту процесі барысында кәсіби іскерлік қасиеттерді тікелей қалыптастыруға болмайды, олардың бірте-бірте уақыт өте келе қалыптасатынын ескерген жөн.

## **КӘСІБИ БАҒДАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Кәсіптік бағдар - білімнің жеке саласы. Бірақ ол педагогика, психология, социология, экономика, философия, медицина, құқық ілімдері қиылысында қалыптасады. Кәсіптік бағдарға жүйелі зерттеу жүргізу әртүрлі мәселелерді шешеді, оның мақсатын, міндетін, мазмұнын белгілейді.

Республикамызда кәсіптік бағдар беру - күрделі әлеуметтік-педагогикалық жүйе. Ол халық шаруашылығының дамуын, техника мен өнеркәсіптің өркендеуін, жас кадрлардың даярлығына тұрақты көңіл бөлуін талап етеді. Жалпы білім мен кәсіптік білім беретін мектептің реформасы жас жеткіншектердің еңбекке саналы араласуына, біртұтас еңбек, политехникалық оқу жөніндегі принциптердің жүргізілуіне, оқушылардың қоғамдық пайдалы еңбекке сүйіспеншілігін арттыруға, олардың дүниетанымын кеңейтуге

бағытталған. Сондықтан кәсіптік бағдар жүйесі, қоғамның әлеуметтік сұранысымен тікелей байланысты. Өзінің негізгі көрсеткіштеріне байланысты кәсіптік бағдардың әр түрлі деңгейде мақсаттары бар. Мысалы, төменгі сынып оқушыларының негізгі мақсаты -еңбекпен, түрлі мамандықтармен танысу, еңбектің қолдан келетін әдістерін игеру, жұмысқа ынтаны қалыптастыру болып табылады.

V-VII сынып оқушыларының әр түрлі қызметке (тану, коммуникативті, қоғамдық пайдалы кәсіптік еңбек) тез араласуына, белгілі мамандыққа икемділігін арттыру үшін жағдайлар жасалады. Ол үшін оқу шеберханалары, үйірмелер ұйымдастырады. Еңбек сабақтарында оқушылар тереңдетілген жалпы политехникалық еңбекке даярланады. Мамандық таңдауда адамгершілік пен берік имандылық негізіндегі тәрбиеге көңіл бөлінеді.

VII-XI сыныптарда оқушылардың өзін-өзі тәрбиеленуіне, мамандық таңдауға, өздерінің мүмкіндіктерін бағалауына, нақты экономикалық аймаққа қажетті мамандықтарды игеру үшін негізгі кәсіпті дамытуға, білім жетілдіру жолдары мен мамандық алуға баса көңіл бөлінеді. Кәсіп таңдау мен өмірлік жолды айқындау жалпы білім беретін мектеп көлемінде бітпейді. Одан әрі өндірістік еңбек ұжымдарында, орта және арнаулы оқу орындарында жалғасады.

Кәсіптік бағдардың жалпы жүйесінің құрылуы, яғни, оған жүктелген міндеттердің атқарылуы, оның жекелеген саласына, сонымен қатар белгілі бір жүйе ішінде атқарылатын қызметтердің дұрыс бөлінуіне байланысты. Олар әлеуметтік, экономикалық, психологиялық-педагогикалық, медициналық-физиологиялық мақсаттарға сәйкес кәсіптік бағдар беру қызметтерімен ұштасады.

*Әлеуметтік қызмет* - оқушыларға кәсіптік бағдар беруді, ең алдымен, қоғамның әлеуметтік тапсырмасын орындау тұрғысынан қарау керек.

*Экономикалық қызмет* - жұмыс күшінің сапалы құрылымын арттыру, ұл-қыздардың жұмысқа деген қанағаттануын арттыру, жұмыс уақытын үнемдеу болып табылады. Жалпы білім беретін мектептерде оқушыларға бағдар беру, олардың экономикалық ой-өрісінің қалыптасуына, еңбектің жетілдірілген жаңа тәжірибелерін игеруіне ықпал етеді. Мамандық таңдау кезінде оларға тиісті экономикалық аймаққа қажетті мамандықтарды оқып, үйрену керек.

*Психологиялық-педагогикалық қызмет* - оқушылардың бейімділігін, қызығуын, ынтасын қалыптастырады. Жеке бастың өзіндік ерекшелігіне сәйкес мамандық таңдау кезінде оларға көмек көрсету қажет. Сонымен қатар оқушылардың кәсіби танымдылығын басқара білу және оның жолын анықтау жөн.

*Медициналық-физиологиялық қызмет* - денсаулыққа қойылатын талап пен жеке адамның физиологиялық ерекшеліктерін ескеру, сол саладағы кәсіби қызметті жүзеге асыруға көмектесу деген сөз. Мектептерде оқушылар денсаулығының ауытқуын дер кезінде байқап, олардың мамандық таңдаудағы жоспарын дұрыс талдап, олардың физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес келетін мамандықты таңдауларына жағдай жасалуы керек.

Мектепте жүргізілетін барлық оқу-тәрбие жұмысы оқушыға ғылымның әр түрлі саласынан білім беріп қана қоймайды, оның танымын, дағдысын, іскерлігін дамытуды, қалыптастыруды дiттей отырып, келешек өмірлік жолын, мамандығын таңдап алуына, соған байланысты бейімділігі мен қабілетін дамытып, қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Мектептің оқу-тәрбие жұмысында оқушыларға кәсіптік бағдар беру проблемасы ерекше орын алады.

Кәсіптік бағдар теориясы педагогика, психология, экономика, медицина және т.б. көптеген саланың тұжырымдарын жинақтайтын болғандықтан ғылымда өзінің алар лайықты орны бар.

Кәсіптік бағдар беру жұмысында ғылым мен практиканың өзара байланысу сипатын мынадай жүйеден көруге болады: *іргелі зерттеу* (фактілерді ғылыми тұрғыдан талдау, эксперименттік талдау жасау, педагогикалық-психологиялық заңдылықтарды орнықтыру), *тәжірибені қорыту*, *қолданбалы зерттеулер* (принциптерді кәсіптік бағдар беру жүйесінің жүргізілуіне қойылатын педагогикалық талаптарға анықтама) *методикалық талдаулар* - нормативтік нұсқаулар мен талаптар комплексі, практика.

Адамның ерекше қасиеттері мен жеке басының дамуы қоғамның тәжірибесін бойға сіңіріп, әр түрлі іс-әрекеттерге қатысу деңгейіне байланысты. Адамды кез-келген іс-әрекеттер емес, оның қоғамға керекті, перспективалық дамуын аша алатын әрекеттер қалыптасады, сондықтан адамның негізгі іс-әрекеті еңбек болып табылады. Адамның еңбек қуаты шексіз, ол әлеуметтік-техникалық прогрестің дамуына, шапшаңдауына және барған сайын түрленіп өзгеруіне байланысты. Адамның қалыптасуы оның қажеттілік жүйесінен, қабілетінен, құндылық бағыт-бағдарынан құралады. Сондықтан оқушылардың мамандық таңдауын басқару үшін олардың іс-әрекеттерін ұйымдастыру өте маңызды.

Оқу тәрбие процесінің негізгі бөлігі ретінде оқушылардың қабілеттілігін, жан-жақты дамыту жолында олардың іс-әрекетін төрт түрге бөлеміз:

- білім алу,
- қоғамға пайдалы еңбек,
- өнімді еңбек,
- қарым-қатынас.

Іс-әрекеттердің бұл түрлері мамандық таңдау, оқушылардың кәсіптік қабілеттерін дамыту, мамандықтар туралы кеңес беру, мамандыққа бой ұйрету сияқты бағыттармен ұштасып жатыр.

Мамандық таңдауда оқушылардың іс-әрекеттерін ұйымдастырудағы негізгі шарт - олардың белсенділігі мен қызығуы, тек осы жағдайларда ғана өз мүмкіндіктерін іс-жүзіне асыруға жағдай туады, әрі әрекеттерінде мақсатты себеп туындайды. Кәсіптік бағдар беруді басқаруда ұстаздардың рөлі зор, балаларға әсер ету үшін олардың ата-аналарымен арнайы жұмыс жүргізіледі.

Мектептегі негізгі буын - кәсіптік бағдар беру жұмысы тиімді, тұрақты, жүйелі болуы, оның түпкі нәтижесі мен дұрыстығын бақылап отыруға байланысты. Бақылау кәсіби бағдардың бөлінбес бөлігі, оқушылардың өзіндік

ерекшеліктерін білуге, жоспарлауға, оқу-тәрбие жұмысында кәсіптік бағдар жүргізудегі кемшіліктерді оған тиісті бағасын беруге бағытталады.

Мектептегі кәсіптік бағдар жұмыстарының орындалуы төменгі талаптарға байланысты:

- әр оқушының жеке сипаты мен кәсіптік бағдарын анықтау ақпараттарының дамуына;
- кәсіптік бағдар процесінің жүйелі, ретті, кезеңді жүргізілуіне,
- формасы жағынан әртүрлі болуына (ауызша, жазбаша, жекелей, қалауынша),
- кәсіптік бағдар жұмыстарының әртүрлі бағыттары мен кезеңдерінің жан-жақты болуына,
- жалпы принциптерді негізге ала отырып, мұғалімнің кәсіптік бағдар жұмысын жүргізгенде бірінғай талапты сақтауына әртүрлі кезеңдегі кәсіптік бағдар жұмыстары бақылау мазмұндылығымен анықталады. Кәсіптік бағдар жұмысында (жиын) жиынтық бақылау маңызды рөл атқарады, атап айтқанда идеялық-адамгершілік, психологиялық жағынан мектеп оқушыларын өздері қалаған мамандығына даярлау.

Бақылаудың негізгі түріне жататындар: *ағымдағы, кезеңді, қорытынды бақылаулар.*

*Ағымдағы бақылау* мектеп жетекшілері, мұғалімдер, әртүрлі үйірмелер мен бірлестік жетекшілері, оқушылар мен ата-аналар комитеттері, дәрігерлік қызметкерлер, кітапхана жоспарларының жұмысын қадағалауымен байланысты.

*Кезеңді бақылау*, әдеттегідей, тоқсан алдында, бірінші жарты жылдықта, белгіленген аптадан соң (кәсіптік бағдар айлығы, экскурсия, ең жақсы маман конкурсы т.б.) жүргізіліп, оның қорытындысына байланысты “Мен және менің мамандығым”, “Менің кәсіптік жоспарым” т.б. тақырыптарға шығарма, сол сияқты мектеп оқушылары активінің немесе мұғалімнің жоспарына өзгеріс енгізуі мүмкін.

*Ағымдағы және кезеңдегі* бақылаулардың нәтижелеріне орай қорытынды бақылау жасалады. Ол жоғарыда айтылған тәсілдермен жүргізіліп, оқушыларға қандай мамандық алу туралы нақты ақыл-кеңестер беріледі.

*Қорытынды бақылау* кәсіптік бағдарда сапалық әрі сандық көрсеткіш бола алады. Кәсіптік бағдар мінездемелерінде сапалы көрсеткіштер - білімі, қызығуы, тиімділігі, қабілеттілігі, кәсіптік бағдарлауы енгізіледі. Сандық көрсеткіш оқушылардың кәсіптік ниетін білдіреді.

Бақылау кезінде оқушылардың кәсіптік өз анықтамаларын объективті бағалау керек. Ол үшін негізгі салаларды анықтап алу мөлшері (критерийі) қажет, ал әр критерий баға беру белгілерімен нақтыланады. Критерий дайындауға мыналар қажет:

- тағайындалатын және пайдаланылатын орынды нақты көрсету;
- оқушылардың кәсіптік бағдарды басқарудағы анықталуын сапалы көрсету;
- идеялық-адамгершілік, жалпы еңбектің мәнін практикалық істе ескеру;

- әр критерийдің маңызын көрсететін белгілердің анықтамасын жасау.

*Идеялық-адамгершілік критерийі дегеніміз* - мектеп оқушысының кәсіпті таңдауы, қоғам алдындағы борышын саналы мойындауы, өз еңбегімен қоғамға көп пайда келтіруі болып табылады. *Жалпы еңбек критерийі* - оқушының еңбекке қызығуы мен қадірлеуі, еңбек адамын бағалауы, жұмыстың қажеттілігі және жалпы еңбек дағды мен біліктілік дәрежесі. Нақты пайдаланылған критерийлер оқушылардың таңдаған бір мамандыққа қызығуы мен икемділігін, оның өзіндік сапасы мен сипатын айқындайды. Бұл белгілер бойынша мұғалімдер оқушылардың кәсіптік бағдарларын бағалайды, мамандық таңдауындағы қателіктерін анықтап, оларды түзету шараларын ұжым болып белгілейді.

Жоғарғы дәрежедегі кәсіптік бағытты анықтаушы жасөспірімдердің мінездемесі, өз мамандығын жете білуі, бейімділігі мен қызығуы, психикалық процестерге қабілетті (ерік, эмоция), қалаған мамандықтың жекелей сапасы мен сипатындағы ерекшелігін білуі мен қалаған мамандығына сеніммен қарауы, мамандықты таңдай білуі, қоғамға, пайдалы еңбекке белсенді араласуы және қалаған мамандыққа өзінше баға бере білуі.

Орташа дәрежедегі оқшылардың қалаған мамандығын терең білмеуі, қызығуы мен қабілетінде психикалық ақаулардың байқалуы, қалаған мамандығына жекелей сапасы мен сипатының қажетті мүмкіндігін түсінбеуі, қалаған мамандығына толық сеніммен қарамауы, оны өз бетінше бағалай алмауы жиі ұшырасады.

Оқушыларды кәсіпті дұрыс таңдап білуге үйретуде мұғалімдердің орны ерекше: мамандыққа қызығуын, ерекшелігін, икемділігін біле отырып, оларды қоғамдық мәні бар еңбекке қалыптастыру мұғалімдерге байланысты. Оқу материалдарының бағдарламамен байланыстылығын, сонымен бірге оқушыларға орнықты әрі мағыналы әсер етуін қадағалайды. Әлеуметтік және ғылыми-техникалық сабақтар оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастырудың негізгі түрі болып саналады. Ғылыми және идеялық жоғары деңгейде өтілген әрбір сабақ оқушыларға белгілі білім негіздерін беріп, ойлау қабілеті мен творчестволық іс-әрекетін арттырады.

Кез-келген кәсіптік міндет бір-біріне ұқсас емес әр түрлі ғылым көлемінде маманның арнайы білімі мен іскерлігін талап етеді. Білім мен іскерлікті қалыптастыру мектеп көлемінде әртүрлі конструкторлық-техникалық міндеттерді және ұтымды еңбек операцияларына негізделген міндеттерді шешу процесінде өтеді. Еңбекке үйрену оқушыларға еңбек ету барысында ғылыми заңдылықтарды қолдана білуге және теориялық білімдерді іс жүзінде асыруға бағыт береді.

Пәнаралық байланыстарды пайдаланып, еңбекке оқып-үйрену барысында оқушылар конструкторлық-техникалық элементтерді, материалды пайдалана білуді, механикалық технологияны, еңбек мәдениеті мен өндірістік эстетиканы аңғарады, еңбек ету барысында олардың физика, химия, математика пәндерінен білімі тереңдейді.

Гуманитарлық пәндерден мәліметтер алу оқушыларды еңбекке даярлау барысында зор рөл атқарады. Адамның жан сұлулығын әдебиет

шығармаларында ашып көрсету оқушылардың пайдалы еңбекке психологиялық даярлығын қалыптастырады. Қоғамтану, тарих, экономикалық география оқушыларды әр түрлі формациядағы қоғамдық өндірістің әлеуметтік-экономикалық негіздері туралы білімдермен қаруландырады.

Кәсіптік әрекеттің логикалық психофизиологиялық сипаты адамның түрлі психологиялық -физиологиялық ерекшеліктері, сезімге байланысты әрекеттер, ой әрекеті, зейіні, эмоция және басқа да жеке ерекшеліктер кәсіптік бағдарға қалай әсер ететіндігін анықтайды. Жеке адамның сапасы мен психологиялық-физиологиялық ерекшеліктеріне қойылатын мамандық талаптары туралы анық мәлімет береді.

Мамандық таңдаудағы оқушының мақсатты әрекетін ұйымдастыру өте маңызды. Мектеп оқушыларын еңбектің әр түріне тартуға, олардың мүмкіндігін жақсартуға, өзін-өзі тәрбиелеуге жағдай жасайды. Оқушының танымдық белсенділігінің қалыптасуы мектептегі пәндердің дұрыс оқытылуына байланысты. Кәсіптік бағдар беру жұмысының бұл шебінде сынып жетекшісі пән мұғалімдерімен тығыз байланыста жұмыс істейді. Ол оқушының әртүрлі пәнге ықыласын танып-біліп, сол салада білімін молайту белсенділігін арттыруға күш салады.

Психология ғылымында пәнге деген ықылас таңдап алу және танып-білу түрінде қарастырылады. *Ықыластың қайнар көзі* қоғамдық өмірде жатыр. Адамға ықылас болып көрінетіннің бәрі объективті шындықтан алынған. Оқушының ынта-ықыласы шындық өмір жағдайында қалыптасуы керек. Өзінің бағыты жағынан оқушының ықыласы әр түрлі болады: көркем, спорттық, техникалық, танымдық т.б. Егер оқушы белгілі бір іс-әрекетпен ұдайы шұғылданса, онда ықылас соған бейімделеді. *Ықылас ұғымымен бейім тығыз байланысты*. Егер танымдық ықылас белгілі бір пәнге ауса, онда білім белгілі бір әрекетпен айналысуға деген бағытты білдіреді. Бейім сол әрекетті сәтті орындағанда, жақсы эмоциямен қабылданғанда ғана байқалады:

Оқушыға мамандық таңдауға көмектесу - сынып жетекшісі мен пән мұғалімдерінің бүкіл оқу-тәрбие процесіндегі ең негізгі міндеті, оның белгілі бір еңбек түрін танымдық ықыласы мен бейімділігін қалыптастыру.

Мектепаралық оқу-өндірістік комбинаттарындағы (МАОӨК) сабақ-оқушы бейімі дамуының бір шарты. МАОӨК-да оқушылар еңбек қызметін оқумен ұштасқан кең политехникалық негізде жүзеге асырады, мұнда игерген еңбек түрінде тұрақты ықылас қалыптасады. Еңбекке үйренуге кеңес берген кезде сынып жетекшісі оқушының таңдаған мамандығына тектес екендігін ескертуі қажет.

Мамандыққа және оның талаптарына оқушының ықыласы мен бейімі, жеке басының ерекшеліктері сәйкес келген жағдайда мамандықты әрі қарай игеруі үшін нақты жағдайлар мен әрекеттер жасалады. Еңбекке үйретуде оқушының тілегі ескеріледі.

Оқушылардың мамандыққа деген ықыласымен бейімін қалыптастыра отырып, қабілетін дамытуды да ескеру өте маңызды. *Қабілет - іс-әрекеттің сәтті орындалуын қамтамасыз ететін жеке адамның психологиялық қасиеттерінің жиынтығы.* - Іс әрекеттің түрі адамның психикалық қасиетіне



байланысты талаптарын ұсынады. Әрекет бір ғана емес, көптеген түрінің талабына жауап беретін жалпы қасиеттер, бірқатар ерекшеліктері бар. Бірінші, жалпы қабілет туралы, екінші, ерекше қабілет. Ерекше қабілетке жалпы қабілетпен қатар нақты әрекетті игеруге керекті қабілет жатады.

Мектепте оқу кезінде адамның жалпы қабілеттерін дамыту қажет, себебі кез-келген әрекет түрін орындау үшін керек. Бұл ерекше қабілеттің қалыптасуына кедергі келтірмейді.

Оқушыны зерттеу үшін **зертханалық** және **табиғи** эксперимент қолданылады. Арнайы ұйымдастырылған жағдайда өтетін табиғи эксперимент тұлғаны зерттеу барысында алынған басқа да мәліметтердің дұрыстығын тексеру үшін пайдаланылады. Кәсіптік оқыту жағдайында өткізілетін табиғи эксперимент берілген есептерді шешу түрінде өтілуі мүмкін.

Өндіріс шебері мен топ жетекшісінің басты міндеттерінің бірі - оқушының денсаулығы мен табиғи өсуіне қамқорлық жасау. Таңдаған мамандық оқушының психофизиологиялық ерекшеліктеріне сай болғанда ғана жұмысшы мамандығына оқыту мен өндірістегі еңбек жас өспірім денсаулығына оң ықпал етеді. Шебер мен топ жетекшісінің кәсіптік мектептегі медицина қызметкерлерімен өзара байланысының мәні зор. Дәрігер оқушының денсаулығы мен дамуындағы ерекшеліктерін жүйелі түрде бақылап, дер кезінде болашақ мамандық иесіне ақыл-кеңес беретін болуы тиіс. Медицина қызметкері жүйелі бақылау мәліметтері негізінде оқушыларды кейбір қажетті емдеу жолдары туралы ата-анасымен жұмыс істеу керек.

Кәсіптік бағдар беруде әрбір оқушының психифизиологиялық жеке қасиеттері, мамандық таңдаудағы басты себептері назардан тыс қалмау керек. Жаңадан оқуға қабылданған оқушылар туралы жинақталған мәліметтерді ескере отырып, өндірістік оқу шеберлерімен топ жетекшілері өз жұмыстарын жоспарлау қажет.

Кәсіптік мектептің инженерлік-педагогикалық мамандарды болашақ оқушыларын орта мектепте оқып жүрген кезде-ақ танысып, бақылап, зерттей бастайды. Бұл кәсіптік мектепте кездейсоқ адамдар қабылдануының алдын алуды, оқушының қалаған мамандығына психофизиологиялық жағынан сай келуін қамтамасыз етеді.

Оқушыны **зерттеу** жұмысының екі кезеңін атауға болады: **алдын-ала танысу** және **күнделікті** сабақ пен сабақтан тыс шараларға қатысуын зерттеу. Алдын-ала танысу жас өспірімнің сауалдамасын зерттеу және ол оқыған мектеп оқушылармен, мұғалімдермен, ата-анамен әңгімелесуден басталады.

Соңғы жылдардағы зерттеулер мен практикада анықталғандай, болашақ мамандардың кәсіптік білімі өз дәрежесінде меңгеруінің негізі педагогтардың ұжымдық ізденісіне, жаңашылдығына байланысты. Ізденіс нәтижесінде оқу тәрбие жұмысындағы тиімді әдіс-тәсілдерді пайдаланудың да мәні ерекше.

Кәсіптік бағдар беру әдістерінің сан қырлы салаларын екі топқа болады:

- оқу үрдісіндегі іс-әрекет - кәсіпорындағы өндірістік практика;
- сабақтан тыс жұмыстар барысы.

Кәсіптік бағдар ретінде жүргізілетін жұмыстар егемен елімізді білім беру жүйесін қалыптастырумен байланысты. *Біріншіден*, ол Қазақстан мемлекетінің мүддесіне сай болуы міндетті, олай дейтініміз, ұлт дәстүрі тұрғысында тәрбие алған бала өз елінің қамын ойлайтыны заңдылық. *Екіншіден*, мектеп пен білім беру әдісінде жаңа тұжырымдамалар мен бағдарламалар жасалып, олар мектептегі негізгі тұлға - оқушы мен педагог мүддесін толық қамтитын, әрі қорғайтындай болуы тиіс және “жалаң” теориямен шектелмей, балалар қабілетін аша отырып, білімге құштарлықты ояту. Өйткені білім қажеттілігін терең түсініп, оны үйренуге ұмтылған бала өмірге де қиындықсыз бейімделеді. *Үшіншіден*, оқушының кәсіби бағдарламасын анықтау барысындағы жұмыстар жүргізіліп, азаматтық саласын жетілдірсек, сонда білім беру де болашақ елдің дамуы да нәтижелі болар еді. Ол үшін мектептер бірнеше сатыларға бөлінсе, оқушылар өз бетіне қарай іріктелсе. *Төртіншіден*, “тәрбие отбасынан басталады” емес пе? Сондықтан ата-аналардың мектептен байланысын күшейту керек. *Бесіншіден*, мектепке құқық тәрбиесінің берілуі мен оны оқыту.

Әдістемелік мекемелер мен мектеп арасында қарым-қатынас күшті болғаны ләзім. Әрине білім жүйесіне мемлекет тарапынан мол қаржы бөлінбейінше білім өрістемейді, мектеп дамымайды. Ал балалардың оқуға ынтасы мен қызығуын арттыру үшін мектептер мен кабинеттер - озық техникалар мен компьютер машиналарымен жабдықталуы тиіс. Оқушылардың ой-түйсігін дамытатын, әсер ететін түрлі-түсті иллюстрациялық кітаптардың, ал мұғалімдер үшін көмекші құралдардың өз тілінде жеткілікті болуы қажет. Оқу аптасының бір күні бала қабілетін ашатындай, жетілдіретіндей үйірме, факультатив курстарға, би, балет, сурет, қолөнер, дене тәрбиесіне, эстетикалық, гуманитарлық пәндерге немесе еңбек, дәрігер, эколог болатындай жағдайларға бейім болса. Қабілетсіз баланың болуы мүмкін емес.

Болашақ Қазақстан мектебі ұлтқа, оның мүддесіне қызмет етуі керек. Олай деуге негіз, бір халықтың болашағы мен ертеңін екінші бір ұлт ойлау да, дамыту да мүмкін емес. Қазақ балалары өз ата-бабасының өткен тарихын, тілін, салт дәстүрі мен мәдениетін, жерін қастерлей білуге тәрбиеленіп өсіп жетілуі керек. Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстанның 2030-жылға арналған бағдарламасындағы бала тәрбиесіне стратегиялық сілтемелері де осыны меңзеп отыр. Ендеше болашақтағы мектеп материалдық базасы мықты, озық техника жетістіктерімен жабдықталған, саяси сапалылығы мен ұлттық тәрбиені бойына сіңіре білген оқушылары бар, ешнәрсеге мұқтаждығы жоқ педагогтермен қаруланған білім ордасы болады деп сенгім келеді. Себебі, ұлттық мектеп - ұлттық өркениеттің жалғастырушысы, одан әрі дамытушысы. Ал білім мен ғылым өткеніміз, бүгінгіміз және болашағымыз!

Жалпы дүниетанымдық ізденістер өмірлік жоспарларда орнығып, нақтыланады. Жеткіншектің өмірлік жоспарлары әлі бұлыңғыр болады және арман дүниесінен әлі бөлінбеген. Жеткіншек алуан түрлі рөлдерде қиялдап елестетеді, олардың тартымдылық дәрежелерін салыстырып өлшейді, бірақ өзі үшін бірдеңені біржолата таңдап алуға батылы бармайды және ойға алғанына

жету үшін көбіне еш нәрсе істемейді. Жасөспірім неғұрлым есейген сайын таңдау қажеттігі соғұрлым күшейе түседі. Ойдағы, қиялдағы немесе абстрактілік көптеген мүмкіндіктердің ішінен неғұрлым шынайы, әрі қабылдауға келетін бірнеше вариант біртіндеп тұлғаланып, осылардың арасынан біреуін таңдау керек болады.

Өмірлік жоспар - кең ұғым. Ол өзін жекелей анықтаудың бүкіл саласын: моральдық бейнені, өмір стилін, талап-тілектер деңгейін, шұғылданатын істерді т.б. қамтиды. Жоғары сыныптар үшін кәсіп таңдау ең маңызды, шұғыл, әрі қиын іске айналады. Психологиялық тұрғыдан болашаққа ұмтылған және тіпті кейбір аяқталмаған кезеңдерден ойша секіріп те кетуге бейім жасөспірім (әсіресе 11 сыныптағылар) іштей мектепте енді ауырлай бастайды: мектептегі өмір оған уақытша, нағыз өмір емес, өзін әрі тартып, әрі біраз жүрексіндіретін басқа бір бай және шынайы өмірдің босағасы секілді болып көрінеді. Болашақ бұл өмірдің ең алдымен кәсіпті дұрыс таңдап алуына байланысты екенін жақсы түсінеді. Жасөспірім қаншалықты жеңілтек және бейқам болып көрінгенімен, кәсіп таңдау - оның басты және тұрақты қамы.

Жасөспірім өзін қызықтырған мамандықтардың нақты қасиеттерін, жұмыс істейтін кісілерге қандай талаптар қоятынын және өзінің потенциалдық мүмкіндіктерін әлі нашар білетіні қиындық келтіреді. Осыдан барып әлеуметтік және психологиялық тұрғыдан бірқатар қайшылықтар туады.

Жасөспірім жігіттер мен қыздар - тәрбиелеудің енжар объектісі емес, өздерінің өмірін, сонымен қатар біздің болашағымызды белсене құратын шығармашылық адамдар. Олар барлық сүйініш-күйініштерімен қоса ересектер өміріне қосылып есейе береді. Ұрпақтар эстафетасы ең алдымен жастарды қоғамның бүгінгі нақты мәселелеріне оларды жеңілдетпей, жұмсартпай, ортақтастыруда. Жасөспірімдерге өздеріне жинақтаған білім мен тәжірибесін беретін аға ұрпақтың көмегі мен басшылығы әрқашанда қажет бола бермек. Тәрбие жұмысы жастардың ерекшелігін неғұрлым толық ескеріп, олардың ұмтылысы мен белсенділігіне сүйенетін болса, соғұрлым пәрменді болады.

Бүгінгі мамандықты дұрыс таңдаған ұрпақ - елдің болашағын айқындамақ. Заман талабына сай маманды таңдап игеру барысында қателік жібермеу абзал.


### **Кәсіптік қарым-қатынастың психологиялық негіздері**

Адамның ішкі жан-дүниесі (психикасы) белгілі бір іс-әрекетте айқындалады және қалыптасады. Іс-әрекет дегеніміз саналы мақсатқа жету барысындағы әрбір адамның шындыққа белсенділігі. Адамның мақсатқа жетуде айқындалатын іс-қимылдары, ниеті - сол адамның қоршаған ортаға қарым-қатынасын білдіреді. Кез-келген қарапайым істерден-ақ адамның белсенділігін, көңіл-күйін, мінезін байқауға болады. Тіршілік барысындағы іс-әрекетте адам іскерлік пен дағдыны меңгеріп, білімі мен түсінігі кеңейеді. Кез-келген әрекеттің пайда болу себептері бар. Себеп-әрекетке итермелеуші күш, итермелеуші белсенділік. Адамды әрекетке итермелей отырып, себеп адамды

бағыттайды, мақсат, міндеттерін анықтайды. Әрбір адамның қалыптасып, дамуына ықпал ететін негізгі факторлардың:

- ✓ биогенетикалық фактор (тұқымқуалаушылық)
- ✓ әлеуметтік фактор (орта: жанұя, қоғам, коллектив, мектеп т.б.)
- ✓ шешуші фактор - тәрбие

арқасында мінез бітістері, көзқарастары, талғамдары, ой-пікірлері, белсенділігі болады. Әлеуметтік орта мен адам бір-бірімен тығыз байланысты: орта адамға жағымды және жағымсыз ықпал етеді, ал адам әлеуметтік ортада басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсе отырып, тіршілік етеді, яғни субъектінің объектіге бағытталған шараларын қалыптастырады, меңгереді:



Ортада - қоғамда адамның адамдық қасиеттері ашылып, әлеуметтік қатынасқа түседі, өзінен басқа адамдардың сезімі, мүддесі, сұраныстарымен санаса отырып, адамдық мәніне лайық қатынас - іс-әрекет жасайды, тіршіліктің бағдарларын меңгереді. Азаматтық қоғамда адамдар еркін, өзін-өзі ұйымдастыратын, саналы қоғамдық күш ретінде әрекет етеді. Олар әлеуметтік экономикалық өзгертулер мен жетілдірулердің субъектісі, яғни осындай қызметі қоғамдық дағдылы функциясына айналады.

Әртүрлі әлеуметтік жағдайларда адамдар өзара қарым-қатынасқа түсіп, тұлғалық ерекшеліктері қалыптасады, ортақ іс әрекетке бірігеді -ортақтасады. Тек қана **қарым-қатынаста** - қоғамдық ережелерді, нұсқаларды, білім мен іс-әрекет тәсілдерін жалпы әлеуметтік тәжірибені өз бойына сіңіреді. Тілдік қарым-қатынастың атқаратын қызметтері (функциялары):

- **байланыстыру** (прагматикалық) – іс әрекет барысында адамдардың бірігуі;
- **қалыптастыру** (дамыту қызметі) – адамның бейнесінің қалыптасуы мен өзгеруі;
- **растау** – қарым-қатынас барысында адам өзін-өзі танып білуге, бекітуге, өзінің бар екендігін дәлелдеуге мүмкіндік алады;
- **тұлғааралық эмоциялық қатынастарды ұйымдастыру мен тіркеу қызметі** – адамдар қарым-қатынас барысында бірін-бірі бағалап, бірімен бірі жағымды немесе жағымсыз эмоциялық қарым-қатынас жасайды;
- **тұлғашілік қызмет** – адам өзі-өзімен іштей, не дауыстап, сөйлесіп диалог арқылы арақатынас жасайды – немес адам ойлауының тәсілі.

Адамдар арасындағы қарым-қатынастың мақсатына қарай үш түрін ажыратамыз:

- ✓ императивтік (бұйрық);
- ✓ манипуляциялық (айла);
- ✓ диалогты (қос үн, қоссөз, қостіл).


**Императивтік** немесе әміршіл түрі – қарым – қатынастағы адамның тәртібі мен авторитарлық, директивтік формасы. Бағындыру мақсаты айқын көрініп тұрады. Әсер етудің құралдары ретінде бұйрық, талап, әмір, тиым салу, нұсқау пайдаланылады (отыр, тұр! әкел!...), яғни күшпен бағдарлау.

**Манипуляция** (айла), арбап-алдау - өзінің жасырын ниетіне бағындыруды көздеген іс-әрекет. Өз мақсатына жету үшін манипулятор қарым-қатынас адамын нысаны ретінде қарастырады, өзіне қажетті іс-әрекетке баулиды. Мысалы, мейірімді адамның ойы мен бойын билеу, бақылау. Айырмасы: манипуляциялық түрінде шынайы мақсат жарияланбайды, жасырылады не ауыстырылады. Алдап-арбау көбінесе бизнесте, сауда-саттық, іскерлік, насихат, оқыту салаларында қолданылады.

**Диалогты қарым** – қатынас – тең құқықтық адамдардың арақатынасы. Мақсаты - өзін - өзі және өзгені тану, білу, дамыту. Айырмашылығы – эгоцентризмнен, өзіндік ұстанымнан альтруизмге, өзгеге, басқаға бағытталған ұстанымға көшу. Адамдардың өзара түсінушілігін тереңдетіп, бірінің жан байлығын бірі көбейтуге, әр қайсысы өз-өзінің ашылуына жағдай жасайды. Диалогты қарым-қатынастың ережелері:

- ✓ адамның көңіл-күйін, сезімдерін, тілектерін назарға алу;
- ✓ бір-біріне сенімділік білдіру;
- ✓ адамды өзіне тең, өзіндік пікірі мен шешімі бар тұлға деп қабылдау;
- ✓ ортақ сұрақтар мен мәселелерді көтеру;
- ✓ адамның өз атынан жүргізілуі керек, ешкімнің пікіріне сілтемей, әркім өзінің сезімдері мен тілектерін білдіруі қажет.

Қарым-қатынас күрделі процесс, әрі көп қызметті. Ішкі құрылымы да өте күрделі, оны шартты түрде үш жаққа бөлуге болады: коммуникация, перцепция, интеракция.



Біртұтас, ішкі бірлігі бұзылмас процесті біз ғылыми мақсатта, терең және жан-жақты талдау үшін үшке бөлеміз, ал күнделікті тіршілікте арақатынас - біркелкі, бұзылмайтын процесс.

**Коммуникация** - адамдардың бір-бірімен ақпарат алмасуы, білімді, идеяны, пікірді, сезімді беру мен қабылдау үрдісі.

**Интеракция** - тұлғаралық қимыл ұйымдастыру, адамдардың өзара қозғалыс пен әрекет алмасуы.

**Перцепция** - адамдардың бірін-бірі тануы, қабылдауы.

### Қарым-қатынастың коммуникациялық жақтары

Қарым-қатынас барысында адамдар әртүрлі пікірлерімен, көңіл-күйлерімен, сезімдерімен, т.б. алмасып тұрады. Осылардың барлығын ақпарат деп айтуға болады. (Техникалық құралдардың ақпаратымен шатастырмаймыз). Тұлғааралық коммуникацияның өзгешеліктері: кері байланыс, коммуникациялық кедергілер, коммуникациялық ықпал, сөздік және бейсөздік деңгей. Қарым-қатынас барысында ақпарат бір адамнан (коммуникатор - ақпарат беруші) екінші адамға (реципиент-ақпарат алушы) тек беріліп-алынбайды, алмасады.



Бұл процестің негізгі мақсаты белгілі жағдайдың не мәселенің жалпы мағынасын анықтау, ортақ көзқарасты белгілеу мен келісімге келу. Осы міндетті шешу үшін тұлғааралық қарым-қатынас барысында кері байланыс механизмі қызмет етеді: ақпарат алмасу екі есе көбейеді, ақпаратқа қалай қарайтыны, бағалайтыны жөніне мәліметтер беріледі. Адамды мінез-құлықтары жағынан қабылдап, сезіліп тұрғанын түсінуге көмектеседі.

Кері байланыс: **тікелей** және **жанама** болып бөлінеді. Тікелей кері байланыс кезінде қуаныш, ашу, ыза, мұң сезімдерін айқын көрсететін ым-ишаралар қолданылады. Мыс.: «Сен айтып тұрған нәрсе маған ұнамайды», «Не дегенің, түсініксіз», «Мен бұл істі қолдаймын». Реципиентті коммуникатор түсінуі үшін қолайлы жағдай жасап, қарым-қатынасты тиімді әрі нәтижелі етеді.

Кері байланыстың жанама түрі - ақпаратты екінші адамға жасырын, астыртын жеткізу жолы. Ол үшін неше түрлі риторикалық сұрақтар, тосын сұрақтар, күтпеген эмоциялық реакциялар пайдаланылады.

Кез-келген ақпаратты дұрыс қабылдамау, **коммуникациялық кедергілер** туындап жатады және мынандай түрлері болады: **түсініспеушілік кедергілері**: фонетикалық, семантикалық, стильдік, логикалық. Фонетикалық - адамдар әр тілде, диалектте, не сақауланып сөйлегенде. Семантикалық - жаргон және слэнг мәселесімен байланысты, мыс, «сұлулық», «тәртіптілік» әр микротопта әр түрлі қабылданады. Стильдік - тілдік стилдері бір-біріне не тілдің сәйкес келмеуі. Логикалық - сөйлеуші мен тыңдаушының қабылдау логикасы, дәлелдеу жүйесі әртүрлі болғанда. **Әлеуметтік - мәдени айырмалар кедергілері** -әлеуметтік, саяси, діни көзқарастарға, жынысына, жасына, мамандығына байланысты болады.

**Қатынас кедергілері** - коммуникаторды жақтармайтындықтан оның мәлідемесін де қарсы қабылдау, сенімсіздік сезімін туғызатын айтушының сөзіне күдікпен қарау. Кез-келген психологиялық кедергі — тыңдаушының өзін-өзі қорғауы.

Тұлғааралық коммуникацияның тағы бір ерекшелігі - оның екідеңгейлі құрылымы. Қарым-қатынас барысында ақпарат алмасу **сөздік** және **бейсөздік** деңгейлерде өткізіледі. Сөздік деңгейде ақпарат алысудың негізгі құралы - сөз, тіл. Бейсөздік деңгейде - сөзден басқа коммуникация белгілері. Бейсөз тәсілдер адамның эмоциялық реакцияларының айнасы ретінде, қарым-қатынас барысындағы көңіл-күйін түсінуге көмектеседі. Адамның сөз астарындағы шынайы ниеттерін бет әлпетіндегі ым-ишаралардан түсінуге болады. Бейсөз құралдарға оптикалық-кинестетикалық, пара- және экстралингвистикалық, проксемикалық, визуальдық жүйелер жатады.

**Кинесика** - оптикалық-кинестетикалық жүйе, оны адам қолының (ишара-жест), бетінің (ым-мимика), денесінің (пантомимика) қимылдары құрайды. Адамның қас пен көз, мұрын, ауыз және ерін, олардың қимылдарына байланысты адамның сезімдерін білуге болады:

- қуаныш, ыза
- таңқалу
- жиіркену
- қорқыныш
- уайым

Мысалы, келіскенде немесе келіспегенде, ұрысқанда не мақтағанда, амандасқанда не қоштасқанда денемізді басқаша қимылдатамыз.

Акустикалық жүйеге паралингвистика және экстралингвистика жатады. Паралингвистика - бұл айтушы дауысының сапасы: тембрі, ырғағы, қаттылығы, жылдамдығы, интонациясы, логикалық екпіні. Экстралингвистика - бұл дауыстың өзі емес, оның айналасындағы құбылыстар: сөйлескендегі жөтел, күлкі, пауза, жылау, т.с.с. Сөз болмаса да бұлардың коммуникациялық мағынасы зор. Бейсөз жүйесінің ішінде коммуникацияның кеңістігі мен уақытын ұйымдастыру үлкен роль атқарады. Бетпе-бет сөйлесушілер өз мақсатына тез жетеді, ал адамның артынан бақырып - шақыру нәтижесіз болады.

Адамның адамға белгілі арақашықтықта, кеңістікте жақындай алады:

0-45 см. - жақындық арақашықтық (ғашықтар, достар, туыстар);

45-120 см. - тұлғалық арақашықтық (әріптестер, таныстар);

120-400 см. - әлеуметтік арақашықтық (мұғалім мен оқушы, сатушы мен алушы);

400-750 см. - қоғамдық арақашықтық (көсемдер, лекторлар, тыңдаушылар);

Кеңістік пен уақыттың әр түрлі үйлесімі күтпеген жерде керемет психологиялық құбылыстарға жол ашады. Мыс., «аурухана палатасы», «вагон купесі» - тар кеңістікте бір уақытта тығыз байланысты болғандықтан, ешкімге айтпаған жан сырларын адамдар бір-біріне ақтарып салады. Сондықтан, бейсөз құралдар сөз коммуникациясына маңызды қосымша болып, тұлғааралық қарым-қатынасты байытады, сөз әсерін не күшейтіп, не әлсіретіп тұрады.

Қарым-қатынастың тағы бір психологиялық ерекшелігі-**айтушыны тиімді тыңдау техникасын меңгеру**. Адамдар бірін-бірі естіп тыңдап

тұрмайды, сондықтан тиімді және тиімсіз тыңдау деп бөлеміз.


**Тиімсіз тыңдау:**

- ✓ сөйлеушінің сөзін, сезімін дұрыс ұқпай;
- ✓ сөйлеушіде оны естімегендей түйсік туғызу;
- ✓ сөйлеушінің мәселесін өзіне ыңғайлап ауыстыру;
- ✓ сөйлеушінің сөзін күлкіге айналдыру, маңызсыз деп табу;
- ✓ талқыланған мәселенің дұрыс шешімін таба алмау;
- ✓ өзара түсініспеушілікті дамыту;
- ✓ өзара сезімділікті орнатпау.

**Тиімді тыңдау:** тыңдаушыдан тұрақты зейінді, қызығушылықты, өзгенің мәселесін толық қабылдауға дайындықты талап ететін күрделі эмоциялы-ерікті құбылыс. Тиімді тыңдаудың: **рефлексиялық және бейрефлексиялық** тыңдау түрлері бар. **Рефлексиялық тыңдау** - мәселені шешуге араласқан кезде пайланады, тыңдаушы кері байланысты сөз арқылы жеткізеді: ашық және жабық түрдегі сұрақтар қояды, сөйлемдерін, мәнін анықтау үшін қайталайды, қорытады, түйіндейді. **Бейрефлексиялық тыңдау** - белсенді қолдау арқылы сөйлеушіге жан дүниесін атқаруға мүмкіндік беру - басты ізгеу, бет және көз қимылдары, («иә», «е-ей», «а-а») сөздерін қолдау.

**Қарым-қатынастың перцепциялық топтары**

Адамдар бірін-бірі қабылдауы, түсінуі - перцепциялық жағы болып табылады. Адамды көргенде сыртқы түрін (дене және киім пішіні) және тәртібін (қимыл-қозғалысын) бірден бағалаймыз. Ол адамның ішкі қасиеттері туралы да тұжырым жасап, оған деген ішкі эмоциялық қатынасымыз (ұнамды ұнамсыз) орнайды:



Адамның сыртқы бейнесіне қарап, ішкі дүниесін «оқып» түсінгендей боламыз, оған байланысты өзіміздің сезімдеріміз арқылы көзқарасымызды, іс-әрекетімізді анықтаймыз: мысалы, кімге тапсырма беруге болады, кімге дауыс көтеруге болады т.с.с

Бір адам екінші адамды ұнатып, қабылдағанда қарым-қатынастың мынандай бейсөз тәсілдеріне көңіл аударамыз: мимикасы (бет, көз қимылдары), сезімдерін айқындайтын қол қимылы (жест), дене қимылы (поза), жүрісі, сыртқы бейнесі (киімі, шашы), дауысы мен сөзінің ерекшеліктері.

Қарым-қатынас барысында әрбір адам өзін-өзі, өзгелерді біледі, таниды, шындалады. Әрбір адам өзінің тіршілік және рухани қажеттігін өтеу үшін ешбір мәні жоқ нәрсеге қызықпайды; өзі үшін құнды, әрі қажетті нәрсеге ғана қызығады. Содан кейін білуге құмарлық, әуестік пайда болады. Қызығу адамды жананы білуге, әрекеттің жаңа әдістерін іздестіруге құмарландырады.



Қызығу бір іспен шұғылданғанда, әр түрлі әрекеттерде көрінеді. Әрбір адам өзінің жолын таңдауға даярланған кезде алдына ішкі сезіммен тұжырымдалған мақсат қою арқылы қызығушылығын арттырады. Кез-келген іс-әрекетке қызығушылық қалыптасу үшін, ең алдымен, ақыл-ойдан өткізу; содан кейін, еріктің және таңдау бостандығы қажет. «Көз корқақ, қол батыр» демекші кез-келген істі бастарда адам бойында ерік-жігер, ептілік, бейімділік қасиеттердің болуы өте маңызды. Кез-келген жаңа істі бастау айқын қауіптермен, қиындықтармен байланысты. Істі шындыққа айналдыратын ықылас пен ынта-жігер, үшқыр ой, табанды еңбек керек. Сонда ғана «жоқтан бар жасап» өміршең, белсенді боламыз, ақылмен терең ойлап үлкен табыстарға жетеміз. Сондықтан, әрбір кәсіпкердің бойында мына қасиеттер тән болуы керек:

- жігерлік, белсенділік, ептілік;
- ойлап табуға және шешім қабылдауға қабілеттілік;
- адамдармен тіл табыса білу;
- өз пікіріңді басқаларға жеткізе білу қабілеті;
- сезімталдық, болжау қабілеті;
- өзіңнің әлсіз және мықты жақтарыңды білу;
- бастаған істі аяғына дейін жеткізу.

Аталған қасиеттердің ішінде адамдармен тіл табысу және өз пікіріңді басқаларға жеткізе білу өте маңызды және барлық кәсіптік салаларда үлкен роль атқарады. Қарым-қатынас барысында өзгені білу және танудың мынандай механизмдері бар:

- индентификация
- эмпатия
- аттракция
- рефлексия

**Идентификация** - өзіңді өзгенің орнына қойып, оның ішкі дүниесін түсіну, өзгені тану, өзін өзгеге ұқсату. Өзгенің құндылықтары, мінез- құлықтары, әдеттері өз бойына сіңіріледі.

**Эмпатия** - эмоциялық түсіну, өзгенің ішкі жағдайын өз сезімдері арқылы қабылдап білу. Өзгенің ішінде не болып жатқанын, не сезіп тұрғанын, дүниені қалай бағалайтынын дұрыс елестетіп білу.

**Аттракция** - жылы сезім қалыптастыруға негізделген. Адамды жақсы түсінуге; достық не сүйіспеншілік сезімдеріне негізделген қарым-қатынас.

**Рефлексия** - өзін-өзі тану механизмі; өзге адам қалай қабылдайтынын, танып-білуін елестету.

### **Қарым-қатынастың интеракциялық жақтары**

Адамдар арасындағы, әсіресе әрекетті ұйымдастыруда - бір істі қолға алып, ортақ мақсатқа үмтылғанда қарым-қатынастың белсенді жағы - интеракциялық түрі қалыптасады. Қарым-қатынаста адамдар ортақтасады: ақпарат алмасып, түсініп қана қоймайды, олар іс-әрекетті

жоспарлайды, бір-бірімен әрекет, қимыл алмасады, өзара әрекеттік түрі мен нормаларын анықтайды. Кәсіпкерлер өзара әрекет жасағанда адамдар әртүрлі мотивтерді мақсат етеді:

- ✓ кооперация — жалпы ұтысты көбейту;
- ✓ индивидуализм - өз ұтысын көбейту;
- ✓ конкуренция - салыстырмалы ұтысты көбейту;
- ✓ альтруизм - өзгенің ұтысын көбейту;
- ✓ агрессия - өзгенің ұтысын азайту;
- ✓ тепе-теңдік ұтыстардың айырмашылықтарын азайту.

Мақсатына қарай тиімді және тиімсіз қарым-қатынастар қалыптасады. Адамдардың мақсаттары сәйкес келген жағдайда қарым-қатынас нәтижелі болмақ (кооперация). Ең күрделі, ұтымсыз мотивтер -индивидуализм мен агрессия, басқалардың қызығушылығы негізге алынбайды.

Кәсіпкерлік қарым-қатынасқа қатысушылардың бастапқы әлеуметтік мотивтеріне қарай олардың өзара әрекеттесу барысындағы бес негізгі стратегиясын белгілеуге болады.

- **қарсыласу** - өз ұтысын көбейту мотивіне сәйкес, адам тек өзінің мақсатына бағыттап, өзгенің мақсатын есепке алмайды;
- **қашу** - өзгенің ұтысын азайту мотиві, әрекеттен қашу, байланыстан бой тарту, өзгенің ұтысын азайту үшін өзінің де мақсатына жетпеу («саған да емес, маған да емес»);
- **жол беру** - өзгенің ұтысын көбейту мотиві, басқаның мақсатына жету үшін, өз мақсатын құрбандыққа салу;
- **компромисс** - ұтыстардың айырмашылықтарын азайту мотиві, шартты түрде теңдік үшін өз мақсаттарына толық жетпейді;
- **ынтымақтастық** - кооперация мен бәсекелестік мотивтері, басқалардың әлеуметтік қажеттіліктерін толыққанды өтеу.

Осы аталғандардың ішінде ынтымақтастық стратегиясы адамдардың көңіл-күйі мен өзара қатынастары жағынан ең нәтижелісі. Адамдардан психологиялық біліктілікті, жағымды психологиялық қарым-қатынас жағдайын, өзара түсінушілікті, басқа адамның ниеттеріне құрметті талап етеді.

3-ші Кесте

### **Қарым-қатынаста адамдардың өзара әрекеттік құрылымы қалыптасады:**

өзара әрекетті талдау категориясы	мінез-құлықтағы маңызды көріністер
жағымды эмоциялар саласы	ынтымақтастық келісімділік бойкүйезділіктен арылу
мәселені шешу саласы	ұсыныс – нұсқау пікірі, басқаларды бағыттау
мәселені қоя білу саласы	ақпарат беруді өтіну, пікірін білдіруді өтіну, нұсқау беруді өтіну

жағымсыз эмоциялар саласы	келіспеушілік қалыптастыру, қарсылықты көрсету	бойкүйездікті
---------------------------	---	---------------

Сондай-ақ, қарым-қатынас әрекеттік мақсаттарына байланысты әртүрлі болады, кейбір жағдайларда дау-дамай, жанжал, ерегесу де туындайды. Дау-дамай (конфликт) – адамдардың санасындағы, қатынастарындағы жағымсыз сезімдермен байланысты қарама-қарсы бағыттардың тоғысуы. Дау-дамайдың түрлері:

- **тұлғашілік**- адам өзімен-өзі келіспейді;
- **тұлғааралық** - екі адам арасында;
- **топаралық** - екі топ арасында;
- **тікелей дау-дамай** - бастық пен қызметкер арасында;
- **кездейсоқ** - әріптестер арасында.

Дау-дамай объективті және субъективті себептерге байланысты, қайшылық кезінде адамдардың көңіл-күйі, қал-ахуалы жағдайлары төмендеп жағымсыздық туады. Дау-дамайға қатысушылардың ішкі және сыртқы позициялары (себептері) болады.

**Ішкі позиция** - дау-дамайға қатысудың шынайы себебі: іс-әрекетке түрткі болған қызығушылықтар, құндылықтар, мотивтер.

**Сыртқы позиция** - ашық жарияланатын дау-дамайға қатысудың себебі.

Дау-дамай процесі - **инцидент**, яғни, өзара әрекетке қатысушылар өздерінің қызығушылықтары мен мақсаттары арасындағы объективті қайшылықты түсінген сәт. Инциденттің ашық және жасырын түрлері болады.

**Жасырын инцидент** - қарым-қатынастары мен қимылдарында көрініс таппайды, бірақ ішкі күйзелістер, жаман әсерлер болады. Ашық инцидент - өзара ерегесі, жанжалы.

Дау-дамайдың қай-қайсысын болмасын адамдар жағымсыз сезімдерден тезірек құтылудың амалын іздейді. Бірақ, дау-дамайдың жағымсыз жақтарымен қатар жағымды жақтары да бар. Дау-дамайдың жағымды қызметтері:

- ✓ жеке тұлғаның, топтың, тұлғааралық қатынастардың, өзара әрекеттердің жаңа түріне өтудің, дамудың қайнар көзі;
- ✓ топтағы жағымсыз факторлардан құтылу, тұлға мен топты тоқыраудан сақтандыру, дамыту;
- ✓ адамдардың өзара түсінушілігін, денсаулығын арттыру.

Дегенмен, дау-дамайды дұрыс шешкеннен көрі, оның алдын алу, болдырмау шараларын пайдалану өте тиімді. Кейбір адамдар табиғатынан дау-дамайға жақын болады: ішкі дүниесі қайшылықтарға басым, жүрген жерінде ұрыс, ерегес, жанжал. Ондай адамға тән қасиеттер:

- билікке таласу;
- екіжүзділік;
- үстемдікке ұмтылу;
- өз туралы жоғары не төмен баға;
- бірқалыпты ойлау;
- бірбеткейлік, асып кеткен шыншылдық;

- жағымсыз сілтемелер жиынтығы (үрей, ашу, ыза, қорқыныш).

Қорыта келе, «сөйлеу», «тіл», «қарым-қатынас», ұғымдарының мән-мағынасы жақын болғанымен, ғылыми тұрғыдан бір-бірінен ажыратылады. Қарым-қатынас адам іс-әрекетінің ауқымды саласы, ол өмір сүрудің, тыныс-тіршіліктің негізгі арқауы. Сөз бен сөйлеуге қарағанда, оның аясы кең, ауқымды. Адам тек сөйлеу арқылы ғана қарым-қатынас жасамайды. Ол айналасындағылармен түрлі ым-ишара, белгі таңба арқылы да бір-біріне ақпарат бере алады. Тіпті, қас қағу, иық пен иекті қозғау, бас шайқау т.б. - осы сияқты толып жатқан атрибуттар да қарым-қатынастық қызмет атқарады. Халықымыз «ымға түсінбеген дымға да түсінбес» - деп тауып айтқан. Күлу мен жылаудың да қарым-қатынастық қызмет атқаратыны мәлім. Сөйлеу - қарым-қатынастың негізгі түрі, бірнеше нұсқалары бар. Мысалы, қызмет бабындағы сөйлесу рәсімі бір түрлі болса, отбасындағы, құрбы-құрдастардағы түрі басқаша. Сөз арқылы пікірлесу тікелей, жанама, әзіл-қалжың эмоциялы түрінде көрінеді. Тілдің көмегімен, тіл арқылы қоғамдық таным адамның ойлауын қалыптастырып, санасының құрылымын анықтайды. Сөйлеу қарым-қатынас жасау қажеттілігінен туады. Ол тыңдаушыға бағытталады және қарым-қатынас жасау үшін қызмет етеді. Сөйлеу ырғағына қарай адамның темпераментін, эмоциялық ерекшеліктерін, ал сөз мазмұнынан рухани дүниесін, тілектері мен мүдделерін білуге болады.

«Ақыл көркі тіл, тіл көркі сөз» - демекші терең ойлы, ақылды сөздермен өз ойыңды орынды жеткізе білу кәсіптік қарым-қатынаста ауадай қажет. Ой анық болғанда ғана сөз өзі сұранып тұрады. Сөйлеу ақыл-ой мен мидың қызметімен байланысты. Кәсіпкерлік саласында тіл табысу, өз сөзіңді - ойыңды жеткізе білу ұшқыр ойды, білімділікті талап етеді. Бастаған істе табысты, табыс көзін болжайтын, шығынсыз алға басу, озық болу бүгінгі өмір талабы. «Заманына қарай маманы» - демекші, кез-келген салалардағы маман шапшаң, белсенді, қарым-қатынасқа еркін түсетін іскер, әрекетшіл болуы қажет.

### Сұрақтар

1. Қарым-қатынастың адам өміріндегі маңызы?
2. Қарым-қатынас дегеніміз не?
3. Қарым-қатынас пен ортаның байланыстығы?
4. Тілдік қарым-қатынастың атқаратын функциялары?
5. Қарым-қатынастың мақсатына қарай неше түрі бар?
6. Қарым-қатынастың қай түрі кең таралған?
7. Адамдар арасындағы қарым-қатынастың қандай жақтары бар?
8. Коммуникациялық жақтары дегеніміз не?
9. Коммуникатор мен реципиент ұғымдарын түсіндір?
10. Кері байланыстың тікелей және жанама түрлерін салыстыр?
11. Коммуникациялық кедергілердің туындау себептері?
12. Қатынас кедергілері дегеніміз не?
13. Қарым-қатынастың сөздік және бейсөздік деңгейлері?
14. Бейсөздік қарым-қатынас құралдары?

15. Коммуникаторды тиімді тыңдау техникасы?
16. Тиімсіз тыңдауға не жатады?
17. Рефлексиялық тыңдау мен бейрефлексиялық тыңдаудың айырмашылығы?
18. Қарым-қатынастың перцепциялық жағы дегеніміз не?
19. Ұнамды және ұнамсыз қатынастардың себептері?
20. Бейсөз тәсілдеріне не жатады?
21. Қызығу мен қарым-қатынас арасындағы байланыстылық?
22. Кәсіпкерлікке қажетті қасиеттерді ата?
23. Өзгені білу мен танудың механизмдері?
24. Қарым-қатынастың интеракциялық жақтарына не жатады?
25. Кәсіпкерлердің әрекет барысындағы мотивтерді мақсат етуі?
26. Кәсіпкерлік қарым-қатынастың стратегиялары?
27. Кәсіпкерлік қарым-қатынастың ең нәтижелісін сипатта?
28. Дау-дамайдың туындау себептері?
29. Кәсіптік дау-дамайдың түрлері?
30. Кәсіптік дау-дамайға қатысушылардың позициялары?
31. Дау-дамайдағы инцидент және түрлері?
32. Кәсіптік дау-дамайды болдырмау жолдары?
33. Сөз бен сөйлеу және тілдік қатынас ұғымдарын сипатта.
34. Сөйлеу қарым-қатынас түрінің нұсқаларын ата?
35. Ойлау мен сөйлеудің бірлестігі дегеніміз не?

### **Қосымшалар**

#### **I. « Педагогикалық жағдайлар» әдістемелері**

Бұл әдістемеді студенттің мамандық қабілетін дамытып, берілген педагогикалық жағдайларда қандай шешім таба алатынын көрсетеді.

Зерттеудің басында зерттеуші берілген жағдайлармен таныстырылады:

- Сіздің алдыңызда – педагогикалық қиын жағдайлар. Әр қайсысымен танысқан соң, сіздің ойыңызша және педагогикалық көзқараспен дұрысын тандап алыңыз, ал келіспесеңіз астына өз ойыңызды жазуыңызға болады.

#### **1-педагогикалық жағдай.**

Сіз сабақ жүргізуге кірістіңіз, барлық оқушылар тынышталды, аудиторияда тыныштық орнады. Кенеттен біреу қатты күлді Сіз ештеңе айтпастан таң қалып, сұраулы, сол оқушыға қарадыңыз. Ол сіздің көзіңізге тура қарап былай деді: «Сіздің сабақ жүргізуіңізге және сізге қарап күле бергім келеді». Бұған сіз қандай жауап қайтарасыз?

- Мәссәған!
- Саған не күлкілі?
- Құдай үшін келе Бер?
- Сен не жындысыңба?
- Көңілді адамдарды жақсы көремін
- Мен саған күлкілі күй тудыратындығыңа қуаныштымын.

## **2 –педагогикалық жағдай.**

Сабақтың басталуында немесе сабақтың соңында, сіз бірнеше сабақ жүргізген соң, сабаққа қатысушылар сізге «Мен сізді педагогтер сияқты бір бір ғаламатты үйрете аларсыз деп ойламаймын» - деді. Сіздің реакцияңыз:

- Сенің жұмысың оқу, мұғалімдерді оқыту емес;
- Сен сияқтыларды, әрине, мен еш нәрсеге үйрете алмаймын;
- Мүмкін саған басқа класқа ауысып немесе басқа мұғалімнен оқу керек?
- Сенің оқығың келмейді;
- Сен неге олай ойлайтыныңды маған білу қызықты
- Екеуміз сөйлесейік, менің ынтамда бір дерт бар шығар, сені осыншама о ойлайтындай.

## **3 –педагогикалық жағдай.**

Оқытушы оқушыға тапсырманы орындауға береді, ал ол болса орындағысы келмей былай дейді: - «Мен бұны орындағым келмейді». Сіздің реакцияңыз:

- Орындағың келмесе – мәжбүрлеп орындатамын.
- Не үшін сен оқуға келдің?
- Оқымасаң өзіңе жаман. Сенің бұл ісің – «бетіне ерегесіп», мұрынын кескен адамға ұқсайды.
- Сен өзіңе есеп бере аласың ба, сен үшін ұл қалай болатының білесің бе?
- Неге, осыны түсіндіре аласың ба?
- Кел отырып талқылайық, мүмкін сен дұрыс айтарсың.

## **4 –педагогикалық жағдай.**

Оқушы өзінің оқу үлгеріміне көңілі қалып, сабақты ойдағыдай ұғып және материалды игере алу мүмкіншілігіне сенбей, оқытушысына былай дейді:

- Қалай ойлайсыз, мен сабақты беске оқып және басқа оқушылардан қалмауым мүмкін бе? Оқытушы бұған қалай жауап беруі керек:
- Егерде шынымды айтсам – күдіктенемін.
- Әрине, мүмкін!
- Сенің қабілеттерің өте тамаша. Мен сенен үлкен үміт күтемін.
- Неге сен өзіңе сенбейсің?
- Кел сөйлесіп, проблеманы шешелік.
- Барлығы екеуміздің жұмыс істеуімізге байланысты.

## **5–педагогикалық жағдай.**

Оқушы, оқытушының сыныпқа кіргенін көріп, аздан соң: - «Әбден шаршап, шалдыққыңыз көрініп тұр», - дейді. Сіздің жауабыңыз:

- Менің ойымша, сенің маған мұндай ескертпе жасағаның мәдениеттілікке жатпайды.
- Иә, мен өзімді жағымсыз сезініп тұрмын.
- Мені ойламай, өзіңе қарап ал.
- Мен бүгін жаман ұйықтадым, менде жұмыс көп.
- Біздің сабағымызға ешқандай кедергі келтірмейді.
- Сен өте мұқиятты екенсің.

### **6 –педагогикалық жағдай.**

«Сіздің жүргізетін сабағыңыз маған көмектеспейді және бұл сабақты мен тастайын деп жүрмін» - дейді оқушы. Оқытушы:

- Бет албатты оқытушыға тиіспе.
- Мүмкін басқа мұғалім табу керек шығар.
- Неге сенде бұндай ой пайда болғанын білгім келеді.
- Сенің бұл мәселенді екеуіміз бірге қарастырайық.
- Мүмкін сенің бұл мәселенді басқаша шешу керек шығар.

### **7 –педагогикалық жағдай.**

Өзіне-өзі артық сенімділік білдіріп оқушы мұғалімге «Мен істеймін десем, істей алмайтын жұмысым жоқ, сіз жүргізетін сабақты маған ұғу, меңгеру оңай» - дейді. Сіздің жауабыңыз:

- Сен, тым өзің туралы жақсы ойлайсың.
- Сенің мүмкіндігіңе сенбеймін.
- Егерде сен істеймін десең, қолыңнан келетіндігін білемін.
- Артық сенімділік жұмысыңа кедергі келтіреді.

### **8 –педагогикалық жағдай.**

Мұғалімнің ескертпесіне оқушы: «Оқылатын пәнді ұғу үшін, оған көп жұмыс істеудің керектігі жоқ; мені қабілетті адам деп есептейді» – дейді. Сіздің жауабыңыз:

- Бұл ойға сен сәйкес келуің екі талай.
- Көптеген адамдар өздерін қабілеттімін деп санайды, ал істе керісінше болады.
- Өзіңді жоғары санағаның мені қуантады.
- Ол сенің оқуға зейін қоюыңды талап етеді.
- Дегенмен, өзіңнің қабілетіңе өзің толық сенбейтіндей естіледі.

### **9 –педагогикалық жағдай.**

Оқушы мұғалімге «Мен тағыда дәптерімді әкелуді ұмытып кетіппін», - дейді. Мұғалім қалай жауап беруі керек:

- Міне, тағыда қайтalandы.
- Сенің бұл айтқаның жауапсыздық сияқты емес пе?
- Неліктен екенін білгім келеді.
- Шындығында да мүмкін сенде себеп болған шығар.
- Қалай ойлайсың, мен неге күнде сен сияқты қайталамаймын.

### **10 –педагогикалық жағдай.**

Оқушы мұғаліммен сөйлсіп отырып былай дейді. «Басқа оқушыларға қарағанда сіз маған жақсы қарым-қатынаста болсаңыз деймін». Сіздің жауабыңыз:

- Неге мен саған жақсы қатынаста болуым керек, басқаларға қарағанда.
- Маған сен сияқты айтатын адамдар ұнамайды.

- Басқа оқушылардан мен сені неліктен бөлуім керек?
- Егерде мен саған «Сені басқа оқушыларға қарағанда ерекше жақсы көремін» десем, сен өзінді жақсы сезінер ме едің?
- Сенің ойыңша саған менің қатынасым қандай?

### **11 –педагогикалық жағдай.**

Оқушы мұғалімге сабақ беретін пәнін жақсы үлгеру мүмкіншілігі жөнінде өзінің ренішін білдіріп «Мен сізге, не мазаландыратынын айттым, енді мен ары қарай не істеймін?» Мұғалім оған қандай жауап айтуы керек:

- Меніңше, өзіңе-өзің сенбейтін сенімсіздігін бар.
- Қобалжуға ешқандай негіз жоқ.
- Кел екеуміз жұмыс істеп, біраз уақыттан кейін бұл мәселеге қайта ораламыз.
- Менің ойымша бұл мәселені біз шеше аламыз.
- Мен саған нақ жауап бере алмаймын, ойлануым керек.
- Қобалжыма, уақытыңда менде де еш нәрсе шықпайды.

### **12 –педагогикалық жағдай.**

Оқушы өзінің сыныбындағы достарымен жаман қарым-қатынаста болғандықтан мұғалімге - «Мен онымен бірге жұмыс істегім келмейді дейді». Сіздің жауабыңыз:

- Жарайды, солай-ақ болсын.
- Еш қайда кетпейсің, бәрібір бірге істейсің.
- Осыдан кейін ол да, сенімен жұмыс істегісі келмейді ғой.
- Неге???
- Менің ойымша сенікі дұрыс емес.

### **Қорытындылау және бағалау:**

Зерттеушінің әрбір көрсеткен жауабы ұпаймен есептелінеді.

Еркін зерттеуші орта бағадан 4,5 жоғары алса, оның педагогикалық қабілеті жоғары дамыған деп есептеледі.

Егер орташа бағасы 3,5 пен 4,5 ұпай аралығында болса, педагогикалық қабілеті орташа дамыған.

Ал 3,4 ұпайдан орта бағасы төмен болса, онда педагогикалық қабілеті нашар дамыған.

## **II. Кәсіптік қарым-қатынастың психологиялық негіздерін қалыптастыруға арналған тренингтер үлгісі**

### **Кәсіпкерлік туралы мәлімет “БББ”**

<b>Білмеймін</b>	<b>Білгім келеді</b>	<b>Білдім</b>
------------------	----------------------	---------------



--	--	--

Соңында: “Қойылған сұрақтардың барлығына жауап таптың ба?”.  
Жауаптар талданады, бағаланады.

**2. Ой сергіту:** Әр адамның өмірлік бағыты. Қатысушыларға төртбұрыш, үшбұрыш, дөңгелекті – қалауы бойынша ретпен сызуды ұсынады:



- оқу, еңбек- іс әрекет



- жанұя жауапкершілігі



- махаббат, сезімдік

**3. Белсендіру:** Бір мезгілде екі қолға бірдей бір-бірден қалам алып екі шетпен: (→.....←)

- ◆ Дөңгелек сызу;
- ◆ Квадрат сызу;
- ◆ Үшбұрыш сызу;
- ◆ Атын жазу;
- ◆ Цифрлар жазу – бірден тоғызға дейін;

**Соңынан талдау: цифрлардың дұрыс жазылғандарына қарай:**

- ◆ өзімшіл (эгоист).
- ◆ іскер адам.
- ◆ іргелі іс атқарушы.
- ◆ көп мәселені өздері тудырып, өздері шешеді.
- ◆ ақылды – умные.
- ◆ өз жынысының нағыз өкілі.
- ◆ үйлесімді – гармоничные.
- ◆ қауіпті адам.
- ◆ сенуге болады.

**4. Ой мен бой сергіту:**

Қазақ халықының ең сүйікті тағамы – ет. Әркімнің сүйікті сүбелесі бар. Атаңыздар. Дауыстап айтып, аталған дене мүшелелерін көрсету.

**5. «Мен кәсіпкермін»**

Қаттысушыларға: «өздеріңді қазіргі заман талабына сай кәсіпкермін деп елестетіңіздер». 1-2 минуттан кейін мынадай сұрақтар қойылады:

- кәсіпкерліктің қай саласымен айналысасыз?
- айлық кіріс пен шығыс қалай, болашақ жоспарыңыз және т.б.?

Содан кейін, 5 жыл өткеннен кейінгі кәсіпкерлігіңізді елестетіп, айтып беріңіз. Соңынан талдау жасау.

**6. «Ишрат ету, жылы сөз сөйлеу».** (сенімділік мәселелесі) Қатысушылар жұптасып қарсы отырады. Жүргізуші: «бір-біріңізге қарама – қарсы отырып, сенімді оятатын жылы сөз айтыңыздар».

**7. «.....шын айтсам».** Қатысушылар бір-бірінің тек жақсы жақтарын (басқаларда жоқ қасиеттерін) айтып, бір-бірінің сенімділігін арттырады.

**8. «Белгісіз арал немесе жер сілкінісі».** (адамгершілік қасиеттердің сипаты). Қатысушыларға: «Сіздер өздеріңізді белгісіз аралда немесе жер сілкінісіне тап болдым деп елестетіңіздер. Не істер едіңіз» – дейді. Соңынан талдау.

**9. Қарым – қатынастың вербальсыз түрі** (бір-біріне қарама-қарсы отырып, ішкі сезімдерін білдіру). Көзқарас, бет - әлбет, іс-қимыл арқылы әртүрлі сезімдерді жеткізу.

**10. Есімдер атына эпитеттер жазу.** Бір-бірінің есімдерін дәріптеп, жағымды эпитеттер жазу.

## 11. Өзім туралы баға

Мен кімін?	Жанұям үшін мен кімін?	Достарым үшін мен кімін?

Әркім сызбаны толтырып, соңынан талдау жүргізу.

## 12. Жетістік мотивациясы мен сәтсіздіктен «қорқу» тестісі.

(А.Реан сауалнамасы) (бастапқы және қорытынды тестілеу)

Жетістік мотивациясы нарықтық қоғамда ең маңызды құндылық бағыт-бағдарлардың бірі болып табылады. Тестілік өлшемдер жетістіктегі мотивацияның динамикасын көруге, қысылып қымтырылудан және батылсыздықтан арылуға мүмкіндіктер береді.

Нұсқау:

«Сіздің алдыңызда 20 құптама жатыр, егер Сіз осы құптамалармен келіссеңіз «иә», ал келіспесеңіз «жоқ» деген белгіні қойыңыз.

Сұраққа тез жауап беру керек, өйткені ең бірінші жауабыңыз дұрыс болады».

### Сауалнама мәтіні

Құптама	Жауап «иә» немесе «жоқ»
1. Әдетте жұмысқа кірісерде сәттілікке сенемін	
2. Іс-әрекетке белсендімін.	
3. Бастама көрсетуге икемдімін.	
4. Жауапкершілікті қажет ететін жұмыстардан бойымды аулақ салуға тырысамын.	
5. Көбінесе ең жеңіл, ең қиын тапсырма тандап аламын.	
6. Қиындықтар туған кезде табандылық танытып? Олармен күресуге тырысамын.	
7. Жетістік пен сәтсіздік алмасып келген жағдайда, жетістіктермен асыра бағалаймын.	
8. Қызметтің жемістілігі сыртқы бақылауға емес, менің табандылығымға байланысты.	
9. Қиын тапсырманы асығыс орындағанда жұмыс сапасы төмендейді.	
10. Өз мақсатыма жету үшін табандылық көрсетемін.	
11. Болашағымды өзім жоспарлаймын.	
12. Егер сырттан тәуекел еткенде ақылмен істеуге тырысамын.	

13. Егер сырттан бақылау болмаса, мақсатыма жету үшін табандылық танытпаймын.	
14. Орындауға оңай болатындай мақсат қойғанды қалаймын.	
15. Тапсырманы сәтсіз орындағанда, қызығушылығым басылып қалады.	
16. жетістік пен сәтсіздік алмасып келген жағдайда, өзімнің сәтсіздігімді асыра бағалаймын.	
17. Болашағымды жақын уақытқа ғана жоспарлаймын.	
18. Қиын болса да, асығыс істелген іс нәтижелі болады.	
19. Әдетте, істің сәтсіз аяқталғанына қарамастан алға қойған мақсатымнан бас тартпаймын.	
20. Тапсырма сәтсіз аяқталса, оған деген ынтазарлығым күшейе түседі.	

Саулнама түйіні:

«Иә» жауабы: 1, 2, 3, 6, 8, 10, 11, 12, 14, 16, 18, 19, 20.

«Жоқ» жауабы: 4, 5, 7, 9, 13, 15, 17.

### Нәтижелерді өңдеу және бағалау өлшемдері

Әрбір дұрыс жауапқа 1 ұпай қосылады. Ұпайдың жалпы саны жинақталады.

Егер жинақталған ұпай саны 1-ден 7-ге дейін болса, онда сәтсіздік мотивациясы диагностика жасалады. Сәтсіздік мотивациясы негативті мотивацияға жатады. Бұл жағдайда адамның белсенділігі кері кетушілікті, бетіне басып айтуды, сәтсіздікті болдырмаумен байланысты болады. Аталған мотивация негізінде негативті жағдайлардан қашқақтау сезімі басым болады. Себебі, адам бір істі бастамас бұрын, оның сәтсіз аяқталуынан қорыққандықтан табысқа жету жолдарын ойластырады.

Сәтсіздікке бейімделген адамадар үнемі тынышсызданып, өзіне сенімсіз болады. Жауапты тапсырмаларда бойын аулақ салады, ал өте жауапты тапсырма алғанда қатты үрейленеді. Бұндай кезед мазасыздық дәрежесі өте жоғары деңгейде болады. Бұның бәрі жұмысқа деген аса жауаптылықты туындатуына байланысты болады.

**Егер 14-20 ұпай** жинақталса жетістік мотивациясын көрсетеді. Жетістік мотивациясы позитивті мотивацияға жатады. Бұндай жағдайда іс бастаған адамдар табысқа жетуді көздейді. Жетістікке жету қажеттілігі мен үміті адам белсенділігінің негізі болып табылады. Бұндай адамдар өзіне сенімді, жауапты, бастамашыл, белсенді болып келеді. Олар алдына қойған мақсатқа жетуде үлкен табандылық көрсетумен ерекшеленеді.

**Егер 8-13 ұпай** жинақталса, олардың мотивациялық полюсы айқын емес.

**Егер 8-9 ұпай** мөлшерінде болса, белгілі бір сәтсіздік тенденциясы да бар деген сөз, ал егер 12-13 ұпай болса, онда жетістік деңгейі басым.

Көрсеткіштерді 8-13 ұпай аралығындағы қатысушыларға назар аударыңыздар. Олармен жетістік мотивациясы деңгейінің төмендігін немесе дамымағандығын талқылап анықтаңыздар.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абдуллина Г.К. Кәсіптік қарым-қатынастың психологиясы негізі //Таптым - таптым! Эврика! 2006, № 1,27-296.
2. Абрамова М. Практическая психология Екатеринбург: Деловая книга.
3. Авчарова Р. Практик-психолог в образовании. Москва. 2000.
4. Алферов А.Д. Опыт и проблемы повышения психологической компетентности учителя. //Вопросы психологии. 1988, № 4.
5. Бороздина Г.В. Психология делового общения.: Учебное пособие. - 2-е изд. - М: ИНФРА-М, 2001-295 с.
6. Бегалиева Н. Мектептегі психологиялық қызмет. //Қазақстан мектебі №7, 2000, 24-27 б.
7. Божович Е.Д. Психодидактические принципы подготовки школьных психологов. //Советская педагогика. 1991, № 8.
8. Бусыгина А.Л. Совершенствование педагогической компетентности преподавателей как фактор повышения эффективности учебного процесса ВТУЗа: Дисс.канд.пед.наук. СПб, 1994.
9. Бабушкин Г.Д. Коммуникативная компетентность в управленческой деятельности. //Экспериментально - прикладная психология. Омск, 1994, №1.
10. Өмірзақов Ш. Психодиагностикалық ақпараттың 2сері.//Ұлағат №5, 2003, 36-38 б.4.
11. Дубровина И.В. Психологическая служба в школе. //Сов.педагогика. 1986. №1.
12. Дубровина И.В. Предмет и задачи школьной психологической службы. //Вопросы психологии. 1988. № 5.
13. Дубровина И.В. Школьная психологическая служба: Вопросы теории и практики/ НИИ общей и педагог.психологии АПН СССР. Москва., 1991.
14. Демин В. Профессиональная компетентность специалиста: Понятия и виды. //Стандарты и мониторинг в образовании № 4, 2000, с. 2-10.
15. Жұмағұлова К. Білім берудегі компетенттілік тәсілі. //Қазақстан мектебі №4.2004. 14-176.
16. Қалымбетова Н. Мектеп психологының жұмыс істеу ережесі. //Ұлағат №2,2000, 21-24 б.
17. Кәрімбаева Ш., Қазақбаева Д. Білім берудегі компетенттік тәсіл.// Қазақстан мектебі №4, 2000, 15-186.
18. Мажитов Л. Студенттердің кәсіби ынтасын қалыптастыру. Алматы: Республикалық баспа кабинеті. 1994.
19. Лукьянова М. Психолого-педагогическая компетентность учителя. М. 2005.
20. Похоян В. Каким должен или каким может быть психолог работающий в системе образования. //Вопросы психолога, №6, 2002, с. 103-112.
21. Семаго М. Принципы деятельности психолога образования. //Школьный психолог - практик. №23, 2004, с. 10-13.
22. Христофоров В. Актуализация профессиональной деятельности психолога

- в школе. //Открытая школа. №5, 2003, с. 19-21.
23. Құдиярова А. Ортақтасу (қарым-қатынас психологиясы). Алматы: Дарын. 2002.
  24. Стефановская Т.А. Технология обучения педагогики в ВУЗе. Методическое пособие. 2-е изд. М.: Совершенство 2000. - 272 С.
  25. Мұхамеджанова Э. Білімді интеграциялау процесінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану. //Білім. № 4, 2005, 22 б.
  26. Таубаева Ш. Қазіргі жағдайдағы білім. //Білім. № 3, 2003, 13 б.
  27. Тайбұзаров С. Білім сапасының негізгі құрылымдары. //Білім. № 3, 2003, 13б.
  28. Түрікпенұлы Ж. Кәсіптік бағдар (оқу құрал), - Алматы, «Санат» 1995, 144б.
  29. Джарназян Л.Н. Структура и опыт деятельности школьной психологической службы. //Вопросы психологии. 1989, № 4.
  30. Коджаспирова Г.М. Культура профессионального самообразования педагога: Пособие /Под редакцией Ю.М.Забродина. М. 1994.
  31. Козиев В.М. Психологическая компетенция учителя в контексте взаимоотношений учителя и учащихся. //Профессиональные, потребности учителя в психолого-педагогических знаниях. М., 1989.
  32. Лобаданова Н.Н. Профессионально педагогическая компетентность преподавателей системы повышения квалификации и переподготовки специалистов. : Проблемы, поиски, опыт. СПб., 1992.
  33. Профессионализм педагога: Тез.докл.сообщ. международ.науч-техн.конф. Удм. Гос.ун-т. СПб., 1992. Ч. 1-2.
  34. Крылов А. Практикум по общей и прикладной психологии. Санкт-Петербург. 2000.
  35. Рогов Е. Настольная книга практического психолога. М.: Владос. 2000.
  36. Тутушкина Б.К. Практическая психология. М.: Дидактика плюс. 2005.
  37. Зимняя Г. Педагогическая психология. М.: Логос, 2008.
  38. Немов Р.С. Психология. Т.3. М.: Владос. 1998.

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз .....	3
- Болашақ маманның кәсіби компотенттелігін қалыптастырудың теориялық негізі.....	5
- Болашақ психолог мамандығының ұғымы.....	15
- Психологиялық және жағдайларды қалыптастыру .....	28
- Болашақ психологтарды даярлаудағы оқытудың инновациялық формалары мен әдістері.....	37
- Кәсіби бағдарды қалыптастырудың психологиялық ерекшеліктері.	48
- Кәсіптік қарым - қатынастың психологиялық негіздері.....	57
- Қосымшалар.....	67
- Әдебиеттер.....	75



Абдуллина Гультар Қабдышеитовна

*Учебное издание*

**Болашақ психологтың кәсіби құзырлығы**